



Копеев



# КӨПЕЕВ

## дастаны



ЗЕКЕБАЙ

СОЛТАНЬЛЯЙУЛЫ



## Мәшһүрге арналған мәнді дастан

Зекебай Солтанбайұлы.

Көпееев (Мәшһүр туралы III кітап). - Павлодар: «ЭКО» ФӨФ, 2005. - 226 б.

ISBN 9965-612-91-1

Үш жүзге аты мағлұм ұлы ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпееев туралы еңбегімнің жарыққа шығуына демеушілік жәрдем көрсеткен:

Суханбердин Абдуалиге;

Байжанова Дәмелі Қауи-қызына;

Күзеков Асхат Сәйipiұлына;

Арын Ерлан Мұқтарұлына;

Алтынбек Нұхұлына;

Мананбаев Женіс Исаұлына;

Ырысбек Жұмагелдіге;


Макрұлан (Жұматбек) және

Ақертіс Солтанбаевтарға

аса зор ризалығыммен шынайы алғыс айтамын!

Күрметпен автор.

ISBN 9965-612-91-1



Қазақ жазба әдебиетінде дидактикалық – ғұмырнамалық дастан жанры ерекше орын алады. Оның түп – тамыры әлем әдебиетінің асыл мұраларының ішінде ерекше орын алатын XI ғасырда жазылған Баласағұндық Жүсіптің «Құтты білік» (Құтадғу білік) шығармасы болар. Осы дәстүр күні кешеге дейін ұлы дағала өз жалғасын тауып келді, өзіне тән ішкі занзылықтарымен өмір сүрді. XIX ғасырдың Жүсіпбек Шайхисламұлы, Ақылбек ибн Сабал, Шәді төре, Тұрамғамбет Ізтілеуұлы сияқты аты белгілі кітапи ақындары дастан дәстүрінің соңғы ірі өкілдері еді. Шығыстық тарихи-ғакиялық дәстүрде қазактың жана дәуір әдебиетінің көшбасшысы, ой алдыбы Абай Құнанбайұлы да «Ескендір», «Әзім», «Мәсғұт» сияқты терең тағылымды дүниелер туғызғаны әмбеге аян. Өз заманының әулиесі атанған Мәшһүр Жүсіп бабамыз да дастан жырына ерекше ықыласты еді.

Қазіргі күні мұның бәрі ертегі болып қалды. Уақыт көші сынаптай жылжып, өткендеңі қасиет көрген рухани байлығымыздың көпшілігін шаң-тозаңмен көмкеріп таставды. Совет өкіметі қанды шенгелін қазак рухының камқоры болған ұлт зиялышарына, ақынжырыштарына, ғұлама ғалымдарына салды. Солармен бірге пәни тіршіліктен, халықтың жүрегінен терең мағыналы, құрделі шығыстық құндылықтарға негізделген ұлттық мұра, терең тәрбие құралы дастан жырлар да ұмыт болды. Адам қоғамын жалаң – жағдайлыққа, таптаурын қыздырма сөзге, жалған отаншылдыққа, одан қалды құлдыққа (тотолитарлық) үйретудің бір жолы дәстүрлі рухани мұрадан ажырату болып табылатыны күмәнсіз. Совет үкіметі жетпіс жылда осы тәсілмен Ленин мен Сталин атынан басқадан түк білмейтін дүбәра үрпақты өсіріп шығарды. Мен кейкейде экспедицияда жүріп, егде адамдардан әнгіме – шежіре сұраймын, сұраймын да қынжыламын, содан кейін өзені де пұшайман қылатыныма ренжимін. Қайдан білсін спар ескінің әнгімесін, бар естігені, үққаны социализмің әнгімесін, ұраны болса.

Осындай дүбәра ортада Зекебай сияқты ағаларымның қалай ғана асылдың сыйығында сакталғанына таң қаламын. Бұлар бір кезде қазақтың мандайында жарқыраған асыл берен азаматтарынан қалған тұяқ, кешегі жақсының артында қалған із, Мәшһұр сияқты ғұламаларымыздан қалған сарқыт емес пе?!

Зекебай ағайдың «Мәшһұр» дастанын оқып отырып, қазақ даналығының асыл көріністерін, ой маржандары мен таным ұлгілерін кездестіреміз. Мәшһұрдің өмірі мен тіршілігі дастан мазмұнының нақ ортасынан орын алған, кек аспанды құс жолы ортасынан аппақ қылып жарып өтсе, бұл да солай. Сонымен бірге Зекен Мәшһұр өмірін, Мәшһұр күресін мысалға алып, қазақ зиялы қауымының кекірегінде жүрген көптеген мәселелерді көтерді. Бұл біздін үрпақ үшін тіршілік эталоны, болашақ үшін еліктеуге тұратын жарқын ұлғі. Ел қайраткерлерінің тіршілігі елге қызмет істеуге арналады, олар тірі кезінде де баки дүниеге аттанғанда да өзінің ұлы өнегесін еліне шашудай шашып кетеді. Бұл адамзат баласының ілуде біреуіне ғана бұйыратын бак.

Зекен үлкен парасатпен Мәшһұр тіршілігінің соғы он жылдықтарын дастан тіліне салып сөйletіп отыр. Қайғысы мен мұны, қуанышы мен сүйінші көп XX ғасыр жаһанға жар салып келгенде одан адамзаттың ұлы перзенттері жақсылық аңсады. Евразияның ұлы құрлығы үлкен дағдарысқа түсіп, рухани тапшылыққа капитализмнің қарама-қайшылықтарына ұрынып, болашаққа түніліп жеткен жүзжылдық еді. Европа жан-жактан жаңа рухани таяныш іздеді, ол көне шығыс мәдениетінің ошағында қоламтанның ортасындағы шоқтай жылтырап жатыр еді. Шығыс ілімі тым күрделі еді, тарихтың заны адамзат болашағын басқа арнаға бұрды. Евразияның құрлығының дәл ортасында, Батыс пен Шығыс өркениеттері тоқайласатын шекара және дүбәра алқапта Шығыста ертеде ұмытылған, Батыс XIX ғасырда әуестенген әлеуметтік идеялар өріс алды. Ол социализм елесі еді.

Маган бір қария «біз бұл ғасырда бес ғасырдың азабын көрдік» деп еді. «Мәшһұр» дастанының үшінші кітабы осы бір

ауыр жүзжылдыққа арналған. Зекен осы дастанда Мәшһұр бейнесі арқылы азапты жолдың алғашқы ширегін сипаттайды. Бұғінгі егемендік тірлігіміз, ел болып басымызды құрап жатқанымыз ертеде және күні кешеде өткен Мәшһұр сияқты әулиелердің шапағаты екенін сезінесін.

Зекеннің «Мәшһұр» дастаны Мәшһұр ұлгісінде жазылған күнды дүние. Зиялы қарияларымыз осы төл дәстүрді сактап қалғанына сүйсінесін. Баян жерінің қасиеті, Мәшһұрдің құдіреті шығар Зекенді осы жолға салған. Жалғыз Зекен емес Баяндағы аяулы ақсақалдар Алпекен, Көрікен, Егеубай ақын, Жұмат ағам, Төкен (Төлепберген). Бұлардың бәріде Мәшһұр жолын ұстаган кәдірлі ағаларымыз. Мен қазақстанның қаншама жерін аралап жүріп, кәзіргі күнде бір жерге топтасқан осындай ескі көздерді көрmedім. Мәшһұр сияқты үлкен дариядан қалған көздер осылар. Ел де, елдін басшылары да осы қариялардың айтқанына құлак қойып, асыл сезін жазып, жазғанын жарияладап, оқырманға паш етіп отырса дұрыс болар еді. Біз қанша жерден ғылыми атақ, мансапқа ие болғанмен осы ақсақалдардың жаңында көктемде су жиналған кактан аспаймыз. Бүкіл саналы өміріміз қалада, төл табиғаттан жырақта, өзге үлттың ортасында, кітап маңында өткен кәзіргі ғалыми-жашушылардың ой өрнегі де, сез салтасы да бөлек, қайнар көзі әр жақтан.

Қазақ білімнің, тәжірибелінің, дәстүрдің қайнар көзі-зиялы ағаларымыз. Сонысымен де Зекен қаламынан шықкан «Мәшһұр», «Жүсіп», «Көпееев» білген адамға қымбат қазына болып табылады.

Профессор, тарих ғылымының докторы Жамбыл Артықбаев



# Camfay



**Көпесев**  
**(Мәшіүр туралы III кітап)**

**Самғау**

«Күзғын да періште деп атана ма,  
самғауга шыныраудан бата ала ма?»  
Сағди. 209 бет

Аударған: М. Әлімбаев

СССР – таусылмайтын дастарқан нық,  
Әулекі Горбачевты басқарған қып,  
Түбіне Америка бірак жетті,  
Орнында қатерлі күш қалмастай тық.

Халықтың тас-талқан қып игілігін,  
Тонатып өзді - өзіне үйді күлін.  
Бензин жоқ, машина жоқ, жол қатыс жоқ,  
Қырсығы бұхарага тиді бүгін.

- Ақша қар жауып салған тобығынан,  
Өтеді машиналық толығынан.  
Жаяу тартып Алтыкен келе жатыр,  
Құдасы өліп, автобус жоғы бұдан...

Нақ қырық бес шакырым Жаңа – жолын,  
Боран соқса не болдын, қайнап сорың?  
Бір адамдай жиып ед жұн, теріні,  
Тұсау салды, байлады жоқтық қолын.

Жарты жолға келгенде қуып жеттік,  
Женгем еді жаныашыр, жасар шефтік.  
Ішім күйіп, күйзеліп аяп кеттім,  
Бұл не қылған қайсарлық, асыл тектік.

Жұбатып құдасына көніл айттық.  
Аялап жас баладай бірге қайттық.  
Нарық емес «Қарық» - тың алапаты  
Күя салған «Мықты» - ға өмір байлыш.

Ал, қояйық, айтыңыз адамыңды,  
Жазсын, жеңгей, сауаптан қадамыңды.  
Мынау осал аза емес, құданың ғой,  
Алып жаза берейін қаламымды.

Бұл Төкең – Сізге құда, бізге жиен.  
Бәлкім сізге жакындау карыс – сүйем.  
«Нашашымның нашарлау болғанына  
Намыстанам – деуші еді – жаман күйем!»

Айырып асыл сөзді қауызынан  
Алайық, опа бермес жауызынан.  
Естиік, Мәшекен не істегенін  
Кәрібаев Жұқаштың аузынан.

- Өткен күн Шәрапидің Төлеубайы  
Жаңа – жол совхозы еді тұрақ жаны.  
Жиылып жаназага жарты аудан  
Берілді ас – садақа: ет пен шәйі.

- Үлкен ем Төлеубайдан мен екі жас,  
Тұрағым, қазіргі күн, мына Екібас.  
Балалық, жігіттік күн өтті бірге  
Тұрған ба қайран ғұмыр – ең қыыспас?

Бабамыз бабасымен тамыр еді.  
Мәшіурден құдай жолын таныр еді.  
Кәрібай әкем соғып кайрап берген  
«Ақ жалау» ұстарасын жаныр еді.



Жұқаш Кәрібаев  
(1915 ж. туған)

Туыстай сыйластыққа тұрақты олар,  
Жарылса жер жарығын құрап болар,  
Жағасын ел – жүрткының жыртқызыбаган  
Саналы ой саулап ағып бұлақтанар.

Құлақта қалған сөз ғой үлкендерден.  
Мәшірап бабам жасап үлкен диірмен.  
Басында Құмды қөлдің бидай тартып,  
Халқына ақ сенкені үйіп берген.

Мәшірап жел диірмен жасапты деп,  
Куанып Мәшіүр Жүсіп көріпті кеп.  
Сұрасып аман – саулық білгеннен соң,  
Сөздерін шаруа мұны бөліпті тек.

«-Не керек ел ішіне жел диірмен?!

Деп кейбір көре алмаған көп күйінген.  
«Улгісін орыстардың тараттың»-деп,  
Шығарған қанку - өсек бір бүйірден.

- Адамзат күн көрмей ме ғамалменен,  
Тамаша, орнатыпсың амалменен.  
Айналып диірмennenің қалақтары  
Тұрады қөлден соқкан самалменен.

Бұл іске көп адамдар мандамайды,  
Пайда менен зиянды андамайды.  
Былшылдан соға берсін білмейтіндер,  
Өнер орыс, қазақ деп тандамайды.

Не нәрсе, біле - білсөң, көкейде үғым.  
Жаһаттасаң ойынды етер мығым.  
Істелген істің, әсте, жаманы жок,  
Игілігін халықтың өтейтүғын.

Жүргізіп диірменді көргенде кен:

-Қасында егін жайың, межең бекем.  
Қонып тұр бұл жұмысын қөніліме,  
Қайырлы құтты болсын ! - деген екен.

Сол бетпен сырылдатып Шақан келген,  
Әдейі арнап шақырып хабар берген.  
Атының басын ұстап қарсы алды,  
Ысқақтың Базарханы ед қасына ерген.

Келіні Бәйезит бай – Зәркеш қызы.  
Жан еді салауатты нәркес жүзі.  
Жабысып кай қайдағы желікпе ауру,  
Бұл жылдың ұнамады әр кез, күзі.

Мәшекен сәлем беріп кірді үйге,  
Келін аузы көпіріп жатқан күйде,  
Отыра қап оқыды жарты сағат  
-Жатсын, жауып тастандар! - деді, - тиме!

Әйел су боп ағылды, күйіп жанды.  
Бірақ көрді көз ашып аппақ танды.  
Ертеңіне бөгеліп тағы оқып,  
Шақаның құлағының құршы қанды.

-Қырық күн шарт қоямын, соны андайсын,  
Маңына әйеліңің жоламайсын.  
Әкең менен шешенді құтуші қып,  
Жетегіме бір бедеу жоралайсын.

Шартым сол-әйеліңнен тарайды шок,  
Құлмагамбет саурын соққандай боп.  
Бұл аурудан өлмейді, жазылады,  
Басқа аурудан өлсе егер, шаруам жок.

Оралып Мәшекенің етегіне

Ризалық бермей Шақан «Кетеміне»,  
Мінетін құлындартай «қаракөкті»,  
Байлады алып келіп жетегіне.

Қонсысы ед Бәзіл байдың Тасқара шал,  
Онда жоқ, болса дағы басқада мал.  
Тез шақыртып алды да былай деді:  
- Уа, пақыр, мына сөзге құлағың сал!

Аударған бірді бірге фәни жалған,  
Құдай берсе ырзығың шығады алдан.  
Байлар саған түгін де сипатпайды,  
Шешіп ал жетегімнен, апар! Малдан!

Берді де жүріп кетті өз жайына.  
Қарамай еш адамның ас – шәйіна.  
Базархан қайран қалып келе жатыр,  
Қылатын қылышына әрдайымда.

- Малданалмас... Молдаеке, кетті – ау күйс.  
- Мен бердім. Өзі білсін. Құдай ие.  
Көктемде құс салуға сатса өзіне,  
Құны оның-құлындастын екі бие.

Хабаршы, үйге келсе, отыр тосып,  
Хаты жоқ жіберілген оқыр қосып.  
- Дүниеден Әбіш хажы өтті – деп ед,  
- Лахаула-л-лахуат – деп, кетті шошып.

Қол жайып, бетті сипап етті тілек.  
Бір тұлға Айдаболда еді тірек.  
Ахыреттік сапарын жарылғасын,  
Жан еді ортадағы үлкен жүрек.

«Барам, - деді сөз байлап – күдай жазса!»  
(Жолдан келіп айттар ма ед, бұлай басқа?)  
Керторыны ұстатьп жекті дағы,  
Болмай қалды зауығы ішер асқа.

Қарамады уақытқа күн деп, түн деп.  
Көніл айтты, көрісіп жоқтап үндел.  
– Жаназасын, Мәшеке, өзің басқар –  
Деп бәйбіше арнайы артты міндет.

– Маган берсөң айта ғой, қанша мал бар?  
Келіспеймін егерде болсан алдар.  
Мұнда керек болған мал онда керек,  
Қажы қаңғып қалмасын оны да анғар!

Неше табын?.. Жете ме, кой мен жылқын.  
Соғып түр ма сиырға әлде құлқын?  
Құдай беред иманды, біз бермейміз  
Сатып алып көрейік келсе сұрқын.

Есі шыкты бәйбіше қысылғандай.  
Үйірімен жылқысын ұсынғандай.  
Айтып жатыр неше отар қойдың барын,  
«Өліміне бермес – деп – мұсылман қай?»

Қожа, молда, хазірет келді ишан.  
Садақа аңдып, дәметіп қисаң – қисаң,  
Жаназасын оқыды Мәшіүр өзі,  
«Кенелерміз» дегеннен болмай нышан.

Түсіп ысхат, фідия қыспағына,  
Байланбайды ту бие мұстағына.  
Шарифттан асырмай жол – жораны,  
Жүре берді құранын ұстады да.

Қыз – келін жылап жатыр жырлап жоқтау,  
Уатып шарифтпен айтты токтау.  
Мәшіүр қайтып кеткен соң ел ішінде,  
Естілді еміс – еміс шығып көп дау.

Хажының бәйбішесі қалып аң – таң:  
– Кеппеген дүниеге жансың аңқан.  
Айналдым, қасиетіңен – деді – Мәшіүр,  
Фамалын жын – сайтанның қылған талқан!

- Дуанда дуылдады үлкен сөз боп:  
«Бұлдірді Мәшіүр дінді өзі өз боп.  
Мұфтиге жазу керек айдап арыз  
Немене, басы – қасы көрген көз көп...

Мұфтиде ахун, халфе талқылады.  
Суын - сүт, уын - олар бал қылады.  
Келіспей бірі «жөн!» деп, бірі «хате!»  
Ұлы жүз Әбілдаға зар қылады.

Әбілда: «Мәшіүр ісін дұрыс» - дейді  
«Айламен дүние алу - бұрыс» - дейді.  
«Мұсылман орталығы арабта да,  
Аты жоқ, тарамаған бұл іс» - дейді.

Хабар кепті бір күні фәтуәлі,  
Дін басы адамдардан аты - Уәлі.  
«Мәшіүр сөзі хадиске сай келеді.  
Шарифтқа салғанда осы дәлі”.

Мәшіүр естіп қаламды алды қолға,  
Киял қысып қозғалды онды - солға.  
Қожа, молда, мәлтек бас ишандардың  
Андал қалған сөздерін соңғы жолда.

Исахран, Фабдұлла мен екі мағзұм  
Біліп түрған исламда дін нағызын.  
Жырыш ишан қабаттап көтермелеп  
Шайнап жүр баяғы айтқан жын сағызын.

Орта жүзде Мәшһүрдей молда шықты.  
Кіші жүз Әбайлда жорға шықты.  
Мәшһүрдікін қисық деп құғындаған  
Батпаққа бата – бата зорға шықты.

Ишан хазрет шығыпты осы тұста,  
Қанша аспандап үшқанмен қарға құс па?  
Қарғаның бұлбұлменен құны бір ме?  
Нанбасаң алып барып базарға ұста.

«Құдая бергеніңе мың бір шүкір,  
Қылып келем шүкірлік, пікір-зікір.  
Салып көр Түркістанның базарына  
Жүз ишанға тұрмасам бетке түкір».

Мәшһүрдің бар екенін есіне алсын.  
Андамаған аяғын кейін салсын.  
Жасымда қожа мені сұндеттеген,  
Жақтырмаса қалғанын кесіп алсын!»

Мәшһүр асын жана ішіп бола берді.  
Тағы да бір сүйт сөз хабар келді.  
«Дөңгелек көл» басында жаз жайлауда,  
Дүрліктірген іс бол түр қалың елді».

Көреді ғой адамзат жүрген тірі,  
Жан шошырлық оқиға үлкен – ірі  
Мас болып, қой қосылып, төбелесіп,  
Өлтірген екі қойшы бірін бірі.

«Дөңгелек көл» - әуелден Төлен жері,  
Таусылмайтын жылда жыр, өлеңдері.  
Сізге арнап жіберді ақылдасып,  
Қарақозы, Құнияз үлкендері.

Деді Мәшһүр тыңдатып Қокымбайды:  
Арақ ішіп, мұсылман шоқынбайды,  
Жуындырып, кебіндеп қоя берсін,  
Ондейларға жаназа оқылмайды.

Нақты оқиға егерде болса солай,  
Баруыма менің де келмейд қолай.  
Қожалардың ту тіккен тен ортасы,  
Не дейд олар «бермейтін топтан торай»?

Жасай берсін білгенін, жарамаса,  
Ас көрінсе құжынар кара маса.  
Жетер еді құдірет тиып мұнданай  
Келешекке із болып тарамаса.

Кірмей қойды құлаққа уағыз қашып,  
Жай отырып жау санап араздасып  
Қол көтерді – деп – Маншөк би – болысқа,  
Жатыр деген айтысып қағаздасып.

Шошып елдің қым – қуыт тірлігіне,  
Біреуінен бірі асқан ірлігіне,  
Қолын жайып қысқаша дұға қылды,  
Халықтың азбас – тозбас бірлігіне.

Бес күн үзбей отырып шықты құран,  
Сезімтал жан не деген, көнілі-қыран,  
Қажы мінген қара атты берді әкеліп,  
Құлан құйрық, серке сан нақты бұлан.

Реттеп көніл күйін ағыстағы.  
Жігітті ат әкелген нақ ұстады.  
Қасына отырғызыш хатым құран  
Хажының рухына бағыштады.

- Бұл ажал кетеді дүр сілкіндіріп,  
Сүм жалған етеді ғой құрсіндіріп.  
Ризамын сый – садақа аттарына,  
Алып қайт, балалары жүрсін мініп.

Күн артынан күн өтіп жатты зулап,  
Бірді біреу сөз қылыш бақты шулап.  
Тындағ берсөн басынды қанғыртады,  
Сілкіп салып өзінді қағып тұлақ.

Деп Мәшекен толқыды біразырақ.  
Дүниеден ой боліп жырағырақ.  
Келген кеткен кісіні елемеді,  
Тесіп тұрды қекейін мың бір сұрап.

Қалмағандай осы елдің еш қызығы.  
Біреуге ерте, біреуге кеш сызығы.  
Арак, үрлық, партия, пара мен қарт -  
Өсіп барад дүркіреп бес бұзығы.

Болмаған соң тиятын муфти қазы,  
Естітінің бір сүмдүк қысы – жазы.  
Би мен болыс сұліктей елді сорып,  
Ит женгениң талауда - істің азы.

Айқындалып сл сөзі ақыр таңда,  
Шакырылды сот – сияз Тақыртамда.  
Кожа – молда дүркіреп түгел барды,  
Бермейтін қара тының пақырларға.

Маншөк пен «Дөңгелек көл» жайын шешпек.  
Сот үкімі Маншокке бес жыл кеспек.  
Екі қойшы құнына көлді беріп,  
«Құндықөл» атануы керек деспек.

Kisi ғой бай Белгібай түбі текті:  
- Жала жауып отыр ғой қуып кекті.  
«Пәледен машайық та қашад» деген  
Берейік біржолата көлді - депті.

Базархан, бұл съезден бар хабарым.  
Келмейді қарғыс, күнә арқалағым.  
Мінекей сотқа қағаз жазып берем,  
Апарып бер, әзірше бар табарым.

Біреу күнін көреді жылай – жылай.  
Бірдің біреу тұнығын қылады ылай.  
Базарханға: «Тоса тұр біразырақ!»-  
- Деп, бір тарақ қағазға жазды былай:

“Аспан толған жұлдыздан  
Жарқырап тұрған ай артық.  
Қазанат туған жүйріктен,  
Жабайы туған тай артық.  
Әділетсіз ұлықтан,  
Қайырымы мол бай артық.  
Түйе сойған съезден,  
Токты сойған той артық...  
Ку қанжыға жүйріктен,  
Белі толық бесті артық.  
Ұл таппаған қатыннан,  
Лактаған ешкі артық.  
Салдама болған қайықтан,  
Берік байлаған сал артық.

Төресін дұрыс бермеген  
 Би, болыс, хожа – молдадан  
 Тілегі дұрыс шал артық.  
 Аттың несін мактайсын,  
 Алқалы топты жармаған.  
 Түйенің несін мактайсын,  
 Алыс жолға бармаған.  
 Қатынның несін мактайсын,  
 Қағып төсек салмаған.  
 Үлдыш несін мактайсын  
 Экенің тілін алмаған.  
 Қыздың несін мактайсын,  
 Аузы – басы сүйрәндең,  
 Өсекті сірә қоймаған.  
 Экімнің несін мактайсын,  
 Жауыздық арын арлаған.  
 Хожа – молданы несін мактайсын,  
 Өлі менен тірінің  
 Бәрін бірдей жалмаған.  
 Бұкараны согіп қайтейін,  
 Күндері өтті байқұстың,  
 Қапалықта зарлаган.

**Ахметов Жағыпар**  
жиган жазбадан

«Күзетші үшесу, болысын артында тұр –  
 Аңдыған күпиялап айтқан сырды,  
 Нахақтан бір біріне жала жауып  
 Дауласып үш сынырып аққан терді.  
 Жете алмай ақ, қараның анығына  
 Больис – би былш еткізіп басар мөрді».

Бұл хатым сот ағасы сіздер үшін.  
 Оқытып ел алдында, терен түсін.  
 Жарылғау да, қарғау да көлдарында,  
 Жайын айтқан жазықсыз ердін ісін.



I том 31 бет

«Мұны жазған қаламның үшін кесіп,  
 Кигізген қара сөзге киім пішіп,  
 Заты - Аргын, нәсілі - казак, ұраны - Алаш, I том 52 бет  
 Көпесев – фамилиясы, Мәшінүр Жүсіп».

Бұл хаттан соң сот айнып сөзден тайып,  
 Бұкпелеген пікірді елге жайып,  
 Абақтылық кесімді алып тастап,  
 Маншөкке бір ат – шапан салды айып.

- Былтыр барған Шорекен ауылына,  
 Фамал іздел заманың дауылына.  
 «Манафесі патшаның сөйленбейді.  
 Қатысы жоқ па қазақ қауымына»

Деп Сәкенге ой тастап, қозғау салып,  
 Ақылдақсан, сыр тартып сөзбен шалып.  
 Біздің халық не болад, айт жасырмай,  
 Тілі сақау, тас керен, көзден қалып.

Омбыда жаңа низам күшіне еніп,  
 Жатқанын естіп, біліп түсінбедік.  
 Махұрым біздің Баян бұл жайында  
 Атқарған не десе де ісін көніп.

Басталмак Мәкаржіде үлкен кеңес,  
 Шешімі патша азғамның бөтен емес.  
 Сайланбақ дін жөнінде депутаттар,  
 Біздің ел бұны әлі де білген емес.

Жалғаның жүргегінде қалды ма кек.  
 Андалап бас аяғынды, қалғыма тек.  
 «Жатқанға жан жоламас»- деген сөз бар,  
 Кім берер керегінді алдыңа әкеп.

- Мәшеке, бұл астарлы бір саясат.  
Алдарқатқан бір лақап күр жая сап  
Үстемділіктің тізгінін дінмен ұстау,  
Манағистің мәнісін тұр аяқтап.

Басты мақсат – халыққа алу жағып,  
Медресе, мешіттер салу бағыт.  
Ақпатшаның қазіргі саясаты -  
Ұлт фалымын бетке ұстау белгі тағып.

Сөз қысқарды әнгіме қылған әр кеш,  
Ел жағдайы, әр түрлі осы мәндес,  
Тай сойып, ас дайындал Мәшекене,  
Шақыруши үйінен келді Зәркеш.

Бармасам құзырына қалам астың,  
Дәреже, мансап, дәріп қаламаспын.  
Еңкейтіп байларды да қойған құдай,  
Танытып қасиетін қара бастың.

Деп ойлап дәмге келді тобын жазбай,  
Мамырлап қатар жұрген қоңыр қаздай,  
«Жоқтауын Мұса мырза» оқығанда,  
Егілді ел кейбіреуі жылай жаздай.

- Мәшеке, тілегінді берсін құдай,  
Сізге біз дей алмаймыз олай – бұлай,  
Иса, Сәтбай хажыны көзің көрді,  
Коясыз ба ауызға бір алғызбай.

Молда-еке, бұл опасыз дүние – бок,  
Алдайды екен адамды тамагы тоқ.  
Марқұмдар хажылықта жанын қиды.  
Садақадан басқа не, дәнeme жок.

- Байлар – ау, жиган малың жанның қасы,  
Садақа беріп жүрсін атан басы,  
Тыриқтап ішпей – жемей жиган мұлкің,  
Кем – кетік кедейлердің сыйбағасы.

Айтқаннан соң аманат болып ерік,  
Байлардың тілі - майда, дәті - берік.  
Арнап өлең жазармын хажыларға,  
Құдай онға бастаса сәтін беріп.

Бас болып Малатай бай сөзді біліп,  
- Менен бір ат мініңіз, - деді күліп.  
«Бір-бір ат дайын!» - десіп Сәкен, Зәркеш  
Білдірді қоңілдерін қалмай бүгіп.

- Жүргем жоқ, жылу жиып байлардан мен,  
Бір кунім дұрыс өткен айлармен тен.  
Іздегенім мырзаның шежіресі,  
Алмақ едім көшіріп жайларда кен.

- Шежірені Потанин кеткен алып,  
Қоярда қоймай жанды, қолқа салып,  
Ұятты болып тұрмыз енді сізге,  
Сенсеніз, құдай ақы күр кол қалып.

Әнгіме кілт үзілді осы жерде:  
Кеткендей іші толып шемен, шерге.  
Ас ішіп болған еді, бата жасап,  
Қарамай алды – артына қайтты елге.

Келеді олқы – толқы ой үстінде,  
Қалғандай ноқай мінез, нойыс күнге.  
Діттеген арманынан шыға алмайды,  
Бір бөгет, кайда жүрсе койыс мұлде.

«Зында  
Уызбаевтың  
айтуыша»

Кетпеген берекесі, жері құтты,  
Адамдары, ақылды, еліне – ұйытқы.  
Алансыз қып көнілін дауалатар,  
Тапқысы кеп тұрады «Жерүйықты»

Шаруыттап ұзак ой бергі – арғы,  
Қызыл тұлкі бұландац - дүние алғы  
Қара жолды қуырып кер торы ат  
Мәшіхүр үйге жеткенін білмей қалды.

Жолдан келсе сыпайы есен десед.  
Мәшіхүр беріп көрген жоқ әсте есеп.  
Рабиға таниды қабағынан,  
Сұрамайды тубейлеп оймен шешед.

- Қабағың келіспеді, неге сынық,  
Сөйте ме, келген кісі елге шығып?  
Ішиңіз шәйінізді, болды дайын,  
Алды ма әлде біреу тілін сұғып?

Жауап жоқ, қала берді бұл сөз жесір.  
Мінез бар ғой ойталап кетер кесір,  
Шәй үстінен ойда жоқ Мәнен келді,  
Мәшіхүр молда ал соған енді шешіл.

Аман – саулық сұрасып алды жайлап,  
Алдарына күп-күрен қою шәйді ап:  
- Ит ішпейтін осыны біз ішеміз,  
Тәленкеге құйып ап шайқап – шайқап.

Мәнен күліп еріксіз, қатты шегі:  
- Айтқан сөзің, Мәшеке, нақты, тегі.  
Бұлдыры жоқ ішінде, шәй ішетін  
Басы ауырып бара ма иттің – деді.

Ой туады өмірге көз салғасын,  
Ниет болса табады сөз жалғасын.  
Кезек сейлеп мәз болып көңілденіп,  
Мәнен келген ұмытты өз шаруасын.

- Жандар бар халқымызда нелер зерек,  
Мәшеке, бар ғой сізде талай, дерек.  
Ойлағанмен білмеймін, себебі не,  
Қалуымыз кейіндең елден ерек?

- От арба, от қайық жоқ орыстардай,  
Ілгері басқан елде - зор іс қандай!?  
Естіп, біліп көргенін жалғастырып  
Жатады, бір біріне болжақандай.

Аспанға байлап ұшып құс қанатын,  
Бар ма жан бізде соны ұстанатын?  
Тойып ішіп бырқырап жата беру –  
Дүниеден сауатсыз тыс қалатын.

Айырылды жер – судан, қоныстан бай,  
Жарап еді жүрсө егер борыштанбай.  
Партияға бөлініп, шарға түсіп,  
Үрбай – тырбай тартысқан болыс қалмай.

Ұясынан көргені сол қаракет,  
Бұл бір қырсық – ата - салт жолға әрекет.  
Данышпан боп бар балаң тусадағы  
«Көн құрысса қалпына» - ол бәлекет.

Баласын қай ата –ана дүрыс баулыйд?  
Екіде үлкеніміз - жүрген даулы «Ит»  
Пағамбар тұған күні құрметі үшін,  
Өзініз деп қойғансыз атын Мәулит.

Тірі жүрсө жолына ғылым-білім  
Салармын-ау, менгер деп қайтсе бірін.  
Қайталармын жаттаған дұғасындай,  
Келіп тұрса сейлеуге қызыл тілім.

Беспенен алтыдан бір аман асса,  
Ілгері ақылды боп қадам басса,  
Босатпай молда алдында ұстар ем деп,  
Бекініп мен де журмін құдай жазса.

– Алдымен Мәшіраптан өзің үйрен.  
Жүргізді Бутаковтар бу диірмен.  
Бұлакты буып-буып тоган жасап,  
Несі бар, Сен де жүргіз су диірмен.

Қарқылдал Мәнен күліп: – Ерен екен,  
Мәшеке-ау, ол қолымнан келе ме екен?  
– Ілгері баспайтындар солай дейді,  
Біреу әкеп бірдеме бере ме екен!

Сөз қылар жалқаулықтан ку ұзына,  
Бейнеттің түспеу үшін уысына.  
Қазақпаз иек артып қарататын,  
Қашнаган қашардың кеп уызына.

Кім айтады балаға түкті білмес,  
Молда оқытпайд дегенді құлакқа ілме.  
Сенің балаң ер жеткен кездерінде,  
Өзгереді бұл оку, тіпті, мұлле.

Иманғали ұнап түр маған бірақ,  
Неге болсын икемді, ынғайлырақ.  
Байқауымда ағып түр көл-көсір боп,  
Құйма құлақ, қоңылде тынбай бұлак.

– Бұйырсын онда соған тәрбиеніз.  
– Бір құдай, билеуші күш бар иеміз  
«Бар қашаған құтылмас» өмір болса,  
Көңілге Мәнен айткан деп түйеміз.

Ал, сөйле, немене еді бұйымтайың?  
Айтайын білгін келсе, менің жайым:  
Көшемін Өлеңтіге құдай жазса,  
Келіскең адамдар бар, үйім дайын.

Патшада бір керемет бостандық бар.  
Тұғызған елге жағдай ескеріп хал.  
Мұжықтар келетүғын таусылған ба,  
Көшіп келіп жатыр дейді эстондықтар.

Бар билік - земстрой қолында ерік,  
Көріпті біраз жерді теріп-теріп.  
Келісіп «Құндықөлді» алмақ бопты,  
Эстондар Құниязға құнын беріп.

Ақша алып үкіметтен жатайық жеп,  
Пайдага шашетектен батайық кеп.  
Дүрлікті кіші ауылдың жігіттері  
Сұрапты, «Қызылтасты» сатайық деп.

Алмақ қой тәуір жердін бөліп денін,  
Шет елге Қазанауыз беріп кенін,  
Жүргенін жұрт шуылдал біле ме деп,  
Әдейі өзінізге келіп едім.

Отырысyz Сіз де, міне, көшемін деп,  
Елге ақыл айтад қандай көсемің дәп.  
– Береке бірлігі жок, пәтуасыз  
Тыңдағым келмейді елдің өсегін көп.

Дүниеде ақылды - аз, ақылсызы - көн.  
Фалым шықпай озіннен тұрмайсын ток  
Жер – халықтың ырзығы, тіршілігі,  
Сатуга оны ешкімнің хақысы жок.

Ақыйесі олардың жатыр көрде,  
Сүйреп келген біздерді өрден өрге.  
Асынды ішіп текеметінді тілген,  
Шығардық дұшпандарды төрден торге.

Бұл елден шығып келед бірнеше тұр,  
От салып ағайынға пайда қып жүр.  
Қозыдай көгендетіп мамыттарды,  
Атына Баянаула келді ғой кір.

Өзгеріп бөтен жерге ауып тұрак,  
Болса да жүріс-тұрыс қауыптырақ,  
Көзге күйік қып күнде отырганиан  
Құлагым тыныш болсын біразырак.

- Нығыман хабарласпай көптен бері,  
Секілді келіп қалды көктем желі.  
Жасынан соңына еріп қошаметтең,  
Көз алдында құс салып төккен тері.

Кол алыш, құшақ жайып есендесті,  
Көріспін жүрмеген соң ерте-кешті.  
Сұрасып ел ішінің хал-жагдайын,  
Бірі айтыш, бірі жондең, бірі шеніті.

- Кезінде дүниені қалар андан,  
Шүйгідік құс салатын жерді таңдан.  
Өлеңті, Шілтертінің бойын өрлең,  
Кордік кой каршығамен қатар самған.

- О да бір қызық дәурен өтті кетті,  
Үйкүшік, қырма сакал күн де жетті.  
Тайлактай мұрнын тескен илдіріп,  
Біреудін қызына әкес пар қып жекті.

Жок енді лейтін бізге ал серігін,  
Табылмас жүрген бейпіл жап ерігін,  
Ақыры бірте – бірте ұмыт болар,  
Халықты таныркаткан сал – серілік,

Ақаниның кайдан келсін «Көк жеңдеті»  
Иесін қайғы керіп коп сенделтті.  
Күнилдік, күнделестікпен қаңға тарап,  
Жайып жатыр қастандық індет-дергіті.

- Мәшеке естідің бе, кереметті,  
Көршіммен Иосиф деген ере кенті.  
Дуаннан таңыс екен: «алыш барныы,  
Коршуның Нығыманның көрем» - дәнті.

Ағып тұр казақшаға судай екен,  
Перёттау, тілі аңы үдай екен.  
Байқасам казақтарды кейінірек,  
Жаралған сараңдықка сондай бекем. -

Деп көріп айналдырыды қаршығаны  
«Қайдан?», «Қалай үсталын?» бар сұрагы.  
Төпелен бас жок, коз жок сұрай беред,  
Кәсітен құсебегілік қашша үгады?

Балапан үстамақ бол айткан үдай,  
Атаман інісіне қанты үнай.  
Естіпті Фаббас корші бастан аяқ,  
Окига болған екен накты былай.

- Ақбет шың - Баянтаудың үшар басы,  
Жып – жылтыр көк алмасқа ұқсар тасы.  
Қыран құс ұя салып қиясына,  
Тоғысқан қайсар, қайрат, күш арнасы.

Ақ топшы, шұбар қеуде, қызыл балақ,  
Қос бүркіт биіктे отыр құзға қарап.  
Ербендең келе жатыр екі – үш жаяу,  
Қолында арқан, құрал, қару –жарап.

Андрей, Иосиф Иван, бала Мишка,  
Зер салып тау-тастағы аламышқа.  
Бүркіттің балапанын алмақ болып,  
Қарайды ұшып-қонған қарақұска.

Тіп-тік шың құнгей бетте жып-жылмағай,  
Арқаны жетер емес жіп жалғамай,  
Ұяға бала Мишка бармай қойды,  
Жер жок деп аяқ тірер жік, жадағай.

Биіктен арқанменен болды түспек,  
Жалғады белбеулерін үстеп-үстеп...  
Салбырап орта тұста тұрды Андрей,  
Арқанды отыр Мишка тартып күштеп.

...Лып беріп көтерілді екі бүркіт,  
Күрс еткен мылтықтан да кетпейді үркіп.  
Шығып ап шырқау биік көк аспанға,  
Түйіліп қалықтады қақпай кірпік.

Дәл көздең Иосиф Иван атты тағы,  
Сорғалап ана бүркіт акты дағы,  
Дәл тұсті Андрейге болат шенгел,  
Бар екен әлі -де болса нақты бағы,

Қан жауып басы-көзін кетті жуып,  
Арқанды шырғадайын тартты куып,  
Жан даусы үш жігіттің шыққан кезде,  
Жарқ берді қыран қайта келмей жуық.

Жалп етіп құлаң тұсті шың тасына,  
Түскенде қылмады аял сынбасына,  
Алдырымай балапаның қиды жаңын,  
Қоймады тосын ажал тынбасына.

Шолып ап ата бүркіт онды-солды,  
Тұрганда балапаны болмай қолды,  
Шығып ап зенгір көкке бірақ самғап.  
Ереймен шоңғалына барып қонды.

Жарты бет, жарты мұрын қатарынан,  
Жұлдынған көк түяқтың қаталынан,  
Зәйімкесі Егіндібұлактағы  
Біртанау Андрей - сол, аталынған.

- Орыстан өнер-ғылым құтылмаған.  
Дүние жок қолмен ұстап тұтынбаған.  
Жер шарын шықса дағы төрт айналып,  
Жаңылып ессінен ұтылмаған.

Сол үшін берген де Абай ықыласты,  
Оқуга ынтықтырып бүкіл жасты,  
Жасына Пайғамбардың жетпесе де,  
Ақшоқы, Шыңғыстаудан білім шашты,

Періште сипатты олар, қуған білім,  
Жібермей жақсылықтың зая бірін,  
Көрсетіп жатса, тұрса ізгі жолды,  
Кеудеге сақтамаған көңіл кірін.

• Кыранға болған екен обал – ак тым,  
Ісі ғой қара шекпен қобалақтың  
Қалпағы әтештейін қоқыраяр,  
Алдына түссе дағы домалап кім.

Тұнық жер басылмаған шалғайы көп,  
Аңызын ел аузынан жалғайын дөп.  
Сәт берсе, ескерткенім, Өлентіге  
Отырмын сол қырандай самғайын дөп.

Мәнен де, Нығыман да болды қарсы,  
“Арбаның бүрілмасын олай арысы”-  
Деседе тиянакты анықталды,  
Сенбіде жүретүғын көш барысы.

Дұға қып аруактарға оқып “иасин”,  
Жұмада айырлыспақ беріп асын.  
Бетке алып жаман, жақсы Бекенбайды  
Дәл бүрді Өлентіге көштің басын.

Асылрай жетті үшінші қоналқада,  
Жарыды үйымшыл ел, мол алқаға.  
“Елге ел қосылса-күт!”- деп куанып,  
Ерулік түсірмеді қолдан қолға.

Бұл елде инабатты мол дастарқан.  
Бар екен аксақалдар ел басқарған.  
Пір тұтып, ғылымына мұрит болып,  
Исабек Ишанға кеп қол тапсырған.

Сезімтал өншең серке жігіттері,  
Арбаның арысындай жіліктері.  
Шарифатқа, занға да, хадиске де  
Толық қантал жетіп түр біліктегі.

Кенжесі Күренбайдың Омархан сал  
Келеді жылқылары шабдар-аюқал.  
Түсірсе – ак омырауға кетед сүйреп,  
Мойнына асауының он арқан сал.

Қозғанмен катар жатыр Қанжығалы,  
Көп екен саятшылар қаршығалы.  
Салт болған тұзу мылтық, қыран бүркіт,  
Жаланған Әлекейдей аңшы бәрі.

Жолаба ар жағында қалың қыпшақ.  
Көрмеген қысы-жазы малы қыспак.  
Әкесі нар жігіттің осыларда,  
Жалмаган жауға тисе жалын құсан.

Жарасқан қыз-бозбала ибадатты,  
Дәстүрлі салтқа айналған сыйлау қатты.  
Қайталап қарыз берсе сұрамайтын,  
Зекетті байлары көп инауатты.

Мәшіүрді “күт келді” деп, куанды елі,  
Кенелді күміс қарға қуан белі.  
Соққанда шежірени тарих қосып,  
Жас тындалап, қарт таңырқап, куанды ері.

Алдынан жиылмады дастарқаны,  
Жігіттер сайыпқыран басқарғаны.  
Ас-судың берекесін беріп құдай,  
Болмады кем-кетік пен аш қалғаны.

- Қымызда екі бие елдің асы.  
Демей ме жалғыз бие жоқтың қасы.  
Құдайы қонақтайсыз биыл бізге,  
Сыйым бар бір ту бие – қонақасы.

Пәнданың билігі жоқ, күдайда ерік,  
Жұрген жан өз ырзығын жейді теріп.  
Омархан өз аузынан деп Мәшһүрге,  
Соғымын сойғыздырыды әкеп беріп.

Омархан немересі Әбіш ұлы-  
Текен тойған қозыдай көрсөң нұры.  
Советтік бар дәуірде аға сот болп,  
Болған жоқ қарсы келер күдай құлы.

Ризалық ғалымдардан алған бата,  
Айтпайды қате тілек үлкен ата.  
Май, Ақсу, Керекуде әділдікпен  
Шешілген қылмыскерлер қылған қате.

Мәшһүрдің шарапаты тиген көпке,  
Ақборан ақындықта түйдек, төкпе.  
Таусылмас айтар ойын тасқындағып,  
Бір ұшы жер, бір ұшын түйген көкке.

Хат – хабар жазуменен газет қарап,  
Үш жүзге аты – жөні жатты тарал.  
Қажетті кейбір діни мақаласын  
Тілінде жазып тұрды парсы, араб.

От жаққан ортасына үйі құлде,  
Фылым жоқ, түсінік жоқ, қын тілге.  
Кәсіпсіз харекетсіз, қамсыз жатқан,  
Ел – жүрттың жабырқатқан қүйі мұлде.

- Нұргали естіп жүрді Мәшһүр атын,  
Көріп ед ұстазына жазған хатын.  
Қиналған халқын аяп, баурына алып  
Үстіне жайғандай бол қаз қанатын.

Бітіріп медресесін Тройскі,  
Келген сон Ақмолаға бір ой түсті.  
Мәшһүрге мүріт болып қол тапсырып,  
Нұргали шекірт келді, күдай күшті...

Талапты жігіт екен білімі артық,  
Қазақша шарифатқа бәлкім тартық,  
Заңына татар, башқұрт тарта беред.  
Кей сөзі, айтар ойы мұлдем шартық.

Өткізді Мәшекенмен бес-алты айды,  
Шақырган жерде бірге ет пен шәйлі.  
Соғысы орыс-жапон аяқталып,  
Ресей жеңіліспен болған жайлы.

Аударды жанталасып ақыл-есті.  
Ел көрді солдаттықта талай кесті  
«Оқпенен атқыласа жапон бізді,  
Иконмен атқанымыз мақұл» - десті.

Ақпатша қалды біраз есендіреп,  
Жапонды жоймақ болған есер жүрек.  
Тез түсті сабасына тәубага кеп,  
Кеткен ед ішкі тәртіп тым әлсіреп.

Патшаны құптамады біратола,  
Баласын әскерге алған бір ата-ана.  
Шығысқа әуелден-ақ сенбейтұғын,  
Бірігіп кете ме деп бұратана.

Жіберді елді еркіне босаңсытып,  
Билікті жер-жердегі тосаңсытып.  
Түсті деп патшамыздың мархабаты,  
Кей біреу мәз бол жүрді дос аңсатып.

Күлақтан ұзынқұлақ берілістен,  
Кім жүрсін-өндірістік бизнеспен...  
Мәшһүрге ел жағдайы үйдегідей,  
Белгілі «Известия ведомістен»

Ашқызды екі ауылға сабакхана,  
- Молдалар, оқытпа деп сабап қана.  
Ұқсын, білсін, ойласын, үйрете біл,  
Табасын сонда ұстаздық сауап, баға.

Дін, есеп, тарих, тұрмыс, шаригатты,  
Оқыту керек пән кып табиғатты -  
Деп Мәшһүр бай жалдаған молдаларға,  
Білімнің шартын айтып шарықтатты.

Фылымға дүниесөуи бүрдү бетті.  
Фани, бақи бағытта екі текті.  
«Болса түстік өмірін, кештік мал жи!»  
Тек сонымен бұл жалған бұлды деңті.

Тәтпіштеп Сарыарқаның жер өмірін,  
Жанкешті ел тарихын, ер өлімін,  
Дәлелден атамұра мекен жайды,  
Қотарды ак қағазға шер көңілін.

Сипаттаған заманның хал-ахуалын,  
Атанған оқығандар нақу – «ғалым».  
Келешектен үміт жок, көзі соқыр,  
Құлқүн үшін құл болған «стакуанын»

Оның қандай қоғамға қайрат-күші.  
Ел қамымен болар ма мақсатты ісі?  
Орыс билеп ырқына алып барад,  
Жетектеген тайлақтай әрбір кісі.

• Жарқырап жаз да шықты қөктем туып,  
Ыңғар сынды, жуасып өктем сұық.  
Сәуірдің ақ жаңбыры оқтын-оқтын,  
Алады қара жерді қөктен жуып.

Адақтап Өлеңті мен Шідерптіні,  
Өнбойы тұнған аныз, шын ертегі.  
Сөзіне Саққұлақ би болды ғашық,  
Барына Ералыдай жігерлі іні.

Бұл сапар Ерейменге түсті тұра,  
Күғандай жеті жасар құшті бура.  
Жисам деп Саққұлақтың санлақ сөзін,  
Үрпаққа қалар тарих, шешті мұра.

Бауыры Ерейменнің қалың қайын.  
Құдірет жиып берген «қарын байын»  
Жыртылып айрылады төрт түлік мал,  
Жинақы ел қолға ұстаған бәрін дайын.

Кетпейді бір – бір аты белдеуінен.  
Түспейді пышақ, сапы белбеуінен.  
Үйінің сұрқы қашып, күты кеткен,  
Дәм беріп, киыр қонақ келмеуінен.

...Шыдамай сынарының күйігіне,  
Бетпактың ұқсан үріккен киігіне.  
«Ақтопшы» Ерейменге самғап келіп,  
Қонды екен қандай шоқы биігіне.

Қоя ма жер аудармай көрген қысым,  
Баянның куып шыққан қыран құсын.  
Дариға – ай, жан – жануар бәрі сол ғой,  
Жіберсе зымыстан кып келген қысын.

Деп бір сәт ойына алды елді-жұртты,  
Бұл орыс салт – дәстүрді келе құртты.  
Тоқтат деп сүндеттеуді болысқа айтып,  
Күзеттіріп сақалды, қырды мұртты.

- Нұргали атқосшысы қасындағы,  
Өзіндей алғырлығы жасындағы.  
Сұрады: «Сакаң аулы осы ғой?» - деп,  
Жайқалған Ереймениң жасыл бағы.

Тоғайдың баурындағы көрді елді.  
«Ат басын бүр» дегендей белгі берді.  
Керторы шүлғып тастап, бұлан қағып,  
Үйіне Ералының тұра келді.

Ералы үйінде екен салтанатты,  
Данқымен жақсы әкениң жайған атты.  
Қыран қыран бола ма кекке шығып,  
Өз басына бермесе сай қанатты.

Кекірттеу жігіт екен періпкетте,  
Сүйетін мақтағанды керіп кеппе.  
Конаққа сырдан екен сыйы аздау,  
Көрмеген астататек ас беріп көпке.

Үйінде Құран көрім оқыр соза,  
Сәлдесі сала құлаш отыр кожа.  
Сиырдай арба салған соқтығады,  
Қышынған қыршанқыдай қотыр қоза.

- Жалғасқан бір – біріне қыл ұшынан,  
Керенау бес парызға қырысынан.  
Қазақ қорқып мұсылман болған екен,  
Ғазіреті Фалының қылышынан.

Табынған Ай мен Күнге жалбарынып,  
Намазды оқымайда таңда тұрып.  
«Мен дағы мұсылманның» деген жәй сөз,  
Боп кеткен әрбір қауым жанға ғұрып.

Мәт қожа әр нені айтып иректейді.  
«Қазақта шын мұсылман сирек» дейді.  
- Құнәһар боп отырсын! – деді Мәшһүр,  
Тап бұлай нақты қожа үйретпейді.

Құдаймысың пәнданы тексеретін,  
Хақын ниет, тазалық ескеретін.  
Тиын – тебен тірнектеп елді жебкен,  
Осы жерге сенің жоқ еш керегін.

Салып ап ақ сәлдені шайқандайсың,  
Мен түссем тастағанен жәй қалмайсың.  
Әuletін пайғамбардың бетке ұстаған,  
Жезөкше пәренжелі сайқалдайсың.

Тым таныс сөзіндегі сарын маған,  
Шаригатқа дұбара дарымаған.  
Ай менен Күн Алланың нұр сипаты,  
Рахыматымен әлемді жарылғаған.

Ералы қоштай берді Мәт қожаны.  
(Дүлділден қандай ғана ат озады).  
- Таратқан исламды қожалар! – деп,  
Өңештеп кенірдегін кеп созады.

- Шешендер, білсен егер, жәй қалмасын,  
Сакаң айтқан, талайдың айта алмасын.  
Қазақтың әдет – ғұрпы дінмен бірдей,  
Ералы, миын су бол шайқалмасын!

«Жасымнан өнер іздел көңіл бөлдім,  
Мән – жәйін қожалардың көріп келдім.  
Өгізтаулық сарттарды қожа дейсін,  
Қазак – ай, мен өлгенде сенен өлдім».

Деп Мәшһүр екеуіне берді жауап,  
Өздеріне обалың, маған сауап.  
Шіреніп сөйлейсіндер ес жок, тұс жок,  
Меккеден кеп тұрғандай етіп тауап.

Айтысып меніменен дес алмайсын.  
Қазақтың шарифатын шеше алмайсын.  
Үшін ғана кесерсін сұнет жолы,  
Қара артыңа, тұбінен кесе алмайсын.

- Мәшеке, кеш киліктім ғылымыңа,  
Өзім де риза емеспін қылышыма.  
Құдайдан қорықпайтын жаңым нешеу,  
Жағуға жетпейді екем жұлышыңа.

● Үні өшті Мәт қожаның дымы құрып,  
Мойнына қыл бұғалық түсті құрық.  
Сұрланып шыдай алмай шығып кетті,  
Мәшһүрге тап бол қалып құдай ұрып.

Сақаңнан қарт Бөгенбай жазды жайын,  
Жайлап ішіп отырып ет пен шәйін.  
Кешу айтып қоштасып қалады екен,  
Риза бол қонағы кеткен сайын.

Кой сойып шакырды үйі Тұгенбайдың,  
Алдырып үрпақтарын Бөгенбайдың.  
Мәжіліс өткен – кеткен тарих болды,  
«Ақтабан шұбырынды...» дегенбай күн.

Тұмансай қол қусырып шақырды о да,  
Кезектеп қонақ күткен жарыс дода.  
Айрылмай ынтымағы ағайынның,  
Дәм-тұзы араласу еді мода.

– Молда еді Токмұхаммет білімі нық.  
Айтарлық насиҳатты ғылымын ұқ,  
Осы үйде сөилембепті керауыздар,  
Бассыз ел деп журмей ме, бұл не сұмдық? -

Деп Мәшһүр бір кезекте өтті басып,  
Абыржып отырғандар қалды сасып.  
Ералының дуылдан кетті беті,  
Таба алмады бір сылтау кетер қашып.

Мәт қожа көрінбеді сол кеткеннен,  
Ералы билік құрып, қол жеткенмен,  
Тұмсығы мекредей тасқа тиіп,  
Ығысып қалды адамдай жол жетпеген.

Үш күн боп төртінші күн қайтты елге,  
Керторы үйреншікті тартты жерге  
Айдатпай-ақ адымы алшақ түсіп,  
Сымпылдан шұлғып, иек қақты желе.

Алған соң былай шығып көңіл әуал\*  
Нұргали келтіре алмай ойға дауал,  
Үш күнгі құрған кенес, әнгімені  
Есіне ап келе жатып қойды сауал.

- Мәше, енді келесіз бе, өмір болса?  
Бұл елге дегендейсіз анда, болжа!  
- Алдыrmай ат-тұрманды абыраймен,  
Нұргали, аман қайттық, со дағы олжа.

Араб сөзі \* әуәл түсіну, талдау, білгісі келу.

Тұрғанда денсаулық бол өзінде ерік,  
Құдай жазса, қасымда болып серік,  
Аралап, ел қыдырып көргін келсе,  
Қазанға барып келем, жүр бірге еріп.

- Жарайды, барам, - деді іркілместен  
- Жүреміз бір жұмада, шығарма естен.  
Ұстаз, шәкірт жол бойы үәде қып  
Жол сапар мәнін айтып, мақұл дескен.

- Билік сенде, ендігі салатын зер.  
Таяу қалды “құмәткел” - қолайлыш жер.  
Ат суарып, шалдырып, дәрет алыш,  
Өтіп кетер, оқынқ намаздыгер!

Басында “Құмәткелдің” еркін - емін,  
Жуынып, рахаттанып алды демін.  
Суарып, ат шалдырып қайта жекті,  
Намаздың оқимыз деп үйде кемін.

Күн батпай жақсы жүріп, жетті жайлыш,  
Ат, арба, қамыт-сайман еді сайлы.  
Шарапи мен Әменге: “ат доғар!” - деп,  
Пазылға жеке айтты шаруа жайды.

Отыр ед ризалықпен көңілі тойып,  
Алдына қызыл-қүрен шәйді қойып,  
Сұрады Рабига:”келдің бе –деп –  
Ұстасып, біреулерді қырып-жойып?”


- Сен өлде балгермісің, өлде бақсы?  
Ағаттығын айтпасаң әнде жақсы,  
Қателігін наданың қате демей,  
Мінафас қып жіберу нениң ақысы?

Осылай өрлей берді үй тірлігі,  
Жарасып түсіністік, сый бірлігі.  
Мәшіүр мен Нұргалидың қолдарына  
Сәрсенбі, тиді сапар жол билігі.

Барсақ деп су жолымен бір ойысты,  
Қатынас Ресейлік тұрғой ішкі.  
“Көрген жерде ауыл бар” дегендейін  
Жағалап жетті әуелі Тройскі.

Ілікті ақырында темір жолға,  
Қанаты бар қара айғыр түсіп қолға.  
Құдай өзі қош көріп, пірлер қолдан,  
Құстай ұшты қанатсыз Жұсіп молда.

Донғалактар бұлқынып, жұлқып, тулап  
Қышқырып алды-арты бірдей шулап.  
Татар елі-дегендей қайда Қазан,  
Отарбамен жөнелді самғап зулап.



# Зорлық



## Зорлық

«Тыймасаң теріс үкім зорлығынды,  
Ұмытпа өзін кешер корлығынды».  
Сағди 45-бет (аударған: М. Әлімбаев)

Қазанның көрінбейді айналасы,  
Деуші еді салтанатты бай қаласы.  
Боз тұман үш күн бойы көтерілмей,  
Бусанып бұйырып тұр сай-саласы.

Көшениң екеуі екі қапталымен,  
Үй ізден, жатар орын тапқанымен.  
Жұқ артқан келіп еді саудагерлер,  
Жіберді айқара ашып қақпаны кең.

Нұргали, Мәшіүр – Жүсіп айтбай бірақ,  
Келіспей, бұл не? - деген жақбай сұрап,  
“Кеме келсе, қайықшы судан тайып”.  
ІІғысып шығып қалды таптай тұрак.

Үй ізден үш күн ұдай болды әуре,  
Келісіп қойған ба деп бұлар, дәуде,  
Айтары бәрінің де “жок, жок” дейді,  
Жарықшақ сөздерінен шықпайд қеүле.

- Жетіспей іздеуіміз шала, кем тұр,  
Иа, құдай, - деп шығып ед-сөтін келтір!  
Кездесті үйі ұлken екі-үш бөлме,  
Мұсылман иманжүзді шал мен кемпір.

Фарид шал жетпіс бесте нық, дені сау,  
Үйінің айналасы бақша мен бау.  
Мәшіүрге дін жөнінен ұйый қалад,  
Келіспей жасаса да басқамен дау.

Татарша сейлесседе түсінікті.  
Көп айтып насиҳаттайд кіслікті.  
Тарихи адамдармен таныс болған,  
Атқарған, көрген, білген ісі мықты.

Заманында болған жан дабырлатып  
Таңдандырып талайды таңырқатып.  
Сейлеп кетед көнілді отырғанда.  
«Шундай чаклар булған»... - деп мамырлатып.

- Абзи, Сізге рахмет, пәтерге алдың!  
Мына қатар көршіне пәлен бардым.  
Адаммен жұбы дұзу сейлеспейді,  
Жандар-деп-бұ не қылған, –қайран қалдым.

- Бу кучениң буында утырганлар,  
Киргизбейді уйыне, чукунғанлар.  
Уз динлерин умытып, уруска ирип,  
Мосилманлық билмейтін сукур іанлар.

Жете алмаған татарлар карабахқа,  
Чукундырып алған соң қарамаққа,  
Кигізген алтын жауып, сусар бөрік.  
Бас князь Владимир Монамахқа.

Деп Фарит-шулай була, Машһұр, түсін!  
Шығарып әңгіменің қойды ұшын,  
Сендер ифташ, казаклар матор малай.  
Келдіңізлер Қазанға иа, не үгін?

- Шыға алсақ арық сөйлеп, ірі, семіз.  
Жол болып қудай сәтін берсін деніз,  
Баспасын Каримовтар іздең келдік.  
Бөрін де түсінісіп, білісеміз.

- Бек иақшы, алмақсың ғой китап, құран?  
Цензура ай басында хисап қылған,  
Полицай құранды көп шығарма деп,  
Қайталап Каримовты қинап тұрған.

Гарепке ертең ертіп апарайын.  
Айтарсың өз аузыңнан сапар жайын,  
Бар екен қанша құран көтере алсан,  
«Асығып тұрмын» десен табар дайын.

- Бұл істі үйде отырып тоссаңыз да...  
Үйлесед мұсылмандық дос занына.  
Өзініз әуре болмай, жетеді ғой.  
Балаларды, біреуді қоссаңыз да.

- Сұрама бала жайын, мен айтбайын,  
Уақыт алып сөзімді молайтбайын.  
Мандайға біткен Фархат жалғыз бала,  
Турашыл, өткір еді болаттайын.

Қорқытып полиция жүрек жарып,  
Кудалап қайта-қайта сұрауға алып,  
Жұмысқа бала-шага, қосағымен,  
Жібереді екі жылға жер аударып.

Кемпір-шал қала бердік, болмай дәрмен,  
Таппай жан беретүғын қолдап жәрдем.  
Бұл күнде ұйымшылдық, туыс қайда,  
Іс түссе көрсететін корғап пәрмен.

- Көпірге де ауыр ғой қостау мұны,  
Күні тумай, зорлықта дос қауымы.  
Құдай өсте асықпайд, дайын ертең,  
Құрулы тор, алдында тосқауылы.

Ой өрлең, сөз жалғасып бірден бірге,  
Ауысты бұл әнгіме түрден түрге.  
«Жақсыда жаттық жок» - деп дәл айтқан ғой,  
Сырластық шырай берді тәтті түнге.

Күн ашық, ауа таза жұпар шашқан,  
Алыста көк белестер мұнар басқан.  
Көшениң көркі кандақ көз тартады,  
Адамы қызгалдақтай араласқан.

Келеді Фарид абзи бастап жолды,  
Көрсетіп, таныстырып он мен солды.  
Бір кезде: «канав-деді-баспахана»  
Кітапқа Каримовтар қояр қолды.

- Жан еken кіші пейіл хақ мұсылман,  
Білімді, жұмысына жақсы ысылған.  
Мейманға қарайды еken ыжданатты,  
Адамға жәрдем беріп нақ қысылған.

Танысты Мәшһұр мақсат айтып жәйін;  
- Бұл жаққа жүргеміз жоқ келіп дәйім.  
Әкелдім, қалай басып бере аласыз  
Қол жазба - екі кітап етіп дайын.

Каримов сәл ойланып деректерін,  
Білдірді өзіне не керектерін.  
Алдымен мәнін айтып түсіндірді,  
Цензурадан өтудің еректерін.

- Асықпай арыз беріп дамылдайсыз  
Тіркейміз, төлем болад, қандай пайыз.  
Цензура тексереді, рұқсат беріп,  
Баспаға содан кейін қабылдаймыз.

Дегенге «фамилияң, аты – жөнің  
Мекен – жай, қайдан, қалай, накты келім:  
- Көпееев Мәшһұр Жұсіп Баянаула,  
Айдабол Құлік» - деді - заты елім.

- Көпееев сіз бе едіңіз, Мәшһұр молла,  
Үлгі еткен ұлттық ғұрып, дәстүр жолда.  
Барғанда Қарқаралы сыртыныздан,  
Айтып ед мактап мархұм Халиолла.

Болсада Мәшһұр жаны темір берік,  
Жүрегі толқып кетті еміреніп.  
Қазасын Халиолла сол жерде естіп,  
Бет сипап дұға қылды тебіреніп.

Шешіліп бұл әнгіме ұлғайды өрі,  
Мәшһұрге жапырылып құлдай бәрі.  
- Жараланған жаныңды жазатұғын,  
Табылмайды асыл сөз мұндай дәрі

Деп Фарит алдын ала тартып шырға,  
Қанғандай аз уақытта барлық сырға,  
Білдірді қоштау ниет қуанышын,  
Кітаптың шығуына, балқып жырға.

Нұрғали: - Әби, - деді бәрін тыңдал,  
Фаридтың бастап келген жолын құндал.  
Алдыңыз ашық еken анқылдаған,  
Ағадай бірге туган болдың қымбат.

Өзара түсінісп қыл қосты,  
Ұйытып ортасына қын досты.  
Мәшһұрдің көңілінде құдік көп бол,  
Негайбыл Цензурадан «мақұл» тосты.

Бермей ме, бере ме әлде ұрықсатын,  
Жандар ғой кір іздеуге тырысатын.  
«Сарыарқа кімдікі?» деп ашық айтып,  
Кітаптың қойсам дағы дұрыс атын.

Сенім – иман, көп бірақ күмән кісін  
Ішке бүккен улы тіс, тұман ісін.  
Біліп тұрып айтпасан, келешектің  
Алдында кешірілмес күнәлісін.

Сарыарқа тарихынды айтқан талай,  
Алысып алды-артына қарай – қарай.  
Жасымнан естіп, біліп, көргенімді  
Жасырып кетейін мен айтпай қалай?

О дархан, анғал, адал қазақ бабам,  
«Малшы – деп – жалба тымақ» мазактаған.  
Алдан, арбап арапшы билігінді ап,  
Темір құрсау жанынды азаптаған.

Үш күндей цензураға үзбей барды,  
Шығарған көңілдегі төзбей зарды.  
Айтарға адамы жок, есік жабық  
Мақсатын жиылған жұрт көздейді арғы.

Қайтып кеп тұрағына тыныстады,  
Дөңбекшіп төсегінде ырыс – бағы.  
Шымырлап шырт ұйқыға кетті кіріп,  
Балқытып маужыратып тұн ұшпағы.

Тылсым тыныс, мыршым күй балдай татып,  
Сұлық дене тыныштық тапқан қатып.  
Ара – тұра қорылдап тыптыр етпей,  
Терен, тұнық ұйқыға жатқан батып.

Оянды таң намазы азанымен,  
Деп: «Мәшіүр, ренішті мазалы ме ең?»  
Ер кожай Баһауддин кеп аян беріп,  
Алдына ас қойыпты қазанымен.

Бұл сезім бойды билеп ширықтырды,  
Алдында таң намазы-сыйлық түрдү.  
Атқарып екі рәкәт құлышылығын,  
Сұрады құдіреттен шындық сырды.

Ертемен цензураға тағы барды,  
Білмейді не деп айттып жағынарды,  
«Пәндаға пәндә қылма – дейді – құдай»  
Кетірмей бойда намыс, бағып арды.

Келуші орыс – татар көбейді лек,  
Жүргендер бар сияқты көмей тілеп.  
Келді де сарапшының екіншісі,  
Шақырды есік ашып: - Көпесев! - деп.

Бірдей әріппен жазылу керек.  
Мәшіурдің көріп әбден кітаптарын,  
Шығуға ауырлады оқып бөрін.  
- Кәнекей, не туралы, айтшы? – деді –  
Жазылған мазмұны мен мақсат, мәнін».

– Байлығы, Сарыарқаның табиғаты  
Елді мекен, тұрғыны, жамиғаты  
Сөз болады жыл мезгіл, ауа райы,  
Көрмегенге түсінік беред, зады.

– Көпесев, ұғыныкты болды, тоқта!  
Жетеді мазмұнына бұрма, соқпа!  
Ұнай ма такырыбы, қалай дейсін,  
Атауы айғай салып тұрган жок па?!

Қоғамдық жағрапия ғалымы үшін,  
Жазылды арттыруға таным күшін.  
Дегендік сұрақ кою әрбір жердің,  
Не себепті аталу мәнін түсін.

Кітапта «Хал-ахуал» - ел өмірі,  
Бірлік, тұрмыс, тіршілік, ер көнілі,  
Әдет, ғұрып, дәстүрлі шаруашылық  
Насихат сөз, тәрбие бір бөлімі.

Деп Мәшһүр жып-жылмағай мәнін майлап,  
Орысша айтып берді бәрін жайлап.  
Кез еді босансыған соғыстан соң,  
Цензура «бассын!» - деді сөзін байлап.

Бойды шарпып лапылдан ақыл-қайрат,  
Енді не істей керегі ойда сайрап,  
Баспасына Каримов құстай үшты,  
«Сағатын сал, сөтін бер, а құдайлап».

Екі ай жатты Қазанда тапжылмастан,  
Тарихымен танысып Татарстан.  
Үйде Фарид, Мешітте молданы естіп,  
Кітапхана қорымен тағы алысқан.

– Шундый чаклар булған вид, Машһүр, тында!  
Жаза берсен жетеді тарих мұнда,  
Қазан ханы Ибраһим опат болып,  
Жылап батқан күн болған халық мұнға.

Қанша жыла, хан қайта тіріле ме?  
Алғыр, білгір тоқтамай біріне де,  
Мұсылманның маңғазы, таза сүйек  
Хан сайлапты Илһамын ірі дене.

Өзі батыр, ақылды тартқан ханға  
Жас жіберіп оқытқан Мысыр, Шамға  
Ибраһим секілді мейірімді  
Бұздырмаған үйқысын жатқан жанға.

Илһам-Фали өнері асты өзгеден,  
Дүниенің ғамалын жас көздеген.  
Уфа, Қазан гүлденді осы кезде,  
Іші күйіп құндеген қас төзбеген.

Ғылым-білім ордасын қолдан қалап,  
Жастар оқып жан-жақтан қылған талап.  
Татар халқы ертерек сезіп білген,  
Сактарлықтай жоқтығын жанға жарак.

Қиян кезең қырқысу пәле баққан,  
Басталған Владимир Монамахтан.  
Провослав дінін жаппай кабылдауға,  
Соборлық заң-законмен мойындарқан.

Тағдырын білесін бе Сүйінбике,  
Езілген естігенде жұлын –жүйке.  
Бұл өмірде көрмейсін, кездеспейді,  
Бек матор жаралған қыз ондай күйде.

Сұлуды князь естіп қызығады,  
Кебейіп дұрыстықтан бұзық жағы.  
Қорқытып жасауылын жіберуден,  
Пиғылын Монамахтың қыз үғады.

Ойлайды тапса екем деп қандай айла,  
«Басымды әуре етеді-ау хан» қалайда.  
Мұсылмандық дінімді қорлатаму-ау,  
Іздесем діннен шығып жанға пайда.

Көбейді бірте-бірте торушылар,  
Князьдің жендеттері корушылар.  
Орысша Сүйінбике хат жолдады,  
Ойлағаны, сенімді болу шығар.

Князь қалды бұл хатқа қайран-асыр.  
«Мені сүйсен – дегенге – қайтсен жасыр.  
Мұсылманның қызымын – дінім бөлек,  
Мәртебене болайын қайдан масыл».

Сарайыннан, мұбада, бұйырса төр,  
Улken нұксан князьге өзіндей өр.  
Құрметімнің белгісі – бостандық қыл,  
Істеп берген бөркімді көзімдей көр.

Жалғыз – ақ шарт: айтарым бір – ақ пікір,  
Алмақ болсан сол күнді қылам шүкір.  
«Мұхаммедия» медресесін бастатып ем,  
Мұнарасын сәулетті салғыз, бітір.

Бағым дей бер өмірде жүрсем тірі.  
Таралып тұр заң – шаран, ұstem, ірі.  
Бұлтартастай қалған жол қайда барсан,  
Не шоқыну, не өлу істін бірі.

- Жалғыз шартпен князьдің тапты жайын.  
Бір – ауыз сөзбенен өткізді айын,  
Алтыннатқан мұнара, күмбездері  
Медіресе үш жылда болды дайын.

Жұрт жиналды көруге тойлан, бірак...  
Екі қызды қасына алды сұрап,  
Шығып тұрып басына мұнаранын,  
Сүйінбике сылқ етіп кетті құлап.

- Шундый булган, Көпеев, атар таңы –  
Фылымға татар шөлдеп каталады.  
Барып жүрген өзінің кітапханан,  
Сүйінбике атымен аталады.

Үндемей Фарид қалды мұлдем қаран,  
Мұндайлық жан емес ед сөзге саран.  
Ұқастық, қысастықты есіне алды,  
Сетінеп Мәшһұр ойы тарам-тарам.

Дегізіп «мен несіне ерем қуға,  
Мәз болып бірер күндік ерен дұға.  
Етімді шал сипаған құрт жесін деп,  
Жартастан қыз құлапты терен суға».

Деп Абай амалсыздан жазған солай,  
Жазар ма ед қолын қорғып болмаса олай.  
Қайтесің айтпағанда бұкпентайлап,  
Тындарлық құлақ болып, келсе қолай.

Тосын үзіп алғанда сөзін пұлды,  
Фәни сырын ақсақал ұға білді.  
Жыбыр – жыбыр еріні кемсөн қағып,  
Колын жайып бет сипап дұға қылды.

– Шундый чаклар булған – деп Фарид әби  
Адамзаттың туғанда бәрі сәби.  
Тәрбиесі, кәсібі, түсінігі -  
Өзгерtedі құбылтып мәнін фәни.

Бірте – бірте таласар ұstemдікке,  
Көтере алмай тағдырдан түскен жүкке.  
Пәле күып, пайда ойлан, зорлық қылып,  
Пейілі азып бөлінер іштей жікке.

Владимир Монамах етті жарлық,  
Шіркеу басы шақырып попты барлық.  
Християн дініне ену керек  
Татар, башқұрт, шубаш пең - денті – қарлұқ.

Дініне ену керек християн,  
Исусты мойындау теріс, зиян.  
Өз ұлы Алланың ол жарылғаушы -  
Бағынған жер мен су, көк – тегіс қиян.

Мойына алтын крес тағынғанды,  
Жолына Иисус – христос табынғанды.  
Дүғалап священник тазартады,  
Князьдің бүйрығына бағынғанды.

Бабалар біздін Еділ бойындағы,  
Баладай болған жоқ па ойындағы.  
Сұлуларды сүйріктей қызы – келіншек  
Билеген қатынындаі қойындағы.

Су шашып, жалаңаштап сүйеуіне,  
Періште қорғап шайтан тимеуіне,  
Бірінші күн тәсегін поппен бірге,  
Өткізіп тиеді екен күйеуіне.

Келісіп священник соққан ұдай.  
Жүргізген сүм саясат сойқан, сыйбай.  
Жиган жер сұлуларды шоқындырып,  
«Кизлар» деп аталыпты содан былай.

Оралған сез өлмейді бәрі тілге.  
Жүрмесенде қасында керіп бірге.  
Әйелдерді жиган жер шоқындырып,  
Аталып жүр «хатун» деп әлі күнге.

• Тұсті еске Шал Құлеке, Актанберлі,  
Қан кешіп, қайғы жұтып, тапқан шерді.  
Ен тоғайдан айрылып Еділ, Жайық  
Мамай қорған атанаң жатқан жерді.

Алтын орда, Астырахан, Сарыат қала  
Күзырында қазақтың жатқан дала,  
Өсуә бол алты ауыз араздықтан,  
Ел қакырап, жыртылды жаудан жаға.

Осы бір сез терендеп одан әрі,  
Мәшіһүр Жұсіп қалмады әрі – сәрі.  
Койнауына тарихтың кіре тұсті,  
Грозный патшаның етіп зәрі.

Машығы болып алды кітапхана,  
Бай мұра шешер санын хисап қана.  
Ақыға қара тынын тілемейді,  
Жаратқан, білімді ел қып хақтағала.

Көрмеген бейнеті жоқ, азабы да,  
Айнала жуық – жаттың мазағы да.  
Айқасып, арпалысып келе жатыр,  
Көнгендей ахыреттің ғазабына.

Фирсовты оқып шықты үзакты күн,  
Қалдырмай бастан аяқ сызат түгін.  
Неліктен саясатта құрылғанын,  
Орынса айналдыру тұзақ жібін.

Азайту дүшпандықты, достастыру,  
Үйлестіру, шаруаны ұқастыру.  
Көрсетпейді деп қана аяғында,  
Тұрғандығы ұлтымен коштастыру.

Генацит, миссионер кезбелердін,  
Зерттеп жазған дәстүрін өзге жердін,  
Еңбегіне ой жетпейд зымияндық,  
«Бос әңгіме зиянсыз, езбе» - дер кім?

Вельяминов-Зерновты оқып шықты,  
Бұ да зәлім, жазады өте мықты.  
“Шоқындыру-саяси біріктіру,  
Әлсірету өштікті, төтемдікті.

Патшадан әмір-бұйрық түскендігін.  
Сиғызып саясатқа үштен бірін.  
Сездірмейді, орыстардың бүркемелен,  
Келешекте жүргізер үстемдігін.

Келер күн тағы қуды жылнаманы.  
Жүсіптің көнілі шалқып жырламады.  
Тамырын көрі тарих басқан сайын,  
Ақтарып ақтық сырын сұрланады.

Өситет түпкі мақсат-дүр, ұзын күй,  
Жасалған бірден-бірге бұл озық сый.  
Аузы барды қаратты аузына,  
Төртінші-Иван патша Грозный.

Тосыннан соғыс ашып Қазанды алған.  
Тоқтатып мешіттерді азан салған.  
Атысып он күн бойы хан сарайда,  
Илнамды тұтқындаған жарапанған.

Сыпырды алтын, күміс, гауһар тасын,  
Аз татар қайда қашып сауғаласын.  
Соғысып бірнеше күн қан кешкенмен,  
Имеді тізе бүгіп, жауға басын.

Қазаққа, башқұрт, болғар салды хабар,  
Қысылшаң жол қалмады басқа табар.  
Іргелес көрші елдерді дүрліктірді,  
“Жина-деп-батырларды жауға шабар!”

Қазанға жетті Шора ауыр қолмен.  
Бұл елге тамыр-таныс бауыр жолмен.  
Мұсылманның баласы тату көрші,  
Ағалы-іні секілді тәуір көрген.

Кіші жүз тегі тама табысқа бай,  
Дәулет күш алты алашқа таныскандай.  
Біледі Еділ, Жайық, көрі Атырау,  
Айбатын Шора батыр арыстандай.

Тұс-тұстан кеш болсада келді көмек,  
Қысылған татар халқын қолдан демеп.  
Қаланы керіп кетті қалын өскер,  
Татардың сарбаздарын қорғап ерек.

Соғысып Нәрік ұлы Шора батыр,  
Ағызды көздерінен сораны ақыр.  
Қазанды билеп алған орыстардан,  
Тазартып жып-жылмағай қылды тақыр.

Кеш қалды Илхам ханды құтқаруға,  
Қол жинап жетіскеңмен күш, қаруға.  
Мәскеуге бірге әкеткен екі інісін,  
Тұтқында шоқынғанша ұстауына.

Күні-тұн көкіректе кекті бөліп,  
Зорлықтың алуан түрін өтті көріп.  
Айнымай мұсылмандық қағидадан,  
Илham хан сол тұтқында кетті өліп.

Қысымға екі інісі шыдамады,  
Саясатын патшанын сынамады.  
Шоқынды, насиҳатқа көнді дағы.  
Мәскеудің болып шықты шын адамы.

Қызымет, қаржы беріп үкіметтен,  
Көрсетуге ұлғі қып үкім еткен.  
Християн дінінің артықтығы,  
Адасқанды жолға сап нұрын төккен.

Деп соборда таратып бірден бірге,  
Миссионер жел беріп қызыл тілге,  
Күнкөріске қызықкан кейбіреулер  
Жер алып жатты еркімен кіріп дінге.

Намаздан соң қарамай ертесіне,  
Кей кітапты түсірді зердесіне.  
Жиһангерлер сейлейді ылайықташ,  
Патшаның құрып койған пердесіне.

«Бір миллаттың екі тең бай адамы,  
Екі дінде тұрса егер айла-амалы,  
Веденяпин - деп жазған - бір біріне  
Ең жауыз, дүшпанға олар айналады»

Алу үшін патшадан нақты жақсы ат,  
Тынбау керек уағыздан жатта қаксап.  
Ұсак-түйек ұлттармен будандасып,  
Біріктіру бір дінге - басты мақсат.

Мұның бәрі Мәшіүрдің ойын кернеп,  
Астан-кестен тасытып табад ермек.  
Көрген, білген, түйгенін, естігенін,  
Халы келсе ескертіп жаза бермек.

Өлген соң Ибраһим тендік бермей  
Айсұлу Нұрсұлтанды жесір демей  
Күшімен үшінші Иван алған екен  
Еріксіз Қырым ханы Мендігереі.

Колдаған бірін-бірі Қырым үшін,  
Иванның біліп қатал жырындысын.  
Қызғанып Түркиядан қауітпеніп,  
Сақтасқан сыйбайластық сырын ышын.

Қырымда бірге жұтып тұнған нұрды,  
Қос патша саясатты тыннан құрды.  
Қазанға хан қып қойды бәсекелес,  
Қысыммен Нұрсұлтанның туған ұлды.

Інісі Илham ханның Құдайқұлды,  
«Шоқын!» - деп жирма алты жыл тұтқын қылды.  
Шоқынып ед, Василий қарындасын  
Өзі косып үйлену тойын құрды.

Князь, сұлтан, хан, патша дара қалып,  
Не қылмысқа сескенбей барды анық.  
Періште деп жүргендері бұлар болса,  
Сонда күні не болады қара халық.

Деп ойлаумен Мәшіүрдің етті күні,  
Күйінгінмен бітеме көптің міні.  
Діннің өзін бүрмалап керіп - созып,  
Білімсіздің гүрілдеп өктем үні.

Хажитарған, Себер мен Қырым, Қасым,  
Біріккенде Қазанмен косып басын,  
Бес мұсылман хандығы шығар еді.  
Қанша айтсада Мәскеуден болып басым.

Көре алмаған бақастық, күншіл пейіл  
Қалай ғана егіліп тусын мейір,  
Ала бақан, аш бақан, алты ауызды  
Қай уақытта жетісіп қусын сейіл.

Охот тауы қасында соғыска сай,  
Құрбандарды жиғанда ерлікке бай,  
Шығарып бол шанттер жаназасын  
Деген екен Пайғамбар сонда былай:

«Қорықпаймын, келешекте шығып сорпан,  
Қор болып кетеді-ау деп діни ортан,  
Өзара дүние – мал, дәулет үшін  
Қырқысып жүре ме деп содан қорқам».

Соллолла Фалайғыннан уссалемнің  
Үмматынан басқаша болмаған мұн.  
Келешегін ойлаумен қафаланып,  
Айтып кеткен ахихат хадисларын.

Деп мешітте төргінші жұмға намаз,  
Зиялыштар оқыған дұға, уағаз.  
Татар имам Мәшһүрмен кенес құрды.  
Деп мұфти – Мұхаммеджан болған сабаз.

Мың жеті жұз, дәл, сексен сегізінші.  
Жылында діни кенес шешім күші,  
Сайлаган мұфти, қазы мұсылманға  
Төртіппен фәни, бақи егіз ісі.

Уфада діни кенес бес жыл тұрды,  
Орыстар Орынборға күшпен бұрды.  
Араб әрпін жазуға бермей рұқсат,  
Орысша айт деп айланы іштей құрды.

Болмасада білімі өте терен,  
Мұхаммеджан алғыр ед төтен, ерен.  
Патша алдында дәлелдеп женіп шықты,  
Дін кенесі Уфага көшсін деген.

Кім дей алды бір кезде бұлай болар,  
Бірлік қылса іс болды бір ойланар.  
Қайда барса мұфтидің жолын күтіп,  
Тосып тұрды жегулі тройкалар.

Артты бедел, абырай асқақтады.  
Түрік қызы ед қатыны – бастапқы әні.  
Тоқалы черкес қызы – сұлу Зарга  
Қырым татар үшінші жалғасқаны.

Жасында Қарғалы мен Қазақайда  
Молдадан хат таныған аз-ақ айда  
Мұхаммет Фали хазрет медресесін  
Бітіріп, Бұхарага кеткен жайда.

Оқумен араб, парсы тілін білген,  
Қабылдан Афган – Қабул дінін бірден.  
Атқарып Ресейдің қызыметін,  
Әскери иығына шенін ілген.

Патша ағзам шақыртып ап Орынборға  
Офицер басшы қылып салық-корга  
Қазактарға патшаны мойындарып,  
Ахун бол дін тәртібін салған жолға.

Кавказ жерін зорлықпен бағындырып,  
Кабардин халқын антпен табындырып.  
Астрахань маңындағы мұсылманды  
Уағыздады орысқа жағындырып.

Сол үшін Мұхамеджан Құсайынов  
Ісімен өзгелерден үзай шығып,  
Зор күрмет иеленді Ресейде  
Орындал Әби патша нұсқауын нық.

Бірігіп татар, башқұрт, барлық қазак,  
Кетпеуге бас көтеріп, тартып азап,  
Салуға мешіт пенен медіресе,  
Еркіндік беріліп ед біразырақ.

Жетті абырой, атағы ете көпке,  
Тұрды дәулет құйылып деген тәкпе.  
Ұзатты жалғыз қызы Бәтиманы,  
Қазақ ханы Жиһангер Бекейовке.

Атқарып отыз бес жыл мұфтилікті,  
Түсірді мойнынан бүкіл жүкті.  
Әкелу қәртайғанда сот алдында -  
Откендей қылды өмірде көрмей түкті.

Мұфтиден шығысымен қайтты бағы:  
Уфа, Мирас ауылы жанындағы.  
Екі - мың десятина шабындығын,  
Башқұрттар сотпен даулап алды тағы.

Зорлықтың болды бұ да үлкен түрі  
Өлмеді, Мұхамеджан қалды тірі.  
Жақсыға да, жаманға көнгіш бірдей,  
Не деген адам жаны көнбіс сірі.

Хафиз, Мәшіүр сөздерін түйді осылай,  
Үйлессе егер пікірі сүй досындей.  
Қырсығынды тигізбе басқаларға,  
Өзің өртен, өзің жан, күй қосылмай.

Намаз бітіп қайтты әркім жатағына,  
Мәшіүрдің қанықты ел атағына.  
«Екі кітап бастырып жатыр» - деген  
Естілед еміс-еміс шатағы да.

Басталып патшалықта тағы қысым,  
Бір сіліккен декабристер өткен қысын.  
Жаңғырығы қайталап ұмыттырып,  
Бой көрсету қамтыған әрбір тұсын.

Петроград. Путилов заводында  
Астыртығы іс сезіліп зады онда,  
Үкіметтің мазасын ала берді,  
Түсіріліп бақылау зансыз соңға.

Сақтықты барлық жерде қүшеттуде,  
Жол бермей жұмыскерді тісейтуге.  
Жандарым жанталасып ізге түсті,  
Жазалаудың түр-түрін үстей күнде.

Газет, журнал, жарнама жарақтауға  
Салды тиым, тексермей таратпауға.  
Наразылық көбейді ішкілікті,  
Айналды бірді біреу қарақтауға.

Мәшіүр ішіп отыр ед түскі шәйін,  
Баспадан келетүғын кешке дәйім  
Нұрғали кіріп келді ойда жокта,  
Хабарлап шыққан кітап – істің жәйін.

- Қағаз жок, шығаруға бұдан әрі.  
Көз тігіп қарап отыр жүрттың бәрі.  
Қарамай аз-көбіне әкетіндер,  
Көрсетпей бүгін кешке сөздің дәлі.

Каримов деген екен қысылтаяң  
Нұрғали Мәшекене етті баян.  
Тиесі кітабын ап, құнын төлең,  
Түн іші. Қолік жалдап тартты Баян.

Екі мың келе жатыр кітап алып  
Күндіз жатып, журумен түнде талып.  
Көлік жалдап ылаулап көрді бейнет,  
Тасаланып көзінен жүрген халық.

Бір жарым айда жетті Ақмолаға  
Жақсы адам кайда жүрсе жат бола ма?  
Мейрамның үйіне кеп шерін жазды,  
Жеткізіп аман - есен хақтағала.

Екі-үш күн жатты сонда аунап-қаунап,  
Жиналып жолдас-жора дуласап - қулап.  
Өткізді кітаптарын қолдан – қолға,  
Келісіп әр тараңқа бунак-бунак.

Айтылды әңгімесі көрген-бакқан.  
Әр сөзі күмөні жок, тиген ақтан.  
Кияннаттың отырған ортасында  
Бәлкім тәуір екенін біздің жактан.

Өтті ме ақыл-кеңес кісі жиып,  
Бермейді жақсылықты іші қиып.  
«Қылғаны хакімдердің бізге зорлық  
Мизамға тұра келмес ісі сиып»

I т. 30 б.

Қысымның ортасында қалды халық,  
Ата-мекен, коңыс жай болып талық.  
Торалай тозан қылды елді аударып,  
Үрда жық, ұры көппе, өншен шалық.

Жоқ болып қазак түнде шетке қашты.  
«Жоқ болмай қайтсын зорлық шектен асты,  
Кез жасы жылауының болып қабыл,  
Кебейді зорлықшылға өшті-қасты».

I т. 33 б.

Ресей жайса дағы канатын кең,  
Бүгінде пікір айтбай қалатын кем.  
Мақсаты – түсінбейсің алыс жатыр,  
Ниетін таба алмайсың алатын тен.

«Ойлады бізді алам деп бармағына,  
Көрсетіп зорлық күшін жан-жағына,  
Бас қамын, жан пайдасын ойланыздар,  
Жақсы емес, түсे берсөң қармағына»

I т. 33-34

Қазанда бұл сөзімді айттым талай,  
Әлтіріп кетпей біреу, қайттым қалай?.  
Хафіз имам алдында жұма намаз,  
Пікірімді қазықтай қақтым қадай.

«Пайданың ортасында өзі жатар,  
Залалға мейілінше арзан бізді сатар.  
Ынтымақ қылышыздар, бас қосумен  
Мейлін қазақ маған бол, мейлін татар».

I т. 34 б.

Жалайыр, жаугершілік кесірінен,  
«Айырылды мал да, жан да несібінен.  
Зынданда не шаһбаздар нахақ жатыр,  
Ұлықтың қылған зорлық кесімінен».

I т. 57 б.

«Арызын былтыр айтқан түгел Қазан.  
Жер мен су, басқа азаттық, мешіт-азан.  
Тілегі дәлелімен толып жатыр,  
Қылайын қайсы бірін жарапазан.

Болып тұр мұсылманға Қазан басшы  
Сен де соған жетітүғын асыңды асшы.  
Дін исламның бір болып ынтымағы,  
Патшаның қол астында бір жаршысы».

«Бесінші мың тоғыз жұз жыл ішінде,  
Жұлдыздың август деген он бесінде,  
Бас қосқан Макаржеде мұсылмандар  
Айтайын тұрган күнде мен де есімде:

- Дінімізді кемітіп қорламасын!  
Көзімізді бақырайтып ұрламасын!  
Баламызды билетсін өзімізге,  
Оқытсын деп орысша зорламасын!

Қараңыз, бұлбұлдардың сайрасына  
Бұлақтай тастан аққан қайнасына  
Бас та азат, орын да азат, порым да азат  
Еркімен жүрсе әркім, - деп – пайдасына?!”

«Публик боп бұл «манифис» шашылса деп  
Күн көзі бұлты жоқ боп ашылса деп.  
Кітабы мұсылманның жиған – терген,  
Ерікті, цензурасыз басылса деп».

Мұхаммедияр Солтанов жасапты енбек,  
Ықтиятты мұфти ед ғажап сергек.  
Министр Витте тыңдал арыз – мұнын  
Болыпты баспа орнына ерік бермек.

«Ұнайды дін исламға мұфти қазы,  
Бұл өзі өзелде бар заман мәзі.  
Пагамбар шарифаты тұрса ортада,  
Тәнірғе сонда жетер халықтың разы».

I т. 63 б.

I т. 65 б.

I т. 66 б.

I т. 41 б.

Мәшіүр тыңды асықпай біраз сейлеп,  
Жаурыны терлең су болды аппақ кейлек.  
Ел басқару ісіне ауысты сез –  
Кезектел біреу үйдел, біреу бүйдел.

– Көзір жау жоқ, алатын сырттан келіп,  
Басшылықта, кететін сайтанға еріп,  
Оқығандар патшаның қол шокпары  
Айдан салған шен менен шекпен беріп.

– Бір кезде жауға шаптық «Абылайлап»  
Ақ жол – тай, шұбыртпалы «Ағыбайлап»  
Орысқа, койнын ашты, кіріп кеттік  
Қарадай халқымыздың бағын байлан.

– Не қалды жер астынан табылмаған,  
Шакпактай тау мен тас та шағылмаған.  
Керіп тұр: «ен дүние мында екен» - деп  
Жер – көктен адам қалмас ағылмаған.

– Болмаған соң халқында ілім – білім  
Көнбекенде катесін, қалған тірін.  
Кім «қой!» - деп тұр, жеріне ие болып,  
Орыстардай ғылымның білсен тілін.

Деп Мейрам айтып қалды бір түйінді,  
- Салыстыр, өзгеменен тұр – күйінді.  
Сейлер сез, жүрер жолын таба алмасан  
Қаптайды қара шекпен, сұр киімді.

Айырылсан қасқа тіс пен азыннан,  
Адассан ата тұрғык жазуыннан,  
Сай іздел, сала қуып көшіп – кондын,  
Не шықты күнде құдық қазуыннан.

Киын іс – ел басқармақ, кеменгерлік.  
Табылад ұйымшылдық немен бірлік?  
Құл болу көрінгеннің жетегінде  
Жазбасын ұрпағына, демен тірлік.

Шаша алмайсың топырақ тып көпке,  
Күнәсіздер кетеді күйіп текке,  
Саналы ой, парасатты терең талғам -  
Көтеретін адамды биқтікке.

Халқың болмай саналы, салауатты,  
Көгерте ме жүргінші сабау атты.  
Жасампаздық зерделі танбас талап  
Талайдың намыс отын алаулатты.

Қолданудан қалды ғой шіті, мұлде.  
Ода даңқын асырған шикі күнге.  
Жер мен су, көкте артпай үстемдігін,  
Корғанысы елінің ши түбінде.

Аруақтай бірін бірі желеп – жебейд,  
“Дүшпан аз, осы күні, дос көп” - демейд.  
Аузына бүкіл Сибирь қарап отыр:  
Генерал Губернатор Гаспорт не дейд.

Күшің болса, сай болсын соған айлан,  
Жұтуды ойлар қашанда шорағай жан.  
Өктемдіктің үзе алсан өндіршегін,  
Зорлық саған жоламас сонадайдан.

Десіп жатыр біреуден біреу асып,  
Бір жабық сөйлесе, біреуі – ашық.  
Ақмоланың әңгіме көшті ішіне,  
Күнде естіп отырған құлактасып.

– Қалада тәртіп казір түр құштілеу,  
Қылмыскер жүрген бар ма тым істілеу.  
Полицей күні – түні дамылы жок,  
Кудалау мен тексеру, тіміскілеу.

Асын ішіп әй – жәймен тарады топ.  
Мейрам шешті, өзі алып баратын бол  
Бір пәуеске, ләшінке -- екеуін де,  
Дайыннатты майлаташ, айтары жок.

Ертеніне таң атпай кетті жүріп,  
Дабырлатпай, шулатпай иттер үріп.  
Шолпан жұлдыз шатынап ақ танадай,  
Келе жатты шығыстан танды түріп.

Мәшінүр мен Мейрам отыр пәуескеде,  
Көшірі бар алдында дәу Ескене.  
Кос боз ат кос ақ қоян секілденіп.  
Құлак тігіп шұлғиды әуестене.

Бозторғай танды мактап шырылдайды,  
Жарысып донғалактар зырылдайды.  
Шен тиген құмдақ жолда пәуескенін  
Дыбысы майда қоныр сырлылдайды.

Сырласып келед достар заман жайын,  
- Іс бол кетіп жүрмese жамандайын?  
- Путилов заводында шығад газет -  
«Жұмыши ісі» деген жұма сайын.

Жасырын ұйымдардың «тілі» дейді,  
Адамға андамаған білінбейді.  
Патшаға баспа сөзде карсы шықкан,  
Саяси бостандықтың бірі дейді.

- Козгаушы, бүкіл елдің қамын жеген,  
Бар дейді Владемір Ленин деген.  
Құранның қағидасы ұстанғаны  
Естіп егер отырсан, кате демен.

Бар еken бір жолдасы Сталь, жаһил  
Халықты сүйсе керек, тегі, зайыр,  
«Төңкеріс» деген сөздер хауіпті ғой,  
Мәшеке, болсын деніз түбі хайыр.

- Төңкеріс онайлықпен жасалмайды,  
Басталды ма, ел одан бас алмайды.  
Өкірген сиырдай боп көтеріліп,  
Арасын айғай – шудың ашалмайды.

- Өспенниң Нілдісінде болып егес,  
Делініп еңбек төлем дұрыс емес.  
Ішінде Байшағырдың Әлісі бар,  
Әткен жыл болған жоқ па қол төбелес.

Жоқ кезде бірді біреу аясатын,  
Пышакты кенірдекке таясатын,  
Қазақтың шонжарлар деп жүргендері  
Патшаның жете аңдыған саясатын.

Тұрды олар екі қыспақ арасында,  
Жасырды жаудан алған жарасын да,  
Талауға түскенінде қорған болған,  
Көре алмады Ханын да, карасын да.

Крестиян начальник шығып елге,  
Сұс көрсетпек болыпты әрбір жерге,  
Салықты көбейтудің жолын ашып  
Ықтының байқатыпты кейбір ерге.

Екі тұн байланысып ауыл іші,  
Ат ерттеп, әзірленіп үлкен – кіші.  
Жасырынып жиылып төңіректен  
Қосылған жедел жетіп білген кісі.

Тасалап бір төбені қылып қалқан.  
Жігіттер ат ойнатқан мініп тарпан  
Қалың қол шыға келген ойда жоқта,  
Құртпақ боп отрядтты етіп талқан.

Начальник көріп мұны кеткен шошып,  
Тұрғандай ақырғы күн ажал тосып.  
Шама жоқ, отряды он бес адам,  
Білмеді не істерін ақыл қосып.

Қалың қол жақындамай тұрып алды.  
Біліп қойған секілді бұрын халды.  
«Ерден батыр болса елде шақыр деген  
Қалдырма, тез келсін – деп – Жанайдарды!»

- Ел тілегі берілед, қылмай құрбан  
Бар, айтыңдар! – деп сырттай қарап тұрған.  
Қара бұлттай түйілген қалың қолды  
Қос батырга қолма - қол тараттырған.

Ұстаған елін Еділ, Жайықтай қып,  
Толқытқан қалың қолды қайықтай қып.  
Көтерген қос батырдың дәрежесін,  
Аға сұлтан Ыбырай Жайықбаев.\*

\* Ақмола уezінің аға сұлтаны Ыбырай Жайықбаев (Досмұраттың нағашы атасы)

Екені ел аузында жатталынған,  
Начальник тарапынан жақталынған.  
Ұзақ жылдар Ыбырай ел басқарып,  
Патшадан сыйлық алды макталаңған.

Жасалған бұл саясат екен айла,  
Ыбекенен аспапты ақыл – хайла.  
Бас қосқан ақ патшаның сарайында,  
Ақкошқар Сайдалыдай адам қайда?

Екі дос өнгімелеп ердін тегін,  
Бүгінгі түсіргендей жолдың шегін.  
Қайтсе тәртіп, ғұрыпқа енер ед дейд,  
Тигізер бір біріне елдің себін.

Көрінді Өлентінің кең өлкесі,  
Ұзарып ат – арбаның көлеңкесі.  
Олжалы жолаушының келуімен,  
Басталды бұл ауылда өнер кеші.

Шәрәпи, Әмен, Пазыл шаттық кернеп,  
Келгенде сүйді Мәшһұр мандай терлеп.  
Мейраммен есендесті Рабиға,  
Жарының жүзін көріп жүрек тербел.

Үй толып қуанышқа мәра – сәра,  
Бықсымай қазан – ошақ жараса ма.  
Ас – суға жүгіріспін көрші – қолан,  
Мәз болды ауыл – іші, бала – шаға.

Үш күн жатып еліне қайтты Мейрам,  
Жолымен қадір – құрмет нақты мейман.  
Құшактан, шығарып сап қалды Мәшһұр,  
Секілді елі көшіп кеткен бей маң.

Әртүрлі ойға кетіп қылышы-қылышы,  
Алланың құндеріне берген сыйлы.  
Қарындаш қағазын ап қойынынан,  
Жазып ед бір шумаққа түгел сиды.

«Айырылдым дәл он бесте ғақыл – естен,  
Жабысып бір дауасыз ауру түстен.  
Көпеев Мәшһұр Жүсіп ғайыр муафық  
Жасының үш жылы асты тоғыз бестен».

1 т. 75 б.



# Корлык



## Корлық

«Даңқ күшп, тұрганында билік құрып,  
Көрлама ұлыларды ұмыттырып»  
Сағди – 15 б.

(Аударған М. Өлімбаев)

Қапырық тау арасы, ыстық аптап,  
Сары маса, сона, шіркей шықкан қаптап.  
Үймелеп қара шыбын ызылдайды,  
Түбінен құлағының сарнап, қақсал.

Байшора, Болпаш, Шаншар, Жиреншени  
Үркітті лесникитер киген шені,  
Қыстаудан ата – мекен көшіргенде  
Адыр, бұйрат, сортан, қыр-тиген жері.

Құш қосып Есназар мен Шолақ атан,  
Айқасқан жерін бермей солар қатан.  
Нұржан мен Оңай барып приставқа,  
Алауыз болмайық деп алты бақан.

Келіскең елдің жәйін ескеруге,  
Қыстақтан ерте көшіп, кеш келуге.  
Соктықпай, таудан жалғыз бұрау алмай  
Тұруға келіп жиे тексеруге.

Дуалы жер Жаманаула таудың сырты,  
Өзгеріп барад жылда жаудың сұрқы.  
Азайып үлкендердің көзі кетіп,  
Көбейді шолақ бастық, саудын қырты.

Эстондар «Құнды көлден» салды қоныс.  
Құнияз, Тәйгелтірді алды орыс.  
Кейлек – көншек, қант пен шай сыйлық беріп,  
Қазаққа бытқыраған болды мол іс.

Басталды жалға жүру, малшы, малай  
Орысқа болам деу жоқ жалшы қалай?  
Осында табыс көзі – астық, жеміс  
Деп тұрды тұрмыстары тапшы талай.

Үй салды жапыр – жұпыр поселкеге,  
Қызығып ессіз жатқан бос өлкеге.  
Көшे қып көл бойымен жарыстырып,  
Қаланған қатар – қатар қосып күнде.

Іздениң Қараталын алды тартып,  
Бау – бақша, жеміс – жидек салып артық.  
Жұматай, Қаратай мен Тортай, Шамқан,  
Теміртай, Қасқатайлар қалды қалқып.

Айрылды ата - мекен қоныс жайдан,  
Бір тойып ішу қайда қоныр шайдан.  
Арын мен Кеншінбайдың айналасы,  
Сіңісті поселкеге болмай қайран.

Оңайдын Бәзілі еді еті тірі,  
Пысықай сөзге шебер епті тілі.  
Нұржанның Біржанымен сыйбайлас ед,  
Ұнатқан қайсарлықта бірін бірі.

Тұн қатып келді Бәзіл Біржанды іздең,  
Астыртын істерді айтып тізбек – тізбек.  
Қылбырау шен темірдей қысып келед,  
Ел болып ақыл түймек, қалай үзбек.

Біржанға дәulet біткен азын аулақ,  
Беті журе бастаған оттаяй қаулап.  
Жақсылармен жанаасып, кісі ұстаған  
Үйымдастан ағайын, ауыл - аймақ.

Бермей отыр қора сап Құржіколді,  
Екі рет кеп Өскенің өзі көрді.  
Мал сойғызып қонақ қып көтеріп ап,  
Көл мен тауды қорғауға сөзін берді.

Көрсетті палуан құрес, ат ойынын,  
Атаман құрметі үшін деп қойылым.  
Арбасып бірін – бірі түсінгендей,  
Қазақтың көрмейік деп қақ сойылын.

Осыдан біраз уақыт тыныстаған.  
Біржан өзін кең арқау тың ұстаған,  
Орыска күні бұрын берілді деп,  
Бәзілге біразырақ қырыстаған.

- Қындаш шылдың тозып, ала – құла  
Елдіктен қалдындар гой бұға – бұға,  
Айырылып «Қараталдан...» алты ай қысқа  
Бола ма елге - мекен Қарақоға?

Ку тақыр, ықтыны жоқ жері жалтан,  
Жаз жайлау отырар жер сыйбай салтан.  
Жатырсың қора қалап, агород сап,  
Жарады қабың түгіл толса қалтаң.

Тасбұлак, Қарақоға, Қарашоқы,  
Күғаны орыстардың қоқанлоқы.  
Қараталдың байлығы ұшаң теніз,  
Шілігінен карзинка, талша тоқы.

Шұрайлы жер қаншама қалды басып,  
Қос көрініп қорықканға, кеттің қашып.  
Таудың сыртын билейді енді орыстар,  
Болып тұрсың бергендей жолын ашып.

- Эй, Біржан, аз да болса дәuletін бар,  
Ағайын соңына ерген өuletін бар.  
Менің жалғыз басыма кім қызығад,  
Кімді жарылғарлықтай сәuletім бар?

Жуандығын білдірме білегіннің,  
Дұрыс болып тұрғаны тілегіннің...  
Жұқанаң жоқ қолында ұстасатын,  
Е – хелесе келгенде тірегім кім?

- Дайын болса дүние дүр кекір ек.  
Болмаған соң не керек нұр кекірек.  
Нұржан, Оңай әкеміз қатар шыққан,  
Екенсің ғой Бәзілім құр кекірек.

- Қайтейін саған келіп сенгенімді,  
Шеніне жақсылардың енгенінді,  
Тұр екен кекірегің көтерінкі  
Көрермін орыстарды женгенінді;

Деп Бәзіл тұрып кетті орынынан,  
Байқалды бір реніш форымынан,  
Достасып мұжықтармен тамыр тауып,  
Шықпады Қарақоға қорымынан.

Келіспіл Арын, Зубан салды егін,  
Айқындағ екеу ара жұмыс шегін.  
Күз болып кол оракпен астық жиып,  
Қырманнан қап – қап бидай алды тегін.

Сыйласып үй ішіндей жақын – жуық,  
Санаспай жәрдемдесіп ақыл куып,  
Үйір – шүйір казакша сейлеп кетті,  
Үлкені де, кішісі тұрмай сұық.

Арынның бір үл, бір қыз бар баласы.  
Кезінің секілденген ақ, қарасы.  
Зубанның үйіменен достасқалы,  
Аумаған ұсындың бал арасы.

Шәпи мен Мария қыз өте тату,  
Көршілік арада жоқ сауда, сату.  
Қашанда бірін – бірі тауып алад,  
Шаруада жоқ бұларда қарап жату.

Шәпи қыз қырдың қызыл тұлкісіндей,  
Мәриә шешек атқан гүл түсіндей  
Зубанның ұлдарымен Мәкен үйір,  
Жұмыста артық – кем жоқ, бір кісідей.

Қып – қызыл бет біткеннің келбеттісі  
Әуелі соған қарайт келген кісі.  
Бойжеткен қыздардың не жаны тұрсын,  
Жымып көрінгенде аппақ тісі.

Табысқан туысындағ ақылдасы,  
Аунады Марияның ықыласы.  
Ниеттес Мәкенменен екендігін,  
Біліпті поселкенің бүкіл жасы.

Сездірмейд, бірақ Мәкен, мінезі ауыр.  
Салмастай елге зауыр, отқа бауыр.  
Дін бұзар болам ғой деп ең күнәһар,  
Үйитқиды кекіректе кара дауыл.

Мария көргісі кеп қағып көлбек,  
Мәкенмен тәні бірге, жаны бөлек.  
Жүргенде Шәпимен бір «Әке» дейді,  
Ардақтап Арекенді елден ерек.

Деген – ді: «Сен дегенде түрге енемін  
Ішінде келетіндей бір кеменің,  
Орыстың бейпіл қызы деп ойлама,  
Тағдырым тек өзіңмен бірге менің.

Елтітіп күннен күнге барад баурап,  
Бойды алып ыстық сезім от бол лаулап.  
Не деймін, апыр - ай, ә, масқара фой,  
Ел болып шықкан күнде қанқу қаулап.

Деген ой киіп кетіп ауық-ауық,  
Біржола шығады естен ойын – сауық.  
Барап жер, басар тау жок, жолдастардан,  
Көрінбей қашып кетсе ақыл тауып.

Бұл жайды біліп қапты Зубан байқап,  
Ренжіп, назары бол басын шайқап:  
- Сен асыл дінімізді корлап тұрсын-  
Қызына – тиыл, - депті – болмай байтақ.

Бұл ісің, әй, Мария, оғаш, жаным  
Орыс, казак екі ұлт, көп аспағын.  
Дос болар, тамыр болар, жолдас болар,  
Үй болып естігем жоқ оттасқанын.

Ол үшін Иисус бізді айыптайды,  
Кетпейді жүргегінен тайып қайғы.  
Мойыныңда қасиетті кресің бар,  
Корласаң күнә, мәнгі айықпайды.

Деп қызын жерден алып жерден салды,  
Үн сезді құлағына жеткен зарлы.  
Мария жылап отыр бір бөлмеде,  
Кресің мойыныңдағы жұлдып алды.

- Кресің, міне, папа, болса бөгет,  
Сүйгеніңе бармасаң құдай сөгет.  
Лактырып мойынтағын кетті жылап,  
Көрінбес әкесіне мұндай сөкет.

Тілін тістеп Зубан да қала берді,  
Шұқылап отырған бой қара жерді.  
Корланып өз-өзінен үйге сыймай,  
Ойлайды өткен күнді арғы – бергі.

Бірді біреу білмейді бітеу жара,  
Біреу жұпты болғанда біреуі дара.  
Бір құдайға жарасқан дара сипат,  
Не болады даралық бара – бара.

- Арынның да мазасы кеткен күнде,  
Жатыр еken тұс көріп өткен түнде.  
Мария әкес қойына салып жатыр,  
Уш қауын, бір дінкені өктем түрде.

Ояна келе айтты көрген түсін,  
Жорыған жақсылыққа жылдытып ішін.  
Шәпиден ести сала осы түсті,  
Көріпті қыз Мария өзі де шын.

Сөйлесіп Мәкенменен басын ашты,  
Қосуға белін буып ақыр жасты.  
Мәдісін Исабектің шақыртып ап,  
Шаригат жолын сұрап ақылдасты.

Деп Арын: «Сезбейд бұдан көкей түкте,  
Біл барып, не парыз бар өтейік де.  
Отырған келіп Құрмандоғалақта,  
Жіберді Мәшһүр Жұсіп Көпеевке.

Мәшһүрге Мәді мұрит қол тапсырған,  
Үстазы жақсылықты мол жапсырған.  
- Қастығы жок орысты кәпір демейд,  
Пайғамбар да талайды жолдас қылған.

Дариха да өз әлін білмеппе еді,  
Женілген соң Мәдіден дінге енді.  
Бес парызды мойындаш қабылдаса,  
Одан артық мұсылман бола ма енді...

Ақыл, кеңес, шаригат – сый, демесін  
Соны сұрап кеп жүрген милы екенсін.  
Бір мұсылман қатарға келді деп ұқ,  
Обал қылма, сауап қой, қи некесін.

“Дінінді кім қорласа, сол өш, қасын.  
Қорлықтан ақпап па еді көзден жасын?  
Үйде өлген шіріктің бірі болмай,  
Жұрт үшін арманың не кетсе басың”. -

Деп Мәшһүр шәкіртіне берді бағыт,  
Жолында мұсылмандық белгі тағып.  
Мәдінің де қазандай қайнап көнілі,  
Тас бұлақтай тасқындан келед ағып.

Зубанға Арын барып түсті қуда,  
Іс болды ел ішінде күшті бұда.  
Қазақша Марияны Дінайша деп,  
Некесін Мәді қиды істеп дұға.

Дінайша «бес парызды мойынады,  
Үлтүмнан өзгердім деп мойымады.  
Қағытып замандастар өзіл айтса,  
Айтарын бірақ төгед ойындағы.

Солтанбай, Мәкен, Құмыш – құрдас сыйлас,  
Отырған жер күлкіден езу жимас.  
Бір – бірінен аяйтын пәлесі жок,  
Шын – туайтта кебісін жауға қимас.

«Мәкеннің мәстегі» деп мазақтайды,  
Жақсы көріп қызықтап, азаптайды.  
Сүйгенін «шұнағым» деп айтқан қазак,  
Көрінед Дінайшаға ғажап қайғы.

- Мәкенді билеп алған әй, мыстан – ай,  
Шақырған екен шайға, наиза ұстамай,  
Тұртқілеп бақайымен оятыпты,  
Атасын «Арын, Арын, - деп, - ставай!»

- Өтірік. Демей – ақ қой, Құмыш олай,  
Кемітем деп тұрсың ғой тауып қолай,  
Құрдас болмай қайын аға болсан егер.  
Оятар ем алдымен сені солай!

Жүрмеймін келін болып құр жағымды,  
Өлгенше асыраймын үрпағынды.  
Құмышка ерсен құдыққа түсіреді,  
Көне, көрпесалайын, тұр қағынды.

Құрдастықпен «мәстек» деп айтқан ол сын  
Құтты болсын із – жолым ортан толсын.  
Ауру – сырқау, майысқан бұрактамай,  
Өздерінің катының мендей болсын.

Солтанбай қарқ – қарқ күліп әнге басты,  
«Киратты – деп – Дінайша ақылы асты»  
Қадиша мен Шынайқ жүқалығын,  
Дәл айтты деп қалғандар мақұлдасты.

- Мәриәм Зубан деген орыс қызы,  
Он алты, он жетіге келген кезі.  
Қазаққа Мәкен деген ғашық болып,  
Сондағы-ы Дінайшаның айтқан сөзі:

Мәкен-айым, Мәкен,  
Сенің папаң - әкем,  
Шіркін-ай, Шәпи  
Жақсы тәтем-ай

Мәкетай, көк өгізді жемдедің бе?  
Жұмысқа Құмышпенен келмедің бе?  
Жеріне уағада айтқан келмесендер  
Дінайша заты орыс деп сенбедің бе?

Мәкен – айым, Мәкен,  
Зубан папам - әкен  
Шіркін – ай Маша  
Жақсы тәтен – ай!

Деп әнді баяу толғап мамырлатты.  
Біреу күліп біреулер дабырлатты.  
Карақоға басында келін түсіп,  
Үш ата қозған шолақ дабылдатты.

...Мәкен төрт жыл сұрапыл соғыста өлді.  
Ауыр жұмыс жоқшылық оқыс төнді.  
Үлкен ұлы әскерде үш баласын,  
Өсіріп бар азапқа төзіп көнді.

Дінайша, Мәкен әсте етпей бұлғақ,  
Өмірде жандар емес күлген құрғақ.  
Дүйсенбай Уакит, Қайрат айналасы -  
Әрбірген өнегелі үлкен үрпақ.

«...Шолақтар көпірді алып дінді бұзды,  
Қойныңа тастағандай сұық мұзды.  
Ісі ғой мұның бәрі есер Бәзіл  
Ерітіп мұрынына құйса тұзды.

Орысты басқа өрлетіп басындырып,  
Адамды қойған жоқ па ашындырып,  
Отына өз қолыңмен май құйғаның,  
Қорлық кой табалайтын касың тұрып.

Деп Біржан ашулы еді бірталайдан.  
Күзетші келед деді бір қарайған.  
Тимофей, Прокопи екі салт ат  
Тау ішін аралап жүр, келед кайдан?

Біржанның жігіттері алды қоршап,  
Былдырап едірекендең «ты чтолап»  
Зәкір кеп ат үстінен жұлыш алды,  
- Ой иттің баласы, - деп тілге шорқақ.

Әрекпіп төрт – бесеуі салды қолды,  
Жөнелтіп жұдырықты онды – солды.  
«Жәй жүрген жандар емес шолғыншы» - деп,  
Ойда жоқта таяқ жеп қалды сорлы.

Саңырауқұлак іздеп батты сорға,  
Жәйларын түсіндіріп айтты зорға.  
Қолдарын арттарына байлады да,  
Түсіріп коя берді атты жолға.

Мұжықтар соғыспақ бол көтерілген,  
Сақтанып ел үстінен етер білген.  
Дуанға Біржанды тез шақыртынты,  
Айыпты қылмыскер деп неше түрмен.

Пристав барысымен қойған жауып,  
«Бунтар» деп сөйлесуге қылып қауіп.  
«Міндетін тауды қорғау алғамын» - деп  
Үш күн жатып шықты өрен айла тауып.

Әштесіп аңдысумен таң атырган,  
Бір сез бітсе, туады тағы тыңнан.  
Кім болсын, табандатып жүргізбейді,  
Қаратал поселкасы маңытынан.

Атаман жаксылығын текті мол қып,  
Үкімет көтерді оны, тіпті, зор қып.  
Бастырмай малшы – құлшы, жүргіншіні  
Қорқыныш қысы – жазы, өтті қорлық.

Билік тайды қазактың билерінен,  
Тұрап пана таппады үйлерінен.  
Орыстан тамыр – таныс сыйласы жок,  
Адамдар айырылды құйлерінен.

Басшылық біржолата орысқа ауды.  
Әр жерде шығарғанмен болыс дауды.  
Тілмаштар қысқартылып қызыметтен,  
Шеткері шығарды ел қоныстауды.

Жан болды, ұста Ыбырай, Бәзіл, Бозбай,  
Балтабек, Кошетер мен Желтау Поштай.  
Мекендер екі ауланың солтүстігін,  
Нық отыр ел іргесі өзір тозбай.

Қарағаш, Қамбар, Қеккөз, Тұлкібайға,  
Сан келген инспектор тілі майда.  
Ауылды қонысынан қозғай алмай.  
Жасаған қоқанлоқы талай айла.

Тексеріп жиі – жиі масаттанды,  
Қажет қып ел көзінен жас аққанды.  
Алдырмай таудан құрық, балтаға сап,  
Кигіз үй, қазақ арба жасатпады.

Кеккөздің жігіттері бәрі – қаһар:  
Бірі - алмас, тотияйын, бірі – саһар.  
Шатқалын Жаманаула мекен қылған,  
Шакірат, Шәкір, Шакітай, Құдыш шакар.

Жатқан жок бұл Кеккөзде асып байлық,  
Өнерлі ел балта шапқан кәсіп сай қып.  
Төрт қанат, алты қанат кигіз үйдін  
Жасайды сүйектерін қасықтай, нық.

Шакірат, Шәкір жатад салып қорлық,  
Сар көпір қойдың қызы қызып борық.  
Қырық бұран тал, қайындар тезге түскен,  
Шығады шомпыл – сүмбі, оқтай болып.

Исабек – Байсал атаң Қарағашта.  
Сінірі шықкан кедей қарақасқа.  
Сатып ап Ордабайдан бір семіз қой,  
Мәшіүрді ереулікке шақырды асқа.

Жолшыбай үйшілерге соқты Мәшіүр.  
«Іске сәт!» - тілек айту ізгі дәстүр.  
«Шәрапиге отау үй керек» - деп ед,  
«Қош!» деді бір ауыздан өншең мастр.

Тығынды, әбден кепкен қызыл қайын,  
Сініріп жаққан сыбап кендір майын,  
Тор көзді керегесі жасалынған,  
Сүйегі отау үйдің болды дайын.

Кигізін жасаттырып берді Біржан,  
Үық бау, желбау, басқұр, таңғыш бір сан.  
Естірді қыл ширатып қос белдеуін,  
Дауылға тапжылмастай, берік құрсан.

Жиылып үйді апарып, берді сәлем,  
Мәшһүрдің көз алдында бүкіл әлем.  
Таумайлар, ел, аруаққа құрметім деп,  
Қой сойып, әңгімемен босатты әрен.

- Иргене қозған елі келдім көшіп,  
Пар қылмай дүниені көктей кешіп.  
Дәм – тұзы араласқан құдандал ең,  
Үш ата, бір мұқтажды бердің шешіп.

Дүние келе жатыр дөңгеленіп,  
Бұдан жаман күнге де көнген едік.  
Ақпатша кеншілігін беріп жатыр,  
Қазаққа мектеп аш деп, жөнге келіп.

Орыстың қабат – қабат саясаты –  
Айласы басымыздан жәй асады.  
Ел билігі барады соған ауып,  
Бір кезенге түбінде таясады.

Құтылу жок, үнемі құлық сауып,  
Жүзің жарқын болмайды пәле жауып.  
Біржан, қалқам, талабың тау бұзғандай,  
Мерт болма қалың өртке қарсы шауып.

Қолынан кетті деп үқ билік енді,  
Құшің аспай кім саған илігеді.  
Қырсыктан қитық жаман өмір бойы,  
Бір пәлден бір пәле килігеді.

“Қазағым, «өнер» ме ол үрлых-зорлық,  
Қыластың бір біріңе неге озбырлық?  
Болғаннан алты ауызды, ынтымақсыз,  
Басыңа келген жоқ па талай қорлық”.

Отырмын естіп Яков ауызынан,  
Шықты екен елдің қандай жауызынан.  
Өскеге ақыл салып екі-үш орыс,  
Деп былай тубегейлі дау ұсынған.

Қазақтар ұры екен ғой жақтап жүрсек,  
Жерлерін жаудан қорғап сақтап жүрсек.  
Біржаның ұры ұстайтын зәлім екен,  
Орысша біледі деп мақтап жүрсек.

Баласы Бітебайдың Шалғынбайды,  
«Ұры» деп орыс-қазақ саңқылдайды.  
Мырс етіп естіген ел қоя салад,  
Ұялып, намыстанып шам қылмайды.

Жалғанда жок қой толдық, болдық деген,  
Ұрласа ұрламайды молдықпенен.  
Бұрынғылар білген ғой, текке айтпайды,  
«Қашанда үрлық түбі – қорлық» деген.

Естілді бір ай бұрын ұсталды деп,  
Қалмайық естігеннен мыскал бүгіп.  
Білсендер бас – аяғын айтындаршы,  
Бар ма еді ердің құны – нұсқалы кек?

- Әу баста зәрін шашқан елдің жауы,  
Қозғаған қонысынан жердің дауы  
Есті – басты адамды тізіп алып,  
Қалмады тексермеген ердің сауы.

Деп Шәріп сөйлеп кетті бастан - аяқ,  
Қашанда кор боламыз басқаны аяп.  
Аңғалдық пен анқаулық тағы да бар,  
Ажал менен бейнетке бастар таяп.

Жасырын сол жорыққа баарында,  
Аттарын Атаманның аларында.  
Кіретін бір-ак ауыз тау басында,  
Қамаған Кішікейдің аралына.

Алаяқ кілен бәрі күрең қасқа,  
Ішінде бөгде ат жоқ түгі басқа.  
Сәйгүлік қос құлағы тас төбеде,  
От шыққан тұқтартардан тисе тасқа.

Екі күн жүрді тінту ауыл – үйді,  
Ел мұндай көрмеп еді ауыр күйді.  
Қопарып етхана мен қидың астын,  
Шиті мылтық, қақпаның бәрін жиды.

Торығып, ештецені таба алмады,  
Үрладың деп тағы айып таға алмады.  
Үрейі ұшып тығылған қытын – қалаш,  
Елдің аузын тың – тындал бага алмады.

Жүргенде орыстарға құлак түріп,  
Дегенді естіп қапты «епті жулик».  
Таратып он екі атты түн ішінде,  
Шалғынбай бой тасалап кетті жүріп,

Екі – үш үй ат алмаған өкпеледі.  
Жүргінші бұл ауылға көп келеді.  
Көре алмай көрші – қолаң бірін бірі,  
Ұрымен сыйайлас деп сөккен еді.

Таралып ымшық – шымшық бірден бірге,  
Өскенің құлағына тиген бірде.  
Іздетіп табан асты Шалғынбайды,  
Таптырды Екібастан жауып түрме.

Жан емес қысылатын үркіп – қорқып,  
Тастаған айналасын темір тор қып.  
Төрт – бес күн ас алдырмай ашықтырып  
Қамауда ұрып – соғып көрді қорлық.

Жіберді жер аударып Ақмолаға,  
Өскеге жер аударған ат бола ма?  
Елден өтеу алмақ ед мойындармай  
Іс – түзін тапқызбадлы біржолата.

Біреуге хат жазғызып келді хабар,  
Корқып – үркөр жан емес аузын бағар.  
Бар қылышын аңқылдал ашық айтқан  
Қылмыскермін демейді кінә тағар.

Жүре ала ма қасқырлар болмай кекті.  
Көрдіңіз бе керемет мындар кепті?  
Елдің – жүртттың амандық бәрін сұрап,  
Аяғында өлеңмен былай депті.

“Шалғынбай қайдан білсін үрлық жайын,  
Жақынның алғамын жоқ торлы – ау тайын.  
Алыстан алшандатып айдал келіп,  
Билерге жегізуіш ем желін майын.

Сұрасаң ағам аты Мұратбай – ды,  
Ағайын үрлығымды ұнатпайды.  
Күніне айдал – матап әкелсем де,  
Құдайым бір тиындар құр атпайды.

Кой жайдым Айыртастың саласына,  
Сәлем айт үш атанаң баласына.  
Өскениң он екі атын үрлаймын деп,  
Айдалдым Қараөткелдің қаласына”.

Дегеннен басқа да көп айтқандарды  
Ұмытпай есімде бұл қалған бары  
Беріпті он екі атқа он екі жыл,  
От басының өмірі-қылған зары

- Құдай кепіл келешек бір бағына  
Аз ба, көппе өмірде тұрмағына.  
Обалы мен сауабы бірдей екен,  
Кесірі тымесе егер үрпағына.

Арам ас араласып нәсібінс,  
Дариды бірте – бірте нәсіліне,  
Ұры адамның бойына иман тұрмас  
Айналып кетеді ұрлық кәсібіне.

Тіршіліктің тәттілік әселі не?  
Ой жүгіртіп бармайды мәнісіне.  
Имансыздан шығады барлық сұмдық  
Күнкөрістің айналған тәсіліне.

Киянатшыл жалғанда қанша жан бар,  
Соның көбін жасайтын атамандар.  
Қанша жақсы болғанмен құны тәмен,  
Мұсылманға жазбасын, атамандар!

Деп Мәшіүр ой-пікірін түйді қыска.  
Заман тұр алмағайып осы тұста.  
Сақ болындар жарандар, сақта сабыр,  
Айтқан сәлем болмасын ақсақ құска!

Сәду менен Сұлеймен келе қалды,  
Ел арасы едәуір керегар-ды.  
Абыр-жұбыр шуласып есендересіп,  
Біліп жатыр сұрасып дерек халды.

Медресе мешіт деу бәсекелі.  
Болып сөздің белгілі нәші екені.  
Қарақозы, құнияз сұрап, қалап,  
Жіберіпті шақыртып Мәшекенді.

– Ел жіберді, Мәшеке, өзінізге,  
Кәзір зәру бір ауыз сөзінізге.  
Сізден басқа кім табад, жөнін білед,  
Мақтаған сөзім емес көзінізге.

Ақпатша беріп жатыр кеңшілікті,  
Көріп ек діннен талай кемшілікті.  
«Медрес, Мешіт салу еркінде» - деп,  
Орыспен көріп тұрмыз теншілікті.

Фылым қуып Бұхардан әкеп еніз,  
«Балаң болса талапкер әкел!» - деңіз.  
Сөзінізді берсеңіз болды солай,  
Бір-ақ күнде көшіріп әкетеміз.

– Жеткен екен Баянға еміс-еміс.  
Жайылған-ды бұл хабар былтыр тегіс.  
«Ештен дағы кеш жақсы» игілікке  
Боп жүрмессін әншейін бұлдыр тек іс.

Сыйласым ен ежелден бермес дамыл,  
Келе қапсын ұрандап соғып дабыл.  
«Іздегенге сұраған» деген бар гой,  
Ел тілегі ендеше болсын қабыл!

Куанып Сүлейменнің шыкты есі,  
Үйлесіп Машһұрменен сөз жүйесі.  
Күдай жазып дәм тартса болады деп  
Медіресе, мешиттің мықты иесі.

Біреу естіп қызғанған ел арасы,  
Болмасада өтесі, алты аласы.  
Мәшіұр кешіп келед деп алып қашып,  
Мәз болған бес қозының бар баласы.

Едігे, Сары, Еламан салды мойын,  
«Мәшеке, бізге кел!» - деп ашып қойын.  
- Сендерге Нұрғалиды жіберем деп,  
Ақылменен тоқтатты тартып бойын.

Баянның қалың кедей жатақтары,  
Шыққанда молдалардың шатақтары,  
Дуанға Машһұр имам болса фой деп,  
Бірінен бірі асырып атақтады.

Көбейді Мәшекне сәлем беру,  
Таныс-біліс, сыйластар болып еру.  
Бейсенбі, жұма, сенбі мұқтаж жандар  
Секілді көрінетін толық шеру.

Ақылдастып, бата алып, естіп кеңес,  
Арыз айтқан, араздық, ескі егес,  
Ауру-сырқау, жолаушы, ғарып-ғасер,  
Мұнын шакпай, ем таппай кеткен емес.

Жүрсе пакыр Әбжаларап дуананы,  
- Әй, әрман-деп кейбіреу куалады.  
Зияны жоқ ешкімге, тілі де кем,  
Жылаған бала көрсе уанады.

Кім білсін қалай, өтті бала жасы,  
«Кіші ауыл» Елемекең баламасы,  
Тұысқан, қатын-бала, ағайыннан,  
Тұлдыр жок, құр қатаған қарабасы.

Қарамай сөз бен дыбыс ауысына,  
«Өлең айт!» - десен ғолды ауызына,  
Сары жез шілапшінді тайап қойып  
Қосады даңғырлатып дауысына.

Аралап кетед кейде басқа елді.  
Бірталай егде тартқан жасқа келді.  
Жоғалып кетіп біраз, табылады,  
Мекендең елсіз-күнсіз қасқа белді.

Бұралып аш жүреді бірнеше күн,  
Бір мұсылман үйіне кірмесе, түн  
Жабуына оранып түйелердің  
Сақылдаған боранда күн кешетін.

Пәндасына жазған фой ішіп-жеуді,  
Көрмеседе жалғанда еш демеуді,  
Не берсендеге қалдырмай іше беред,  
Білмейді қойым, тойым, болым деуді.

Кім болсада «апалап», «агалайды»,  
Әрнені айтып әркімді жағалайды.  
Алақаның жаяды еміреніп,  
Насыбай берген жанды бағалайды.

Жақсы көріп ыржып қуанады.  
Не дауа бар, болса осы-туа бағы?  
Насыбайды шайнаумен жұтып қойып,  
Жейді үстіне сарымсақ, жуа тағы.

Болмайды ешбір жанмен өшті-кекті,  
Білмейді жақсы, жаман, атақ, текті  
Баласы Тышқанбайдың Жұмабайын  
Көрген жүрт «Әбжалаң» деп атап кетті.

Құдайдың білмес пәнда сыр мен сыйын,  
Елге ауыр, өзіне емес қыын,  
Үйректеп бір үйге бара берсе,  
Не жақсы, не жамандық болад жиын.

«Таныды Мәшһүр оны әулие» деп,  
Нар тұлға, адам пішін дәу, түйе деп.  
Алланың бір жаратқан жан иесі,  
Көрген шүкір қылсын деп, тәубеге кеп.

«Кет өрі, былай тұр!» - деп бетін қақпай,  
Байқұсты мұсіркейді кінә тақпай.  
Әлдеқалай келгенде еркіндeteded,  
Жүрсө де дүйім елге күнде жақпай.

Ойда жоқ бір саудагер елге келді.  
Шашақты, көкала ою, әсем зерлі,  
Сатып ап тақияны Машһүр Жұсіп  
Кигізіп Әпжалапқа қоя берді.

Ол сорлы жас баладай мәз боп құлді.  
Саусақымен жүргізіп ою, гүлді.  
Ойнап жүріп бергенін бір балаға,  
Естігендер өкініп кейін білді.

Сакиян қызыл-күрең саптама етік,  
Кигізіп аяғына сыйлық етіп.  
Жіберген: «өзің ки!» - деп, берме ешкімге,  
«Жәрайд»-деп диуана да кеткен бекіп.

Келгенде бір айналып бопты жүрдай,  
Етік жоқ, жалаң аяқ қапты тырдай.  
Біреу алдағ алыпты құдай атқан,  
Жүре берген Әпжалап мойын бүрмай.

Жалаң аяқ, жалаң бас қысы жазы.  
Бірақ асайд қос уыс берсен қазы.  
Босағада қарамай әпжалапқа  
Ет жепті Мұхамеджан, Ержанхажы.

- Мұхаметжан, «Кім ?» - дейсің, шатқаның ба?  
Фарафада қайтушы ең, қатқанында!?  
Аяғынан көтеріп мінгіздім фой,  
Нар түйене мінеалмай жатқанында!

Түсті есіне хажының, сонда-ак үқты,  
Жеген еті мұрнынан бірақ шықты,  
- Көтеріп ед бір адам аяғынан  
Осы екен фой - О, Құдай, шебер-мықты.

Деп мойындал шошыды Мұхаммеджан.  
Фарафаны ойына ап жанұшырған,  
Осы болды керемет бір оқиға -  
Әпжалапты ел-жүртқа таныстырған.

Түйедей талыс кеуде, ерен бойы,  
Баладай теткү білмес көніл ойы.  
Құдайдың құдіреті - жаратушы  
Откізген ит қорлықта өмір бойы.

Ал, бірақ, өзі кейіп налымайды,  
Адамдай раҳаттағы жаны жайлы.  
Қашан болсын жүргені қапырықсыз,  
Қайғы, уайым, қасірет дарымайды.

Аузы тұшыр ас-суға жарымайды,  
Көрмейді шайға салым сарымайды  
Ауру-сауын біледі құдай ғана,  
Мұн шағып бір пәндаға жалынбайды.

Алып қаш асау көніл жығар жарға,  
Түспесін, құтылсан да, басың шарға.  
Танғажайып табиғат хикметін  
Мысал қып Мәшһүр айтты талай жанға.

Салсан да отқа бауыр, жұртқа зауыр  
Көтерер қашан болсын сорлы сауыр.  
Алланың арнап берген азабынан,  
Пәнданың зорлап артқан қорлығы ауыр.

Айтар ой алтын дәндегі іріктелді,  
Тербетіп, тебірентіп білікті ерді.  
Беруге арнам сәлем Мәшекене  
Есіктен Айман, Апбас кіріп келді.

Сөз қызып медресе-мектеп жайлы,  
Бәрі де ішіп отыр ептең шайды.  
Мәшекенің әр сөзі есті аударып,  
Елтіген Мәжүнінге болды Ләйлі.

Ашындар медресе Апбас, Айман,  
Демендер табылады молда қайдан.  
Нұргали, міне, дайын, барад бірге,  
Білімдар төрт тараңқа құлаш жайған.

– Қалындық тапсаңыздар... - депті күліп  
Әзілдеп ел окпаны текті біліп,  
Нұргали Апбастармен танысты да  
Салт басты, сабау қамшы кетті жүріп.

Өнер, ғылым-білімді қолдады ауыл.  
Нұргалиға оқыту болмады ауыр  
Сұлтанмахмұт шәқірт боп дәріс алды,  
Көкірегі-от көрік, сокқан дауыл.

Дін мен ғұрып, ғылымнан берді сабак.  
Қызығымен ішусіз қалды тамак.  
Шықай, Шайбай ілесіп оқи алмай,  
Кезек қалып сабактан малды бағад.

Көбі ересек, айтылған ақылды ұқты,  
Бар ішінде сүйетін ақындықты.  
Қызы Мәлике құлпырған бір ғаянартас  
Шыққан сөзі аузынан нақыл мықты.

Маңдай алды баланың осы екеуі  
Ұл мен қыздың ішінде дос екеуі,  
Жайнаған гүл, жанған шоқ лыптылдаған  
Жоқ бұларда дәрістің бос өтеуі.

Нұргали елге үйреніп бауыр басты,  
Жинады маңтыны тәуір жасты.  
«Ақжол», «Айқап» бетінен мақала оқып,  
Талпынып хат тануға қауымдасты.

Қабыл боп аузынан шыққан лебі,  
Мәшһүрге сыбырлаушы бар ма тегі.  
- Көшпек болсаң зымыра деген сөз бар,  
Сен дағы, Рабига, жинал! – дейді.

Жас жігіт Сәду келді көшіруге,  
Сүлеймен ел мерейін есіруде.  
Мәшһүрден оқимыз деп талапкерлер,  
Куанып бала-шаға есіруде.

Көк арба пар ат жеккен жалғыз арыс,  
Сайланған майлап, баптап жолға алыс.  
Астына қайырмалап төселиңген  
Ақ киіз қалындығы жарты қарыс.

Бір аттық женіл арба жарапандікті,  
Жексе де «Жібек жолға» жарап, мықты.  
Үй жығып буып – түйіп бейсенбі күн  
Жөнелді үш арбаға артып жүкті.

Мәшекен бір мақсатсыз жай көшпеген,  
Кітап жиып құшақтап май төстеген  
Бұл көштің барап жері бүйрүк болса,  
Өзен бе, төбе аты ма «Айдос» деген.

«Тұздықөл» жарқырайды шығысында,  
Халыктың қасиетті үғысында.  
Қолтықтай Сағын хажы кора салған,  
Шабындық пен жайылым тоғысына.

Тұр дара Дің иықта мұқыл биік,  
Жанақсан қызы, жігіттей мықын тиіп.  
Корықтың ортасында жалғыз шоқы,  
Жаратқан артық мұны құдай иіп.

Бұл маңда мал мен жанның күйі бөлек,  
Тұрады өзге жерден сүйіп ерек.  
Қай заманнан аталып келе жатыр,  
«Қожа қорық», «Қожаның биігі» - деп.

Капталдаса тұтасқан «Жуан төбе»  
Коныр күзсіз көрінбес қуан көде.  
Жазда, қыста кең байрақ, коя берсін,  
Куып жетед, қойда кеш туған көбе.

Іліккен етегіне кең «Бидайық»  
Жылқы оты, ар жағы адыр кеп лайық.  
«Берікқара» тауы түр арқан бойы,  
Табылмайтын ықтасын тап мұнда нық.

Дейді «Әйкен-Әбділдә» ана тауды.  
Болған тартыс – тарбайыс талай даулы.  
Бүркітші Үпән басына таңнан шыққан.  
Томағалы қыранмен балақбаулы.

Сонау арғы «Ақшоқы» әртінірек.  
Жаяу-Мұса үй салған таппай тірек.  
Жасыбайдан жабылып қуып шыққан.  
Жуан қамшы, өр кеуде, күшті білек.

«Қызыладыр» алдағы мына тұрган.  
Табиғаты жарапған бұла нұрдан.  
Елдің жақын жайлауы, өзен бойы,  
Жарқылдатып құс салған, сауық құрған.

Көз ұшында «Биігі Едігенің»  
Елік, сайғақ, күігі еді тегін.  
Куып жетіп, құрық сап жылқышылар,  
Қорғалатқан түбіне бетегенін.

Одан әрі «Белағаш», мынау «Ботан»,  
«Қарақуыс», «Қараұнгір», қорған, қотан,  
Пана беріп, «Тотия» Бәшерленге,  
Бес қозыға бұл аймақ болған отан.

Мына кіші төбені «Айдос» дейді.  
Суы болса шөп, құрақ қайда өспейді?  
Бұл өзенді жағалай қоныстанып,  
Кедей түгіл жайлауға бай көшпейді.

Мәшекен салған мешіт-медіресе,  
«Орыны осы» – дейді көрген кеше.  
Улкендер көлігінен түсे қалып,  
Дұға оқып өтетүғын алде неше.

Деп Кәтай бастап келді: «Сыйлы артына  
Қалдырған зиялыш үрпақ зинатына,  
Отасқан отыз бес жыл Мәшекенмен  
Рәбіға аpanың зиратына.

Көш тартып жолға шыққан елді еру қып  
Жігіттер «жұз басы» емес ерді «елулік»  
Сатылған Сағын хажы көшті тосып,  
Қой сойып күрмет жасап, берді ерулік.

Мұсәлім болыс күні шарда женген.  
Сабырлы айлакер жан арға сенген,  
Қарсы алып Мәшекеннің көш-көлігін,  
Тай сойып - қонақ асы,бал жегізген.

Байларын «бес қозының» алды жыйып,  
Бермейтін садақаға малды қыйып.  
Салуға медресе-мешіт үйін  
Қаражат шығаруға қосып йық

Сайлады үш адамнан зекетшіні.  
Такуа,калеті жоқ, бекем шыны  
Үш адам құрал-жабдық табатын бол  
Үш адам басқармақшы салушыны.

Бұл үйдің бір құдайда киелігі,  
Сонан соң Мәшекен де иелігі.  
Қор қылмай жас үрпақтың көзін ашсын,  
Фылымның зерделенген жүйелігі.

Деп болыс бастады істі пәтуалы,  
Дуылдан «жөн» деп құпташ жатыр бәрі.  
Үйіріліп әрбір, істің сәті болып,  
Айтты бітті, Машһұрдің аузы уәлі.

Өзеннің күн шығыс жақ жағасынан,  
Су айналған мүйістеу сағасынан.  
Мешіт үйі салынып бітті толық,  
Мұсылмандық білімнің бағы ашылған.

«Айдостың» қысы-ерке, жазы – бұла.  
Тұс-тұстан бала біткен жазылуда.  
Мешіттің тен жартысы – медіресе,  
Дәріс берген Мәшіүр де, Пазылы да.

Бір жылдан бір жыл артып келді жөнге.  
Шығарғандай көтеріп елді дөнгө.  
Алышып үш-төрт жылдай надандармен,  
Мұнафық, күпірлікті көмді көңге.

Мешітте толық өтіп жұма намаз,  
Айтылды көп насиҳат, діни уағаз.  
Бұл елдің үлкен – кіші бір машиғы,  
Түспейтін болды қолдан қалам, қағаз.

Арапша сауаттанып ашып көзін,  
Жатқа айтып пайғамбардың хадис сөзін.  
Сайрап тұр Дәулетбек пен Төлеп, Шәмен  
Талпынған балапандай таппай тезім.

«Талпынған балапандай таппай төзім» дегенмен соң мынадай шумақтар келу керек:

«Сол күннен қалған ұлгі, ұнар тетік -  
Жасының ақыл-оый тұрап бекіп.  
Советтік дәуірде асқақ еңбек еткен,  
Генерал Ахметжан Тұмарбеков.

Жол салды Қасымзада, Мархат, Зейтін  
Көрсетіп үстаздықтың дархан кейіпін.  
Біздермен бірге оқыды кейінгі кез,  
Байбөрі, Шайхы, Миян, Бархан дейтін.

Бұл елдің «қарақозы» тарап аты,  
Тұспеген еш адамның жарақаты.  
Басқа өрлеп, төске шауып жігіттері -  
Мәшіүрдің солай тиген шарапаты.

Жіберер қырына алса, онды сол қып.  
Тыншымас көnlі түссе бермей мол қып.  
Әудескен өмірге еркін өрнек салып,  
Күн кешкен қайда жүрсе көрмей қорлық.

Содан кейін азатты жолмен басталып:  
«Уфадан оқып келген Тұхфат молла» деген шумақ жазылады  
«●» белгі азатты жол керек деген сез.

Бұл арада төрт шумақ бар. Жазылу керек.

- Уфадан оқып келген Тұхфат молла  
Үстасан май шабактай тұрмас қолға  
Айқасып Құсайынмен қағаздасып,  
Омбыға жаяу барып түскен сонға.

Кез болып бірге оқыған тілмаш досы,  
«Кудалап Құсайынның қылғаны осы», -  
Деп алған параларын тізіп берді,  
Болса егер губернатор «көңіл қошы».

Бір тасқын болары анық сен жалғанса,  
Адал жолдас қажымас тең талғанша.  
-Жарайды, алаң болма, қолға аламын,  
Бір жайлы қылам, - депті-сен барғанша.

Айтқандай: Бір әмірлі іс алған пішіп,  
Айқындалып ара сез – жалған пісіп.  
Қабағат ел үстінде сайлау жүріп,  
Құсайын болыстықтан қалған түсіп...

- Тұха, жете білесіз заң – законды.  
Сүріндірдің болысты ат пен тонды.  
Ауылнайдың көрейін өүселеңін,  
Жазып берші маған бір арыз онды.

Астамшылық – біреуді біреу қыскан,  
Ынсан кетсе, қашанда ішкен құскан.  
Ақыл сұрап келеді күнде біреу,  
Көбейіп арызқорлар іштен, тыстан.

- «Пәледен машайық та кеткен қашып»,  
Мен кіммін нақты айтқанда түсін ашып?  
«Көп асқанға – бір тосқан» кездесті де,  
Әйтпесе, женгемін жоқ күшім асып.

Адамзат бір біріне тойса – дұшпан.  
Сырты – қой, іші – қасқыр өтті мыстан.  
Айтыс, тартыс, арыздан жақсылық жоқ,  
Законның тұрған жері көтті қысқан.

Деп Тұхфат келгендеге берген жауап  
Пірге қол тапсырғандай етіп тауап.  
Мәшекен естіп мұны риза болып,  
Тұхфатқа: - таптың – депті – үлкен сауап:

Көп қуып заң – законды көрмей қорлық,  
Қаракозы атанда болса зорлық,  
Қалам ұстап, хат жазып содан былай  
Үлгі бол кеткен екен арызхорлық.

Тұхфаттай о да білгір Шығай халфе  
Жүрмелеген қол қусырып нырай халде.  
Қайда болсын алдынан бала кетпей,  
Қайда жүсе алдынан шықты әліппе.

Жас Пазыл тағылым ап үлкендерден.  
Шыққандай көтеріліп Үркер жерден,  
Өрледі оқытудың жөнін іздел,  
Үйреніп сұрауменен журген елден.

Шаруага мойын салып бұрылмады,  
Байсалқау, еру еді бұрындағы.  
Соғылық дағуаны ұстап қалған,  
Құдайдың, хақ періште құлындағы.

От маздал тұрган шақ ед ошағынан,  
Сыр төгіп ақтарылған дос ағынынан.  
Кездесіп ойда жокта тосын сырқат  
Айырылды жастай алған қосағынан.

Үш жасар қалды сәби есі кірмей.  
Жылайды күннің ерте, кешін білмей.  
Аналық Ұмыснтайдың кекірегін  
Іздейді жағы сенбей, көзін ілмей.

Күйзелді Рабиға, Мәшһүр жаны,  
От сөніп, үй – ішінің жанбай шамы.  
Мәһитті аялдатпай аттандырды,  
Шаригат орындалып дәстүр заны.

Жарасқан баласына бесік, әлди  
Бір кезде ел қараган еді сәнді үй.  
Томпityп қара жердін топырағын,  
Жылында шешесінің өтті сәби.

«Тағдырдың жазулы ісі емес – зорлық»  
Деп Пазыл айтад ісін тұрган сор қып:  
«Кешшеге қанша үйретсөн түсінбейді,  
Оқыту – мыйғұланы екен қорлық».

Тәртіппен ұстаздардың алды қатып,  
Фылымның қалды жастар дәмін татып.  
«Қырсыққанда қымыран ірійді» - деп,  
Жүректен Рабиға қалды жатып.

Күйкі өмір он шақты жыл өтті кетті,  
«Айдоста» ақырында тағдыр жетті.  
Құніреніп Мәшһүр соғып тастан мола,  
Көк тасқа өлең жазып белгілі етті.

Жазыпты: «Тастан соққан моламыз», - тек,  
Құдайға: «Қабыл болсын тобамыз», көп.  
Қайырлы «Жолаушының жолында» сол,  
Әрқашан «Дүға күтіп тұрамыз» - деп

Құранды үш аударып етті хатым,  
Егіліп айтқанында арнап атын.  
- Кеш мені, қадірінді білмесем – деп,  
Макшарда жолықтырсын асыл затым.

Құлазып үйдің іші үнірейді,  
Жұз кісі келсе дағы күнде мейлі.  
Құнысып қаршығасы тұғырда отыр,  
Ақ тазы аштан қалай бүгілмейді?

Тұмсығын ішке тартып бүктеледі,  
Жоғындау дүниенің тұк керегі.  
Сезе ме күйінішті босағада,  
Күрсініп адамдайын бүкпеледі.

Күн өтті қиқы – жиқы, қиқы-миқы,  
Болады екі еркектің қандай сиқы.  
Жаны ашып жәрдем берген көрші – қолан,  
Бірі кеп, бірі кетед үйқы – түйқы.

Кетсе егер, жоқ есікке салар құлып,  
Құлып салу есікке жоқ та ғұрып.  
Ансыраған ақ тазы тұра шауып,  
Бір қозының құйрығын алды жұлып.

Бәдел хажы Баймолда жүртты жиып,  
«Ұстандар деп ұрысыпты итті тиып.  
Ақ тазыны ұстап ап оңашада,  
Қос тірсегін жіберді бірақ қиып.

Кидаланда қансаулап қалды тазы,  
Иттен болып тұрғандай малдың азы.  
Аяушылық, итқорлық өтіп кетіп,  
Мұнау ед сонда Мәшіүр айтқан назы.

-Баймолда, жүрегіммен жазамын шарт,  
Обалын ақ тазының мойның арт.  
Саған айтып сөз өтпес, итпен ит бол...  
Недейін... Көріліктің азабын тарт!!

Баймолда жұз үшке кеп өтті өмірден  
Жалғаннан жақсы – жаман көлті көрген  
Асулы керегеде жатты ғарып  
Сокқандай сай сүйегін кек темірден.

Мәлігі Жанқозының бір барғанда,  
Сәлемдесіп шықсамдеп жүрді арманда.  
- Жатырмын көріп – депті - Мәшіүр берген  
Корлығын көріліктің бұл жалғанда.

Тіл мерген, дуалы ауыз сөзі қабыл,  
Жақсылықта жар салып қақкан дабыл.  
Айналдым, аруағыннан Мәшекем-ай,  
Ел үшін шыжық болған таптай дамыл

Деп жылап Баймолда карт кенкілдепті  
Еске алып Машіүр сезін ең тіректі.  
- Кімдер бар хажы жездей ұрпағынан  
А, Құдай, Фазылыңа ал, бер тілекті

Уайым айтып Мәшіүр түнілмеген  
Ешкімнің қазанына үңілмеген  
Өткелі Рабига түйік еді,  
Бір қатқыл пікір айтты бүгін неден?

«Жыртылып тарта берсе кетер перде.  
Иманның билігі бар талапты ерде,  
Корлықлен тірі болып жүргеннен де,  
Жатқаның жақсы емес пе өліп керде».

Окушым, терең ойла, құлағына іл,  
Корлықтың ауырлығын осыдан біл.  
«Қайғы келсе карсы тұр!» - деген Абай.  
Сабырлық қыл бәріне, ойна да күл!

1 т. 68 б.



# Құйын



## Құйын

«Кешкі боран көкті жапты,  
Қарлы құйын қуалай,  
Кейде ұлыған аң сиякты,  
Кейде жылайд баладай.»

А.С. Пушкин

Тұнеріп қыс та, жаз да «Қарақабақ»,  
Жатады қара барқын, қарақұмак.  
Аспаннан жауған қары байымайды,  
Шаруага таптырмайтын дара тұрак.

Қыс өтіп, тез кеніді жер аяғы.  
Үйтқиды ара-тұра жел баяғы.  
Қай жақтан самал соқса соған беттеп,  
Жылқының тай - жабаға жүр саяғы.

Үйіріп жас шалғынды шыр көбелек,  
Тосыннан жын қаққандай дүр дөңгелеп,  
Кетеріп шөп-салам мен күл-коксты  
Әкетед көк аспанға сұр ебелек.

Жыл еді жұтап шыққан халық жүдеп,  
Барады бір хауасет хабар үдеп.  
Соғысып неміспенен жатқан орыс,  
Басында дейді қазір қара түнек.

Тұра алмай табан тіреп шегінуде,  
Айқаста айла жетпей, женілуде.  
«Қазақтан солдат алад» дейді деген,  
Рас боп, шығып жарлық еліруде.

Он тоғыз отыз бірдін аралығын,  
Тізімдеп жер қазуға жааралығын  
Жинады стражник, болыс, тілмаш  
Қағаздан жігіттерін алар мығым.

Жалтарып бірін-бірі жатыр алдап,  
Параның шықты түрі алар парлап.  
Бармады байдың ұлы бой таса қып,  
Мал беріп, орынына адам жалдала.

Адамның болып алды өзі құйын,  
Бүгін-мұнда, бүрсікүн – онда жиын.  
Петрбордан басталған үйір-үйір,  
Жаулығын желпілдеткен өңшен үйым.

Мәшекен журмеуіне аз өкінген,  
Хабарды көп оқиды мәз етілген.  
Танысып үйдегідей біліп отыр,  
«Социал-демократ» газетінен.

- Келмейді енді, Мәшінүр, ескі өмірін,  
Болмасын оған қапа еш көнілің.  
Деп Яков шақырғанда ала кепті,  
«Звезда», «Правданың» бес нөмірін.

Үйге жүр, қонақ бол қайт, көніл көтер,  
Маржанды ойлай берме жүдеп бекер.  
Қазаннан іздегенге он жыл, бітті,  
Бұда бір үйқы-түйқы өмір де өтер.

Кепейч, мына соғыс хаятпірек,  
Государь жеңе алмайды тауып тірек.  
Отанды қорғау емес, қорлау болып,  
Байлыққа бара жатыр ауып тілек.

Шақырып Яков кетті күнін байлан,  
Орысша, қазақша да бірдей сайрап,  
Өткелі Рабиға Мәшінүр келмей,  
Жүрген соң, түсіндерген бәрін жайлап.

Әзірлеп ат сайманды алдын ала,  
Кербалақ Қаракерді жегіп дара,  
Сембіге Мәшінүр Жүсіп жолға шықты,  
Дәuletбек Әбілғазы көшір бала.

- Ағаш үй асты-үстілі, сай сабасы,  
Жер алған бұлардағы бай баласы.  
Қарсы алды тік көтеріп құрметпенен,  
Дос- тамыр Белденинов айналасы.

Қазақша қымыз құйды, шәйін жасап,  
Моншаны әзірлетіп жуып ғажап.  
Қойыпты көйлек-дамбал тіккіздіріп,  
Сыйлығы біреуінен біреуі асад.

Шақырып Мәшекенниң қимастарын,  
Қой сойып қонақ қылды сыйлас бәрін.  
Бірі айтып, бірі сұрап жөндең жатты,  
Бірталай әңгіменің қиғаштарын.

Жіктеліп орыс, қазақ осы тұста,  
Тұрғанын басып өтті Яков қыска.  
Жасырын жасап жатыр деген сөз бар,  
Қылыш, найза, Сагынай, Субек ұста.

Бола қалды көшілік білмегендей,  
Бұрын тиіп, құлаққа ілмегендей.  
Тіл катта алмай ешқайсы болды жым-жырт,  
Білмесендер ал-енді біл дегендей.

- Дұрыс айттың деп Мәшіүр сөз бастады.  
Отырғанға жағалай көз тастады.  
Бәрі де аузын ашып тына қапты,  
Қорытпай қалғанындаі өз бастары.

- Орыс, казак өштесіп озбас бағы,  
Жібермейді жазықсыз көз жас тағы.  
Бір ауылдың ішінде қырық пышақ боп,  
Шалмақ па ендер «аксарбас», «боз қасқаны».

Бұл жарлығы патшаның мүлде теріс,  
Бір құйын іс туғызған күнде керіс  
Азаматтық құқы жоқ бұратана,  
Солдаттыққа барады қалай тегіс.

«Отаным» - деп, «елім» - деп малданбаса,  
Күлше ұстаған баладай алданбаса,  
Басын байлап ажалға кім барады,  
Қара бастың құнын ап жалданбаса.

Найза, қылыш соққандық емес айып,  
Тұсі суық құрал ғой алмағайып.  
Найза-тұрсын сүйеулі, қылыш-қында,  
Қан төкпейік, біреуді алдамайық,

Софыс құмар пәндалар көп азынған,  
Көп азынған жандарға ор қазылған.  
Әли Фымран сүресі аяғында  
«Қорғанысқа дайын бол!» - деп жазылған.

Баян деген ел аты қасиетті,  
Құрметтейтін сұлулық, жас ниетті.  
Болмау керек бұл жерде бұзылғандық,  
Теппеу керек доп қылышп бас сүйекті.

Ақсақалдар «уай пәле!» - деді құптаپ,  
«Жөн!» - деді дядя Кирил сөзін нықтап.  
Черкашин: «Ел ішіне түгел айтып,  
Тыныштық сақтау керек-деді – мықтап»

Бір жұмыс шешілгендей пәтуалі,  
Тарасты үйді – үйіне тату бәрі.  
Жігітер ел ішінде жатқан кез ед,  
Оқ, мылтық жиыстырып ату дәрі.

Жігіттің тауға сіңіп кеткен алды,  
Байлардан қуып алып текке малды.  
Шатқалға терең, қын үй тіктіріп,  
Күзетпен жүргізбеген тірі жанды.

«Ақөре», «Шалқар», «Талды», қалың «Далба»  
Қайысқан бұл атырап қалың малға.  
Шаруасы жайбаракат, елі бейқам,  
Ен дәулет, оңай табыс қалы барға.

Шу асаяу жылқылары елдің тағы,  
Жарасып енбек еткен-ердің бағы.  
Ішінде «қарақозы» Жұмажан бай  
Болыс боп Мұсалімің женғен шағы

Бәшерлен, Қышқаш қашқын деген атақ,  
Жайылып елден елге шыққан шатақ.  
Таутүйғын басшысы екен бекіністе,  
Желілеп бие сауған байлап-матап.

Кетті екен не себепті елден безіп,  
Не тапты екен есіз белден кезіп.  
Ертерек оқ-дәрінің құлімсі исін,  
Еліктең білді ме әлде жеммен сезіп.

Бай- патша бір ауыз боп жеген жемтік,  
Тапжылмай кедейде тұр деген кемдік.  
Намыстың шыдай алмай жалынына  
Елсізден іздегені еken тендік.

Көп асқан қашанда бір тосылады,  
Оған дейін киіктей жосылады.  
Тобына Таутүйғынның тауда жатқан,  
Өсербай, Шәмшит келіп қосылады.

Мұның да себебі бар өз алдында,  
Өткен іс үлкендердің көз алдында.  
Тарихы Көпеевке жырдай таныс,  
Сұраған соң айтпауга төзе алды ма?

- «Қарақозы» Жұмажан жылқылы бай,  
Қоймаушы еді өзіне жылқышы ұнай.  
Өсербай, Шәмшит дейтін екі жігіт,  
Ойынан қысы, жазы шығыпты ұдай.

Өсербай атқа мықты, палуан ерен,  
Құрықкер, айласы көп, ойға терен.  
Шәмшит өткір, жаужүрек, өжет еken,  
Құралайды көзге атқан аса мерген.

Қызы бар байдың сұлу, ерке жалғыз  
Секілді ажалсызға емдік жалбыз\*  
Қылған қасы, көзі қарақаттай  
Оятар жас жүркесті қалған жансыз.

Өсербай біледі еken еркелігін,  
Әзілдеп сөз айтуға ертелігін,  
Ішінде мазалаған сағым арман  
Шеше алмай маҳаббаттың ермек жібін.

\* Емдік касиеті бар шөп

Сағынның Нығыманы одағы бай,  
Сыбайлас саудагердің одағындай.  
Жалғасып жен ұшынан құда болып,  
Жіп таққан Қапизаға бұла, құмай.

Болған соң қысы-жазы қоныс қатар,  
Кеп жүрген бақалшыдай орыс, татар.  
Көрсетіл Қапизаны Баязитке,  
Алыпты женгелері «қолұстаратар».

Өсербай естіп мұны ескермеген,  
Еркөніл арамдыққа дес бермеген.  
- Қапиза, қымыз берші, жылқы айdasып -  
дегені boldы құлаш кеш сермеген.

- Мен сізге жылқы айdasып ере алмаймын,  
Және де қымыз құйып бере алмаймын.  
Емесе «төн-төнімен, тезек қаппен»,  
Қап салып енді тезек бере алмаймын.

Деп бірден сыздай қапты өні мүлде,  
Ашылып сейлемейтін өмірінде.  
Тілімен біреулердің бұға пісіп,  
Күпірлік кіре қапты қөніліне.

- Жүруші ем қарындастай сені сыйлап,  
Бұл сөзің жанға батты мені қинап.  
Үйіңнен ішер дәмім біткен шығар,  
Төбемнен жауса дағы күнде құймак.

Қапиза, сұлулықта елде пірсін,  
Жастанып байдың ұлын ер деп жүрсін.  
Салмасам ат көтіне үш қайтара,  
Өсербай атым өшіп, жерге кірсін.

Айт елге, айтпа мейлін, істі, еркін,  
Өшпейді өршімесе ішкі дертім.  
Аудартып қара жерді жіберсөн де,  
Өзіңе тап осылай түсті сертім.

Деп шұғыл қыз сөзіне жауап қатып,  
Жылқыға шықпай үйде қалды жатып.  
Қызыл көк түсі бірдей бес ат беріп,  
Орыстан бес винтовка алды сатып.

Шәмшишт жүр артын бағып істің жәйін,  
Жұмажан қырық түйіліп ішті шәйін.  
Құтылмақ жеделдетіп қызды беріп,  
Есіне ер Өсербай түсті дәйім.

Хабармен құда келіп, алды қызды,  
Келін түсті, беташар, ойын қызды.  
Таң атып жұрт аяғы тарай бере,  
Мылтықты төрт салт атты тойды бұзды.

Екі адам үйге кірді түсे қалып,  
Екеуі аңдып тұрды сыртты шалып.  
Жетектеп Қапизаны алып шығып,  
Жөнелді ат артына салып алып.

Бір пәле душар болды ойда жоктан,  
Секілді үйдің іші құйын соққан.  
Шымылдығы жыртылып жерде жатыр,  
Бәязит таяқ жеген қорқып оқтан.

Кім келіп, кім әкетті білмейді ешкім.  
Талықсып қалғанындаі кірмей естін.  
Көз алдында болсада түстегідей  
Түсіндірер адам жоқ жәйін істің.

Жұмажан естіді де соқты санды,  
Бәйібшесі еңіреп естен танды.  
Өсербай мен Шәмшиштің ісі екенін,  
«Ел құлағы – елу» - деп естіп қанды.

Жолбарыс пен мысықтай басқан епті,  
Бірінен сон, тағы бір бастап кепті.  
Он күннен сон, тұн іші Қапизаны,  
Еңіретіп алып кеп тастап кетті.

Ел дүрлікті әр килы саққа бұрып:  
- Не жұрт болад, енді бұл жақта тұрып?  
- Өсербаймен сөзі де болған екен...  
- Қыз екен ғой әкеткен жастай құрық!  
  
- Бәязит енді қайтед ол қатынды?  
- Келдің бе, төлейін – дер – жол хақынды.  
- Аман барып, сау қайттым, сеніңіз – деп,  
Не қылсын жазып берген қолхатынды.

Бата алмады апарып тастауды да,  
Таба алмады сөз мәнін бастауды да.  
Аша алмады себебін кінәласып,  
Өсербаймен ұстасып, қастауды да.

Бір мұпталада тұншықкан қаракүйік,  
Қапизага қарамайд адам сүйіп,  
Оңашада жылаумен, күйінумен  
Өкінішін келеді ішке түйіп.

Тағдырына торыққан алаң еді,  
Дүниеге шыр еткен бала келді.  
Қыркы толмай шешесін тағы әкетті,  
Дірілдетіп Өсербай қара жерді.

Естіп, біліп дуанның атырабы.  
Ет жүргегі талайдың қақырады.  
Он күннен соң кешкүрым әкел тастап,  
Байға қылған келемеж батырағы.

Ел тұнілді жағасын үстап әркім,  
Жігіт жиып күзетті тұстап әр түн.  
Банды десе шошиды құлақ түріп,  
Ұры-қары дегенге нұскап өртін.

Күндіз қорқып, қалмады тұнде үрей,  
Азаматтар алмады үйге түней.  
Үріккен қойдай қасқырдан корлық қөріп,  
Жолаушылар табандап қойды жүрмей.

Әрнені айтып көбейді ақылшылар –  
Қазан асып от жаққан бақыршылар.  
Үстап алу керек деп мән-жән беріп,  
Үйде отырған күпілдек батыр шығар.

Шыққаннан-ақ мұнайып сөздің шеті,  
Бәзіттің қалыпты қайтып беті.  
Тық көрмеген секілді бәз-баяғы  
Қапизаның үйреніп қалыпты еті.

Қымыз ішу кезінде ыдыс жетпей,  
Нығыман бай үйінен кісі кетпей,  
Қара-құра көбейтіп қорған қылып,  
Сарылдырып сарғайтты ірімшіктей.

Байлап тастап кермеге төрт-бес атты,  
Төрт-бес жігіт сұс беріп төрде жатты.  
Ақсакалдар қымызыға қызып алып,  
Қыз туралы соғады шаригатты.

Шыға келіп төбеден сұы қатты,  
Жау тындармай үйдегі шуылдақты,  
Кигіз үйдің үстінен кос винтовка,  
Екі дүркін оқ атып зуылдатты.

Күніреніп көк аспан күріс-күріс,  
Жер жарылып кеткендей дүріс-дүріс.  
Байлаулы аттар быт-шыт қып жүгендерін,  
Ойран – топыр, тас-талқан болды жүріс.

Үні шықпай қалтырап үйдің іші,  
Жанын қояр жер таптай үлкен-кіші,  
Шық Қапиза, қырылмай тұрғанда деп,  
Ат ойнатып ақырды келген кісі.

Ұзбей қалған аттардың басын жиып,  
Шылбырларын жіберді қыып-қыып.  
- Басқа бір жан шықпасын, тек өзін кел,  
- Деп жалаңдал Шәмшит тұр қабак түйіп.

Көрмеп еді Қапиза сынақ жерді,  
Болған екен айықбас жыға шерлі  
Айналақтап бесігін тұрды дағы,  
Көк шапанын жамылып шыға берді.

Қап-қара боп тұтігіп Нығыман бай:  
- Қайдан бердің қырсықты маған құдай,  
Шап, Серғазы Баянға, шақыр өскер,  
Көзге күйік қылмасын бұдан былай.

Деп бақырды ойбай сап иттей кауып,  
Өсербаймен өштесіп, кекті тауып.  
Қызыл айғыр желінің басында еді,  
Үстап мініп Серғазы кетті шауып.

Күрс-күрс атылды оқ, уақыт тар-ды.  
Бір әйелдің дауысы шықты зарлы,  
Құйындағы ұшып барад қызыл айғыр,  
Ажалсыз, оқ дарымай кете барды.

... «Шығад!» - деп күнде әскер, шыға алмады,  
Қалмады прозовқа\* шыдар жаны.  
Әр жерде наразылық бой көрсетіп,  
Бостандық болды елдің шын арманы.

Жұрт қашып Қарағанды, Екібасқа,  
Жасады болыс тізім күнде басқа.  
Байдың берген парасы қойдай қоздап,  
Дүрбелең жұрт жарыды өш пен қасқа

Көбейіп сыйыр-сыйыр, жүріс – тұрыс,  
Басталып тәбелес пен ұрыс-дұрыс.  
Жатақтың жігіттері бірігіп ап,  
Киілгет қайда жұмыс болса бұрыс.

Тұрмайды не қылсанда жалған бұлай,  
Қашанда біршек қоянды алған құмай.  
Селебесін жани сап шығар еді,  
Бақытыбайдың көртайып қалғандығы-ай!

Деп гулеп бір жігіттер дүрілдейді,  
Өшкен жанып, өлген жан тірілмейді.  
Сүйегіміз қалғанша айдалада,  
Соғысып өз жерінде өл, білінбейді.

- «Ақкеліннің» болысы бізден ширак!  
Түсінбек Амангелді сарбаз жинап,  
Тастамақ көрінеді киып-киып,  
Патшаның жендеттерін арам сирак.

\* Прозов-Призыв

Бұл сыйысқа атаман құлақ түріп,  
Тұнделетіп солдаттар сүйт жүріп,  
Шорманның ағаш үйін бекініс кып,  
Пулеметті қойғызды ішке қурып.

Тұн күзеткен тыңшылар, естіп бәрін,  
Сардарбекке жеткізді айтып дәлін:  
- Не қылсада Зәркештің ағаш үйі,  
Соған жиған секілді қаһар-көрін.

Жұз шақты адам жиналған «Алабасқа»,  
Өңшең кедей жігіттер қарақасқа.  
Қылыш, Найза, қақ сойыл-қолда бары  
• Шешім қылды кейінге қарамасқа.

Тасаланып кіруге сөзді байлап,  
Бармақ болды бір табын жылқыны айдал.  
Ат үстіне жігіттер жатып алды,  
Такымға сап көрсетпей сойыл-сайғақ.

Бие байлар шағында бұрқырап шаң,  
Жылқы басты ауылды шұрқыраған.  
Сезіп қалып солдаттар оқ жаудырды,  
Кан төгілді көл-көсір шырқырап жан.

Коршаган көріп өңшең ноян ерді,  
Келтіртпей өрт жіберіп жояр жерді.  
Құрып қойған пулемет үй ішінен,  
Ажал сеуіп сақылдап қоя берді.

Түрегелсе-ақ шалғыдай отап тастап,  
Винтовкадан оқ атад қастап-қастап.  
Сарбаздардың сиреген күшін сезіп,  
Лап қойды командирдің өзі бастап.

Бір сағаттай қыргын кек қол төбелес,  
Соққы болды аяусыз, өлді демес.  
Тұсіпбек Амангелді жараланып,  
Ерлігі ел аузында болды кенес.

Ас-су жоқ, таяқ жеді түрме ішінде  
Бас көнектей, құр аруақ жүр пішінде.  
Тұмсығымен етіктің тебе берген  
Сау-тамтық жоқ алдыңғы бір тісінде.

Бір ай жатып айдалды ит жеткенге,  
Ажал алыс тұрмайды ши жеккенге.  
Тірі қайтар ол жақтан болмайды жан  
Жаксы, оралып қойылса шид шекпенге.

Оқиға бол осындай сан-сапалақ,  
«Тасқа соғып жойылды сан жапалақ».  
Тағдырын Қапизаның ойлатпады,  
Жатсада қайғы тартып, жан қапалап.

Басқан соң «Ақкеліннің» ереулін,  
Пристав асқыннатты елеруін.  
Далбаға бандыларды ұстau үшін,  
Жіберді бір топ солдат-жебеулі ерін

Таң ата басталды айқас «Қияжолда»  
Солдаттар өрлеп келед қыйн, зорға  
Сақ етіп оқ тигенін бірақ білед,  
Көрініп тұрған жан жоқ он мен солда.

Оқка ұшты солдаттар дан оншақты адам.  
Тер ағып мандайлардан моншактаған.  
Атады дымды көрмей босқа, бекер  
Аттағаны екі-үштей болса-ақ қадам.

Тау іші көктүтінге алды тұнып,  
Буалдыр көз алдында қалды тұнып,  
Жоғарыдан атқан оқ жиіледі,  
Төрт – бес солдат құлады тағы құрып.

Күн бата жетті таудың белдеуіне,  
Бір біріне бекініс бермеуіне,  
Қапиза да нобайлап атып жатыр,  
Тұн ішінде жау басып келмеуіне.

Таутүйғын қалды екеуі тосқауылда,  
Ас-сушылар ие бол бос карыуға,  
Өсербай, Шемшил кетті таудан асып,  
Бір құйын – кім ілесед кос дауылға?

Таң ата тағы да атыс қызды майдан.  
- Көріп тұр десед солдат - бізді қайдан?  
Аршалы деген бетке тірелгенде,  
Киіз үй шыға келді терен сайдан.

Жиып ап бар мылтықты асып-сасып,  
Үш жігіт «Аршалыда» кетті қашып.  
Торға түскен торғайдай не болам деп,  
Қапиза жылап отыр бетті басып.

Тілмаш орыс әр сөздің басын құрап,  
Қапизадан бар істі алды сұрап.  
Тұсіндіріп айтып ед командирге,  
Үйіне апарындар, - деді – бірак!

Байына бұл қатынның айту керек.  
Арнайы тұсіндіріп жеке ап ерек.  
«Айдал кел, өз көзіңмен таңдал алып,  
Эскери шығын үшін жеті ат беред!»

Осындаі болған істер дерегімен,  
Мәшһүрдің өтіп жатты ой елегінен.  
Сасқан күндер елестейд Бұхар айтқан -  
Желкіл деген жау келіп желегімен.

- Кепеич-деді Яков - сіз тосылмай  
Сейленіз, тұрмайды ізге із қосылмай...
- Күні кеше Қырықбаев Серғазыдан  
Естідік бала күнде бізде осылай.

- Жайлады дүниені тағы соғыс,  
Соғыссыз орыстарда таза жоқ іс.  
Жаламыр алтын жиған жаһилдердін,  
Дәuletі, атақ - даңқы, бағы – оқыс.

Баяннан бір жұмадай жатып қайтқан,  
Әңгімे қалып жатыр әр жерде айтқан.  
Қатталған айналасы газет-журнал;  
Бір шеті – «Сыр», біршеті – «Ақ жайықтан».

«Петербор», «Мәскеу», «Қазан», «Омбы», «Тәшкен»  
«Төнкеріс» айтылатын болды нәшпен.  
Марксизм таралып, үстем тапты  
Ереуілдеп жұмышы ұрды таспен.

Енбек аз деп бар жерде кенейді дау.  
Саясат сөйлегенді демейді сау.  
“Далой царя”, «Жойылсын қанаушы!” деп  
Не қылсада патшага көбейді жау.

Жаз өтіп кыстың акпан төнкерісі,  
Белгілі болды Ресей өзгерісі.  
Уақытша үкімет билік алған,  
Ырбай – тыrbай жағдайды көз көрісті.

Юденич, Керенский, Деникин бар,  
Врангель, Колчак-көкжал Генералдар.  
Паршалап Ресейді бөліп алып,  
Жанталас билік қуып жүрген жандар.

Ақпатша жағамызға жармасып ед,  
Жыландаіын жиырылып арбасты тек.  
Бекболатты естідім, ел алдында,  
«Бұрындай» төбесінде дарға асты деп.

Әңгіме тындау үшін келген шалдар,  
Қаудырап кигендері тері шалбар.  
- Мәшһүр-ая, айтып жатсың тусінбейміз,  
Отырған тындалап біліп, қанша жан бар.

Айтсаншы шаригаттан табар сауап,  
Құлакқа ұнайтуғын жағар жауап.  
Ақпатша жарықтық-ай құрыды ма?  
Көшерде бастан бакыт солай ауд!

– Онда отыр, айранынды ұртта дағы.  
Қойының май құйрығын құртта дағы.  
«Гүстік болса өмірін, кештік мал жи!»  
Өлем ғой деп әйтеуір, құртпа тағы.

Шаригаттың тұрары - бес парызын,  
Мойыныңда болмасын еш қарызын .  
Күні бұрын жылай бер, жалына бер,  
Құдыретке жетпесін кеш арызын.

Көгертелд деп молданы гарып басың,  
Құрымасын жалынып жарым жасың.  
Бермес бұрын басқаға «иман» тауап,  
Мыкты болса молла өзін жарылғасын.

- Сактай көр, неге үйдейік молдаларды,  
Жарыктық, айта ма әлде жорамалды.  
Жұрген соң құран ұстап, кәлима айтып,  
Қайтеміз бағаламай қолда барды!

- Әуенімен пайда ойлап, қылған кәсіп,  
Хабары жоқ ғылымнан болса пасық,  
Терен қалта, кес қемей молдалардың,  
Сауабынан кетеді обалы асып!

Көзім талды қағазға қарай-қарай,  
Болады деп заманың арты қалай?  
Барлық жерде іс бол түр құйын қаққан,  
Ақыл-естен тандырар талай-талай.

Хабарласар біреулер ілкім берік,  
Берсе егер қазірде жүруге ерік.  
Керекуде не жағдай болып жатыр,  
Отырғаным бір барып білгім келіп.

Мәшекең екі айтпайды ойға алғанын,  
Сақтап жұрген бар өмір бойда арманын.  
Ынтығат та тұрады көргісі кеп,  
Ел үшін дұрыс қоғам орнағанын.

– Мұхаммед-әмен келем деген еді.  
Кереку келсе тегін емен, тегі.  
Семейден Жұсіпбекпен бірге шықпақ,  
Мұнда болмақ неше күн екен шегі?

Айтты да келер күні кетті жүріп,  
Тың-тыңдал ел құлағы болды түрік.  
Тымық күнде секілді құйын соккан,  
Ойран-топыр қылып жүр көпті жүлік.

Паром аузы жүргінші ығы-жығы,  
Айғай-үйгай, боктасқан қалмай тығы.  
Сыпайылық, сый, рахым танылмайды,  
Кімнің кім екендігі, қандайлығы.

– Иа, Алла, зарықтырып қылма сандал -  
Деп – білейін, танитын қандай жан бар,  
Ат-арбасын қалдырып келе жатқан,  
Мәшһүрді көріп қалды Арын, Қамбар.

Ат тоқтап, паром тұрып, жатқан байлап,  
Қос паромшы кеп сәлем берді жайлап.  
Елдің сұрап аман-саяу, есендігін,  
Ат-арбасын алдырды қойған байлап.

Тұсірді паромның тең ортасына.  
Жұрт таңырқап Мәшһүрдің формасына,  
Үкі таққан ақсары нұрлы жүзі,  
Үқсайды көктен түсken қолбасыға.

Шықты аргы жағаға, зарықпады,  
Куанышты от сезім шарықтады.  
Ақша жоқ, алып шыққан тамағымен  
Сыйлады жолда отырған ғарыптарды.

Жөнелді кос қаракер бұлан қағып,  
Дегендей бар ма жолың бұдан да анық.  
Жалт-жалт беріп әрнеден үркектейді,  
Көргендер сырт келгенін түрдү аңғарып.

– Дәuletбек, енді менің есебіммен,  
Солға бұрыл келесі көшеменен,  
«Кирпичный сарайда» бәрі білед.  
Паромшы Қамбар үйі қайсы?-десен?

Қамбар да паром тоқтап келді іле,  
Мәшһүрдің үйге түсेतінін біле.  
Сырласып: «Көппен бірге жарылғасын»  
Деп жатыр Мәшекен де «елді тіле!»

Үй толды, көніл байып мәре-сіре,  
Бір қуаныш, бір қорқып кеткен зәре.  
Мұхаммед-Әмен кепті Жұсіпбекпен  
Қасапшы Қасым үйі болып мәре.

Бар дейді Сұлтанмахмұт о да бірге  
Белінбекен өуелден елде ірге.  
Қала десе жастардың жаны емес пе,  
Құмарлана құлайтын жана түрге.

Құлақтасып Мәшһүрдің келгендігін,  
Естіп Құнтай хазірет елден бүгін,  
Олқы-толқы күй кешті түйткілденіп,  
Мін тағып кете ме деп, күтті түбін.

– Мұхаммед хақ пайғамбар құдай досы  
Салған жолы, хадисі-көніл хошы,  
«Алыстан алты жасар бала келсе,  
Алпыстағы шал келед» – деген осы.

Деп келіп сәлемдесті ертеңіне,  
Құдайдың ризалық қып бергеніне.  
Дәм татып кетініз деп ниет қылды,  
Үйіне қалап Мәшһүр келгеніне.

Мұхаммед - Әмен келді кешке қарай,  
Қайтқан сон күн шапағы қызыл арай.  
Мәшһүр отыр үстінде жайнамаздың,  
Гулеген көкірегі алтын сарай.

Оқып болды әлден сон бата қылып,  
Сабырлықпен босатпай қате қылық.  
Сәлемін ап құшактап, мейрі түсті,  
Мандайынан иіскеп ата құлық.

Әке, бала сырласты сөйлеп кезек,  
Хал-жағдайды білісті ойдағы өзек.  
Үй қайғысы, ел мұны, қофам зары,  
Құдай басқа салған сон пенде төзед.

– Ақпатша қай кедейге рахым етті,  
Байларға дегендер көп акым кетті.  
«Алаштын» бір мүшесі болу үшін,  
Шақыртып алдық Сұлтанмахмұтты.

Топтанып жұру қазір болды қыын,  
Уақытша үкімет шайқап миын.  
Полиция қолма-қол қамауға алад,  
Өткенін біліп қалса, байқап жиын.

Жұсіпбек амандаласар ертең келіп,  
Жұруге рұқсаты бар берген ерік.  
Әлеуметтік жағдайды түсіндірер,  
Қатысты кей бір істі теріп-теріп.

Сіз бізді таба алмайсыз ізденеміз.  
Сұраса, көрдім-білдім біз деменіз.  
Жүрініз бой таса қып қашан болсын,  
Тізімде белгі қойған сізге негіз.

Боламыз енді екі күн осы жақта,  
Кешке келіп кетермін кісі жокта,  
Саясатқа кайтесіз араласып,  
Жанып тұрған бұл күнде қызыл шокқа.

Ертенине Жұсіпбек келді кешен,  
Жүрген жайын баяндап аман-есен,  
- Иман берсін, Мәшеке, женгемізге -  
Биғайын қатесі жоқ анам десем.

Біздің ғұмыр барады арпалыспен,  
Күш қоса алмай қор болып алты арыс тен  
Саясаты орыстың асып кетті,  
Алдынды орап шыға кеп қалтарыспен.

- Патша құлап ісіміз басса онға,  
Үкіметті Уақытша дей ме сонда?  
Әлде жүрген сұрала күшік бар ма,  
Мазалап түсіп алған қалмай соңға?

- Төңкерісі Ақпанның «осы үкім!» - деп,  
Жазғанына сенбендер, бос үміт тек.  
Жатыр казір, Мәшеке, оны айтсаныз  
Құйындарып құрылып қос үкімет.

- Екі кеме күйрығын – Абай тегі -  
Ұста жетсін Бүйрығың! - демеп пе еді.  
Біздің қазақ халқына қос үкімет  
Айналайын, Жұсіпбек, керек пе еді?

- Сөзініздің жаны бар, сынап сөксек,  
Ак жолында «Алаштың» жігер тәксек,  
«Уақытша» да, «қосы» да керек емес,  
Автономия құруды журміз көксеп.

- Қабыл болсын тілегін, келсе шамаң,  
Ұлттымыздан көп шықса білімді адам.  
Ахмет, Міржақыпты естіп журмін,  
Алаштың азаматы болсын аман,

- Жетеміз қанша жерге білед құдай,  
Құпия күресеміз бұдан былай.  
Деп Жұсіпбек қоштасып қайтып кетті,  
Тұрайық хат жазысып - десіп - ұдай.

Өрімдей ұзын бойлы, қараторы.  
Сүйріктей сұлу саусак, сұнғақ қолы  
Қыылған қас-қабағы қыз баладай,  
Кезі еткір қос жанары нұрға толы.

Сәскеде Сұлтанмахмұт келді кіріп,  
Сессенбей ешнәрседен сәлем беріп.  
Кешегі Шонның шөпшек шөбересі  
Жанасқан жақсылардың сонына еріп.

- Шырағым, сәлем берсөң, сәламат бол!  
Үлкен сыйлап көрген бұл-салуат жол.  
Елге тірек, табанды, ұйтқы болған,  
Данаалардың соны еді - Шон атаң сол.

Тұрғанына не жетсін жанып ұл-қыз.  
Қызықтауға соларды жарап тұрмыз,  
Едіге, Шон, Торайғыр ізсіз кетпей.  
Туған екен артында жарық жұлдыз.

Көресісін көрді ел, дала мұнды,  
Сағынып тұр жас қайрат қаламынды.  
Шебер құдай баянды бағынды ашсын,  
Құтты қылсың ақыл-ой, талабынды.

- «Мен балаң жарық күнді сәуле қуған  
Алуға күнді барып белді буған  
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін  
Болмасам толған айдай балқып түрган».

Үн қостым большевиктер ашуына,  
Жұмысшы-солдаттардың басуына,  
Калчактың да санаулы күні қалды,  
Тақтан тайып бір түнде қашуына.

Жібермей қанаушы тап қуын көпке,  
Қалдырмай қара халық шуын текке,  
Алуға Автономия ерікті ел бол,  
«Алаштың» кетерісем туын көкке.

Деп Сұлтанмахмұт та шешті шерін,  
Білдіріп көнліндегі шекті дерін.  
Әйтсе де, айта алмады, койды іркіп,  
Тарихтың ақтаңдағын, кекті жерін.

— Айттың дұрыс, жүрекке түйстінді,  
Шын жыласа көз жасын иетін-ді.  
Тәуелсіздік ғұмырға қол созсандар,  
Қабыл қылсын, қарағым ниетінді!

Екі түн Әмен келіп жатты бірге,  
Баяндал замананы нақты түрде.  
Сырласып әкелі үл түн бойына,  
Ағытып ой шідерін, такты құрде.

Қалада көп хаусет өршіп дүрмек,  
Мешітке барып келіп, болды жүрмек.  
Қазірет бірер сұрақ сұрағанда,  
Тастапты шаригатпен шырманп күрмел.

— Мәшеке, тыңдаңызышы, - депті Құнтай  
Бірдей қып жаратпаған көпті құдай.  
«Фідияға» мал байлап қайтып алған,  
Көріп пе еңіз с рода кепті мұндай?

— Жаназа, фідиянің ұстап жібін,  
«Көтерем-деп-бар күнә өткен жүгін»  
Естігем, алған қара сиырынды  
Арынның қайта айдан кеткендігін.

Тиылындар! Хазірет, босқа лақпа!  
Бір бүктеп, шаригатты салып қапқа.  
Құдай анқау сарт емес сен алдайтын,  
Өз күнәннан арылып, басқа қап па?

Бұрынғының жандары болды-ау зерек,  
Шаригатта сақтаған дәлел, дерек.  
Хадиспенен құранда жоқты тауып,  
Қожа, молда дүние қумау керек!

Хазірет тез ширығып, ой аша алды,  
Қатығез намыс құмар қара шал-ды.  
Қонаққа шақырмақ бол отыр еді,  
Көnlі қап, сылқ еткізіп қоя салды.

Алған ба Мәшіүр тыным, кетті жүріп,  
Секілді қара дауыл бұлтты түріп,  
Барады кейінгі кез тым ашынып,  
Айтып тастап, бүркіттей бір-ақ бүріп.

«Қалқаман», «Жамантұз» бен «Тораттатып».  
Екі түн бекеттерге қона жатып,  
Шақшаннан Қожалақта Ордабайға  
Кеп түсті талма түсте тұра тартып.

Жым – жылас ауыл ұсті, кеткен ырық,  
Ойда жоқ қапылыста түскен құрық.  
Бейсаут дыбыс берер ит қалмаған,  
Дуговтың солдаттары өткен қырып.

Азamat тау паналап қылған амал,  
Қалмаған тығылудан басқа ғамал.  
Ұстап ап қатын – қалаш, қыз – қырқынды.  
Қоркытып өүре қылған жағал – жағал.

Ауылын Әзмағанбет солдат басып,  
Арбалап ақ кигізді жолға тасып.  
Сетейдің үйін тінтіп тауып алды,  
Қазиза, Әзизаны, құлыпты ашып.

Екі қыз шырқырады жаны шошып,  
Құтқарар жан табылмай ақыл қосып.  
Еліктің ит талаған ылағындай,  
Жіберді жылан қамшы осып – осып.

Қасқырдай он бес солдат алды қамап,  
Жабылып жолбарыстай жүлдү талап,  
Шыңғыртып кезек – кезек азаптады,  
Өнебойы дал – дал жатты қанап.

Босатпай Әзизаны кетті алып,  
Байлаулы қол – аяғы жатқан талып.  
Көтеріп екі жігіт салды арбаға,  
Жаралап жас жүргегін ойран салып.

Ақ манар, қарақат көз, оймақ ауыз,  
Бірде бір ашылмаған бойда қауыз.  
Желігін жел көнілдің басу үшін,  
Келемежге, ап жүрмек қанды жауыз.

Тайынбай қарсыласты қарғап, ұрсып.  
Арбасып, арпалысқан қолды қыршып.  
«Тұлқінің қызылдығы өзіне сор» -  
Басына сұлулығы болды қырсық.

Ылайлап ауыл үстін көшкен қашқын.  
Қиратып қырып – жойған, өлсөн де азғын.  
Желіден биелерді мініп кетті,  
Құтырған, құйын құған өңшең ақ жын.

Қүйінді Мәшһүр Жусіп назаланып,  
Жазықсыз қалған елге жазаланып.  
Жиғызып азаматын айналаның,  
Көтерді түн ішінде мазаны алып.

Жол бермей жігіттердің жасыуына,  
Жылысып жау құтылып қашуына,  
«Бөлініп жолдың екі қапталын ап,  
Бекініндер екі аула асуына!»

Деп солай «жә, бәселеп» сезді байлап,  
Жамылып түн қойнауын көзді сайлап.  
Сай – саймен, жылға – жылға тау ішімен  
Дыбыс бермей жүргуге төзді жайлап.

Тогайға таң алдында келіп кірді,  
Тосқауылға онтайлы таңдал жерді.  
Бой тасалап, бұқпалап атыспақ бол,  
Бір - біріне жасырын беріп белгі.

Жау қарасы көрінді «Кең - өлеңнен»,  
Үш – төрт арба, атты әскер көлендеген.  
Өкпе тұсқа келгенде оқ жаудырды,  
Әзмағанбет ұлдары түгел мерген.

Оққа ұшып, екі – үш солдат топтан қалды.  
Естіліп әлсіз дауыс өте зарлы.  
Жан – жаққа пулеметтен оқ боратып,  
Шаңдатып, құйынданып кете барды.

Өлікке ақ солдаттар қарамады.  
Қазактың жігітері тарамады:  
«Айрылдық қолымызға түскен жаудан -  
Өкінді деп - мұнымыз жарамады».

- Келеді қайдан бізге ғайыптағы -  
Деп Мәшһүр елдің ісін айыптады.  
Жалғаның ғамалынан маҳрум қап,  
Енжарлық алдымыздан айықпады.

Ызамен қолына алды қағаз - қалам,  
Ой кернеп елді - жұртты мазалаған.  
- Аунайтып шапқыншылық шандағына  
Қашанда қазақ па еді жазалы адам?

Құбылып ала күйин басқан белді,  
Таңба сап тарихына байқан белгі.  
Талатып жыртқыштарға қоямыз ба,  
Ашық ауыз, қарусыз бейқам елді.

Айтамын мұны Сыздық Аскар саған  
Ер ер ме, елін қорғап басқармаған?  
Тайынбай тартыска түс, кос басынды,  
Көзінен ғарыптардың жас парлаған.

Бұл хатты Бекке берді табыста деп,  
Тартындар азаматтар намысқа тек.  
Болашактың бақыты қолдарында,  
Тұрындар ақылласып Қанышқа кеп.

Ел ішінде дүрбелен қашты - қуды,  
Еніретіл беттерін жаспен жуды.  
Ойға алғанын орындал өтіп жатыр,  
Корек қылған солдаттар аңы суды.

Уақыт өтед қуантып, кейітіп те.  
Қапы қалсаң тұрмайды кейін түккес.  
Осы мәндес бір хатты Баяндағы  
Жіберілті Асылбек Сейітовке.

Асылбек дәрігер еді білгір, маман.  
Әскери лазаретте белгілі адам.  
Қаныш пен Сұлтанмахмұт сонда емделіп,  
Сырқатты қынданатқан ділгір заман.

Келген сон шұғыл хабар, дәкей міндет,  
Кез таса оқып шықты, көкейінде ед.  
Айқындал жазған хаттың аяғына  
Қол койған Мәшһүр Жұсіп Көпееев деп.

Жана талап, тілекtes, біліп отыр.  
Аймауытов, Әуезов Мұхтарды оқыр,  
Жар салған «Қазақ», «Айқап» газеттері,  
Баянның іші дүр - дүр, ойран - топыр.

Жіктелген орыстар да екі тарап,  
«Большевик», «Меньшевик» бол еркі қалап.  
Позняк, Заремболар күреске енген,  
Ленин мен Сталиндік жолға қарап.

Басталды бір арпалыс ұйқы - түйқы  
Ой туып түсініксіз қиқы - жиқы.  
«Бұрынғы күн-күн екен, ендігі күн -  
Жыр болып», ел ішінің кетті сиқы.

# Киын



## Қын

«Мақтанба басыңызда бағыңызға,  
Қартаймак қын сауда тағыңызда.  
Сізге де сорлы болу қын емес,  
Басыңынан бағың тайған шағыңызда!»

Жаяу Мұса.

Бұл қыс қатты, шаруаға болды ауыр.  
Жәрдем жасас алмады туған бауыр.  
Күрек аршып Қорықта малын жайып,  
Бұрсен қакты дірдектеп бүкіл ауыл.

Қаппен тасып томардың қу өлеңін,  
малын сақтап сонымен күн көремін.  
Деген тірлік кетірді екі – ак айда,  
Алқам - салқам бос жатқан ел сүреңін.

Шағын малы Мәшһүрдің қорасында,  
Шаруасы жоқ аязды борасында.  
Діттегені хат – қағаз, газет – журнал,  
Ел жылаған көз – жастың сорасында.

Сұрағанға қыскы хал, мал жағдайын  
Қашан болсын жауабы болған дайын.  
«Алхамдулила, шүкірлік!» - деп қыскаша  
Ризалық Аллаға қылған дәйім.

«Келді ғой талай сүтті, талай құтты  
Дүниеде қанша ойнаса Мәшһүр ұтты  
Мал жиып бай болайын демегеннен,  
Өмірі көрмей өттім қыс пен жұтты».

Тандамалы  
I т. 112 б.

Деген сөз сорғалады қаламынан,  
Мал өрген сауапты әрбір қадамынан.  
Байды көрсө жоламай қашып жүрді,  
Дүниеге құнығу харамынан.

Жаз шықты созаландап әрен – зорға,  
Қатқақсып жылқы түсіп қалың сорға.  
Көктемде аяқ артар ат табылмай,  
Жігіттер болды торғай түскен торға.

Совдептің елге шығып адамдары,  
Үмітті жақсылықтың атар таңы.  
Жақын – деп, митінгі ашып таныстырып,  
Құлақта үкіметтің қалған зары.

Берілсін бар үкімет советтерге!  
Орнасын Совдеп елді барлық жерге!  
Жасасын жұмысшылар депутаты,  
Күш берген басын қосып қыран ерге.

Деп келіп Сұлтанмахмұт «Қызыл тасқа»  
Откізді қызу жиын кәрі, жасқа,  
Улken, кіші ауылы Еламанның  
Ідірап Ақбеттаудан бұзылмасқа.

Алаштың атқа қонып азаматы,  
Құтылар бодандықтан қазақ аты.  
Келді кез, ағайын жұрт көзінді аш,  
Құрылад әділ қоғам, таза заты.

Тұшынып ел құлағы етті елең.  
- Халықта түсіндіріп айттып келем,  
Жасасын бостандық пен тендік, бақыт,  
Еңбегі бабалардың еткен ерен!

Ысқақтың Нарботасы қайран қалып,  
«Айdosқа» қос атпенен жүрген алып.  
Митінгі басталғанша жұрт жиналып,  
Мәшһүрге сәлем берді арнап барып.

Бостандық, ұлт намысы әділ мәнін,  
Жадында жаттау үшін әр ұланның,  
Жас ақын – Сұлтанмахмұт оқып берді,  
«Алаш» деп жазған алғаш әнұранын.

Мәшһүр кеп мәжілістің беделі артты.  
Енгізді сайлау үшін жедел шартты.  
Совдептің мүшесіне оқыған жас,  
Кедейлер болсын деген белгі тартты.

Куанды Жаяу Мұса үйде жатып,  
Көкке қолы жеткендей күйге батып,  
Ай туды алдымыздан деп кедейлер,  
Бұлдайтын болды сөзін биге сатып.

Кешегі «Қызылтаста» қылмай қауып,  
Халықтың көтерінкі көнілі ауып,  
Нарбота, Ақботалар өлең айтып,  
Жиынның ең аяғын қылған сауық.

Бүтін де сол рауаят өтіп жатты.  
Сөйледі кешегіден өкіл тәтті.  
Әркімдер ән айтқанда қошаметтеп,  
Әзірлеп Нарбота да әкелді атты.

Айтпады ақын жігіт сырын ішкі.  
Өзі ғана біледі істер істі.  
Ревкомның сыйып берген жол сапары,  
Көкдомбақ – «Үкібайға» келіп түсті.

Нарбота қайтты еліне осы жерден,  
Сұлтанмахмұт босатып рұқсат берген.  
Шідерті болысына апаруға,  
Төлеубайдың Тұсібі ед соңына ерген.

Ақын алда, «Жол жорға» аяндады,  
Тұсіп тартып ат басын таянбады.  
Иба қылып келеді қатарласпай,  
Жөтелгенін окта – тек жәй аңдады.

Күбір – күбір сөйлейді кейбір кезде,  
Бақсы – балгер секілді көрер көзге.  
Төсқалтадан ала сап қағаз, қалам,  
Токтағанда тіл қатпай болады өзге.

Сүйкектетіп жазады – ай, жазады – ай кеп.  
Тарқағаша құмары ғажабы – ай көп,  
Ұмыттырып жіберіп айналаны,  
Бере ме жыр иесі мазалай тек?

Деуші еді Тұсекен де есіне алып,  
- Бір болғам екі күнге жуық, анық.  
Әйтеурі сөйлесіп бір шешілгенше,  
Жүретін ақын жаны буырқанып.

Шідерті болысында өтті жиын,  
Койылды түрлі сұрап қыын – қыын.  
Бәріне Сұлтанмахмұт жауап беріп,  
Халықтың көрді дәстүр құрмет сыйын.

Бұл әншайін боп көрініс өтті солай.  
- Адастырмау керек деп көпті олай!  
Шыға келді «ессер» мен «меншевиктер»,  
Байды жакстан, қолпаштан тауып қолай.

● Дуанның іші ду-ду, өсек гу – гу,  
Дүрліккен қалың жатақ күнде шу – шу.  
Қарулы көтеріліске дайындалып,  
Астыртын большевиктер көтерді ту.

Атаман Антоновпен ақыл қосып,  
«Қораптан» қызылдардың алдын тосып.  
Атқылап тауға тығып тығырыққа,  
Жонтаспа алмақ болды оқпен осып.

Жер қазып жол бойына окоп – қорған.  
Оқ – дәрі, қару - жарақ әкеп толған,  
Атысу ұяларын әзірледі,  
Кетпестей қызыл өскер шығып тордан.

Иосиф сап сары ала қияқ мұртты  
Сырықтай сұсты кескін сиқы - сыртқы  
Биіктеу жерге шығып бақылап тұр,  
Куырып көз қырымен барша жұртты.

Жанталас шапыр – шұпыр, абаң – күбен,  
Бұқпантай жасырынған бүкең – бүкен.  
Жалғасып жүрегімен солдаттардың,  
Қалтырайд жапырақтар қызыл – курен.

Демейтін бірге біреу «неге жүр ен?»  
«Қайтседе жеңіп шығам, өмір сүрем!»  
Тынымсыз қашты – қуды, құні – тұні  
Алақандай Баяннан кетті сүрен.

«Шоңайда» атты казак шоғырланды.  
Ат жиып елге салды Шодыр ланды.  
Қылышын тасқа жанып жарқылдатты,  
Қырам деп коммунистік содыр жанды.

Астырын «большевиктер» буырқанды.  
Жамылып қап – қара түн – жуырқанды\*  
Ақмола, Қарқаралы қатар кеулеп,  
Колчакты Керекуде куырғанды.

Мәндеді келген әйел бір от ала,  
«Басталды – деп – бостандық, бірлік бола  
Советті мақтауменен ырқы кетіп,  
Бұрылды елдің беті біратола\*\*

Рыбалко, Заремболар кірлі күшке,  
Іс қылып үш үйіктаса кіrmес түске.  
Бір түнде телеграф почтаны алып,  
Күзет қойды қарулы сырқа да, ішке.

Білмеді ел командирлер есімін де,  
Тым құпия сақталған шешімін де  
«Капарка» мен «Шоңайды» қоршап алып,  
Тұншықтырды тапжылттай бесігінде.

Ұстады Иосифті бекіністен,  
Оқ шығармай берілді өкінішпен.  
«Мәшіүрдің» елді қанға бояма!» - деп  
Сан айтқан насихаты шықлады естен.

Қазғызды өз көрлерін өздеріне,  
Адам жок құлақ асқан сөздеріне.  
Төрт – бесеуін қойды да қатар – қатар,  
Көрсетті шыбын жанын көздеріне.

Ревкомитет атынан бүйрүқ беріп,  
Винтовка үні жер – көкті қетті керіп.  
Селк – селк етіп «Қызылшың» шошып тау – тас,  
«Корап», «Қарап» жөнелді күніреніп.

\* жамылғы, көрпе.

\*\* біржолата

Иосиф екі атқанға құламады.  
Көрді қайсар ен соңғы бұла таңды.  
Қанды қанмен қайталап жуа – жуа,  
Тайынбаған Октябрь - «Ұлы» атанды.

Құрылды нұсқауменен Совдеп жедел  
Кедейі орыс – қазақ алды бедел.  
Кирсектін хатшысы боп Асқар Сыздық,  
Сайланды қазактарға бағдар берер.

Алаштың азаматы атқа мінді.  
Жақсылық көреміз деп жарық күнді.  
Шықпак болды бостандық ойлағандар,  
Қақыратып қаранғы жарып тұнді.

Көбейді шолтан, шолақ белсенділер.  
Түсінбей шабуылдан ел сендерелер.  
«Ұлы Октябрь», «Төнкеріс», «Бостандық!» дейд.  
Білмейді не бостандық? Кімге сенер?

Әркім тартқан көрпені өзді - өзіне,  
«Одак», «Алаш», «Ресей» - жүр сезінде.  
«Ленин», «Совет», «Большевик» - ел аузында,  
Бара жатыр аталып бір сезімде.

Ішінара көбейді өшті – қастық.  
Араласып күреске жалын – жастық.  
Революцияның сарбаздары -  
Бір-ак түнде жок болды талай бастық.

Кепілдеме бергендей өлмесіне,  
Поздняктың тал түсте бөлмесіне,  
Кіріп барып Кирилин оқ – дәрінің  
Апармақшы болыпты көмбесіне.

«Тығынды оқ – деп – Капарда қалған жатып»  
Әрен іздең тапқансып сандалатып,  
Оқ – дәріні көрсетіп болып әбден,  
Атқа міне бергенде салған атып.

Уш күн іздең сүйегі табылмады.  
Күдіктенген адамдар танылмады.  
Көріп келіп хабарлап бакташылар,  
Солют беріп, сол жерде дамылдады.

Тас қоралар тұрме боп кетті толып,  
Салпаң құлақ тынышылар көпті торып.  
Қызылжаға ұстап ап тықты әкеліп,  
Төңкерістің жауы деп сырттай жорып.

Шіркеу, мешіт, жабылып медресе,  
Күгіндалды молдалар әлде неше.  
Коммунист боп кедейлер билікке енді,  
Құл – құтанның еркі боп ерем десе.

Сейітжапар, Арысбайлар атқа мінді,  
Орысша шала – шарпы жаттап тілді.  
Атып кел, шауып кел де артық кетіп,  
Төңкеріс қаталдығын ақтап білді.

Қараңғы ел басы қатып азан – қазан.  
Түсініп біліп болмас, кеткен мазаң,  
Төңкерістің үкімі оқылады,  
Дайын боп табан асты «еткен» жазан.

Көбейді «кәрі жілік», «окшантайлы».  
Сұрап біле алмайсың достан жайды.  
«Тап жауы» деген күрес жарнамасы -  
Қарпыды «Ақмоланы», «Қостанайды».

Шам сөнбей, күндіз түгіл тұнде жиын.  
Кең айттыс шешім таппай қызды қыын.  
Басталып Петербурдан, Москвадан  
Үйтқыды Сарыарқада қызыл құйын.

Кирсектің беріп жұмыс желісіне,  
Жасауға түсінік сөз ел ішіне,  
«Айdosқа» Аскар Сыздық ат тіреген,  
Куанды Мәшһүр естіп келісіне.

Елеусіз үйге кіріп сәлем берді,  
«Әлік» ап қабылдады келген ерді.  
- Издейтін Көпесвты жан бар екен,  
Тәуба! – деп, қол алысып шешті шерді.

- Мәшеке, жақыннады жана заман.  
Бас тартатын күн туды жаназадан.  
Дүниенің бәрі де өзгерісте,  
Әрі тарт та бері тарт, азан – қазан.

- Отырмын біліп бәрін, Аскар Сыздық.  
Болмай қоймас маңдайға жазған сыйық.  
Халдерің келгенінше елді қорға,  
Кетпесін Октябрьге болып тұздық.

«Мешітті жабындар!» деп кетті, келіп  
Жебір, жемқор моллаға мені теліп.  
«Ел ішінде тығынды қашқын бар» - деп,  
Жауап апты әркімнен теріп – теріп.

Ақтар келіп алып ед жолымыздан,  
Қызылдар кеп әкетті қолымыздан.  
Мұсәлімнен ат алды, менен мылтық  
Келімсектер қалмай түр сонымыздан.

Көшіп кетті бірер үй төмен түсіп.  
Ас тарайды бойыңа демен ішіп:  
Законшіктер көбейіп бара жатыр,  
Алып қашып лепіріп ойша пішіп.

Дүрліккенмен не табад қалың тобыр,  
Жарық жұлдыз жігіттер болып шоғыр.  
Кедей мұнын жоқтайтын қофам болса,  
Жолығамыз заманға қойдан қоныр.

Жанға батқан тәрізді көшпенділік,  
Көшпенділік арқасы өскен түлік.  
Туғызбаудың ертерек қамын ойла,  
Арасында ұлт пен ұлт өшпенділік.

Енді маған «Айдостан» болмас орын.  
Көріп жүрсек... соққының мұнан зорын.  
Телеубаймен алданып отырғанда,  
Көшейін қалмай тұрып қайнап сорым.

- Әліптің уақыт боп тұр артын бағар,  
Пәлен деп әлі ертерек айып тағар.  
Белінген Ақсолдат пен бандылардың  
Беттері «Дегелен» деп жетті хабар.

Жүрмін соның жәйімен, сұрастырып,  
Жігіттерін қазақтың құрастырып.  
Ертең кешке майданға аттанамыз,  
Үлкен жорық күтіп тұр құлаш ұрып.

Ауық кеткен тәртіпке қылып тиым,  
Ықпалды еді қазакта біздің үйым.  
Мүшесі еді Ревкомның Сұлтанмахмұт,  
Тесек тартып жатып қап, болды қыын.

Сізге ғана отырмын айтып мұны,  
Қозғалмасын қазақтың қайтып мұны?  
Салтанатты Сарыарқа сайран салған  
Халқымыздың барады тайқып құны.

Байқарсыз – деп – жағдайды, дүйім көпті,  
Не дейін, хаяп күшті, жүрек күпті.  
Қимай – қимай Көпеев Жүсіппенен,  
Құшақтасып, хоштасып жүріп кетті.

Айтқан күнде Баяннан шықты әскер,  
Қызыл тулы құрметпен көрген қастер.  
Сухоплюев шерудің ең алдында,  
Тең ортада командир келеді Аскар.

Қарқаралы әскері жетіп бұрын,  
Біліп алған бекініс, жаудың сырын.  
Екі жақтан беріліп жойқын соққы,  
Софысболды аяспас қызыл қырғын.

Иманбеков көрсетті ерлік түрін,  
Өжеттік пен өткірлік, өршіл білім.  
Дәл лақтырып қолтықтан граната,  
Пулеметтің біржола өшірді үнін.

Жаралы жауынгерлер қанын тиып,  
Бораған оқ астында жанын қыып.  
Дәрігер Татьяна опат болды,  
Ақырғы – хош! – деп айтып халін жиып.

Дүшпанға кешірілмес кекті қайрап,  
Аққұлов өле - өлгенінше төкті қайрат  
Тұтқынды топ – тобымен екі бөліп,  
Қарқаралы, Баянға кетті айдал.

Естіді бұл хабарды Мәшһүр тегіс  
«Ел құлағы – елу» фой еміс- еміс.  
Пазылды шақыртып ат ақылдасты:  
- Отырмыз күтіп енді қандай жеміс?

Жұрт мынау көшіп жатыр әр тарапқа.  
Көз таса, құлан жортпас дала жаққа.  
«Есін барда елің тап» - демей ме осы,  
Көшейік, біз де Құрмандоғалаққа.

Төлеубай қасында отыр жұдырыктай,  
Шынтақтап тізесіне дымын ұқпай,  
Қарайды атасына жалтақ – жалтақ,  
Құдырет сездіргендей кейде құптай.

Пазылда сөз бола ма, алды қабыл,  
Мазалап ой – сезімі қақты дабыл.  
Мәшекен немересін қасына алып,  
Құранын жауып қойып, тапты дамыл.

Шәрафи Мәшекене жазған бір хат,  
Ойына түсіп кетіп өлең ыргак.  
Сағынып Төлеубайды жүргеннен сон,  
Өлесіз жазсын хатты қалай құрғак.

- Баласы атасының – Төлеубайым,  
«Шауып жүр ойнақ салып торы тайын.  
Келесің бізге қашан қонақ болып,  
Осымен хат аяғын қорытайын».

Көндіне алды Мәшһүр жазған хатты,  
Немере қызғанышы жанға батты.  
Шәрафи тартып алып кететіндей,  
Сезініп ой үшқынын жарқылдатты.

Қолына жүрдек қалам, қағаз алды.  
Көл қорыған қызығыштай мазаланды,  
- Төлеубайда не ақын бар, ортағын жоқ!  
Көшуге дайынбыз! – деп жаза салды.

Пазылдан хатты жазып қоя берді.  
«Түбінде көшірумен жояды елді.  
Қайта - қайта Ақтабан шұбырынды,  
Саясат қызыл қанға бояды ерді».

Деп толқып кетті біраз ойды куып,  
Жалғанға сабырлы ұстап, бойды сұық.  
Басындағы тағдырды шарифатқа  
Сай келтіріп бұйырып қойды жуық.

... Ұрхия кәмалатты толған жасқа,  
Көрген жан таба алмас дәт толқымасқа.  
Ұлкені ед Сәтекбайдың қыздарының,  
Мінез, көрік, сымбатты болған басқа.

Сәтекбай хақ мұсылман бала жастан,  
Пірадар, тақуа жан қартқа басқан.  
Бәйбішесі Нәсілке оңашада,  
Бір сырдың жүректегі бетін ашқан.

- Қала ма, мына Мәшһүр есіз үйде?  
Жан жоктай жәрдемдесер елсіз күйде.  
Қызына айт, күтім - жайын қолына алсын,  
Түсіндір, әйел сырын ішке түй де.

Одан басы кемімейд, артар бағы,  
Алған бата сауапқа тартар тағы.  
Дуалы ауыз, нұрлы ақыл, касиетті  
Абзal туған Мәшһүрдің шалқар шағы.

Алам десе ата-ана ризалығын,  
Татсын Мәшһүр үйінен сыйлы азығын.  
Ие болсын жұдептей шаруасына,  
Жомарт жүрек көрсетсін мырзалығын.

Ақсақалдар сұрайды пәтуа қып,  
Берді маған құдірет тақуалық.  
Аса алмаймын олардан, көнсін қызыым,  
Сөзін койсын жастықтың ахуалық.

Мәшһүрді де үгіттеп сыйластары,  
Келешегін сез қылды, сырлас бәрі.  
Олай айтып, бұлай деп, толғап топсып,  
Зорға – зорға көндірді жолдастары.

Сол күндерден Үркия тәсегі аппак -  
Келе жатқан Мәшһүрді күтіп баптап...  
Неше мезгіл тамағы дайын болып,  
Не керегін қабактан болды бақпақ.

Үй -ішінің ірені кіріп бүтін,  
Тартып түзу оттары, шықты түтін,  
Ақсақалдар көнілі дауалаған,  
Орындалып ойлдары, болып бітім.

Сөйлесттіріп сол бітім тағы тілді,  
Жүргегінен Мәшһүрдің ағытылды.  
Қалай, қайтып, не ойлап сейлесе де,  
Үркияның жұмбак сыр-бағы білді.

Пазыл жүріп кеткен соң ертеңіне  
«Кәрі шал мен жас қыздын ертегіне»  
Түсіп алып шай үсті айтып берді,  
Тағдыр жазған мандаға, шер тегінде.

- Үркия, асыл затсың сөзіме бақ,  
Устімде, құдайға аян, көнілім ак.  
Ықылас, еңбегіңе риза болдым,  
Қайтейін, қарттық келді, уақытым шақ.

Қарағым, жәрдем жасап аяладың,  
Жаныма рахат тауып саяладым.  
Құдайдан қайтсын, қылған жақсылығын,  
Бойында не дауа бар аямадың.

Қайтейін, табиғаттың заңы осылай,  
Рұқсат тұрғанында қан қосылмай.  
Кекірек көзімде өшпес сәулең қалсын,  
Жалғанда жаңылмайтын жан досымдай.

Мен дағы күн көремін «а, құдайлап»,  
Табылды бұйрық болса барап аймақ.  
Рахмет, айналайын, жолың ашық,  
Тізгіндең үстамайын бағын байлап.

Аккудай қос канатты болсын берік,  
Айдында қатар жүзер тауып серік.  
Самгай бер Үркия жан көк жүзінде,  
Отырам тілүлес боп, өзінде ерік!

Деп Мәшһүр бір күрсініп қалды тоқтап.  
Тигендей төс сүйекке қайың токпақ.  
Тығылды тамағына бір күйініш,  
Өткізген тату - тәтті күнді жоқтап.

Пазыл кеп болғаннан соң толық хабар,  
Жан болмай Үркияға кінә тағар,  
Баяғы үлкендерді жиып алып,  
Мәшһүрдің келді кезі мұңын шағар.

- Сөйлеп тұрмын ағайын миым жоқ күр  
Деген емен тағдырға «құйын соқтыр»  
Бар сүйікті жандарды мұнда тастап,  
Айырылу сіздерден киын бол тұр.

Қызығын көр Сәтеке ұл – қызыңның,  
Біреуі – ай, біреуі – жүлдізыңның.  
Faфу – рахым қылыштар, айналайын,  
Бол жүрмесін қарызы дәм – тұзыңның.

Осылай айтып назын өткен – кеткен,  
Ақтарды ішкі сырды көптен күткен.  
Ас беріп әруақтарға, хош айтсыып,  
Жөнелді бірге аттанып көшкен жүкпен.

Сол күні жетті Құрмандоғалаққа.  
Жүр еді Шарағиден қора жақта.  
Алдынан қарсы шығып, сәлем беріп,  
Көлігін ыңғайлады доғармаққа.

Оралды Төлеубай кеп аяғына.  
Мәшекен сүйеніп тұр таяғына:  
- Ой, күшік – ой, бір елдің орысы фой,  
Танып қойды, кетсе де баяғыда.

Акзейнеп үйден шыкты қылып иба  
- Әтиім келді фой деп, бөлеп сыйға.  
Жолын кеспей қарсы алып, есік ашты,  
Бас салып құшактауға таптай ила.

- Шырағым, есенбісін? - деді Мәшен.  
Байсалды дыбыспенен мәйда, бәсен...  
Төлеубайға: «Әй, бала, аман ба?» - деп  
Ықыласпен қарады Зейнеп әсем.

«Төлеубай!» - деп аты да аталмайды.  
Атауға атасынан бата алмайды.  
«Балам» - деп маңайына жолау қайда,  
Жақындау кеп қасына жата алмайды.

Келінге «Шырағым» деу – тыым екен,  
(Ұсташы салқын қабак сыйы ма екен?)  
Бар бала ата – енеге кетіп қалып,  
Бетінен бір сүйгізбеу киын екен.

Ақзейнеп- жібек мінез, алтын қасық,  
Көрмеген ағаттыққа аяқ басып.  
Сызылған сымға тартқан ақ күмістей,  
Білмейді лепіруді асып – сасып.

Жүргені «Әтиім» деп, сызылмай көп,  
Сүйкімді тұнғыш туған қызындай бол.  
Таниды іш ниетін қас-қабақтан,  
Тұрады көніл күйі бұзылмай тоқ.

Білдірмей бар, жоғын да, аш, тоғын да,  
Өзекке түскен өртеп тас шоғында,  
Бап, Қонақ бірінен соң бірі өліп,  
Қайғының қамалына тап болғанда.

Сарабдал сабырлықтың сақтап қалпын,  
Сезімді дүниелік жақтап салқын,  
Белдірмей ойын төртке, бойын өртке  
Тілеген от басы мен сүйген халкын.

Қалың қып Зейнеп салды бөстек көрпе,  
Ыңғайлы, ықшам етіп жайлап төрге.  
Шынтақтап жатуына жастық тастап,  
Түкіргішін жақындау қойды жерге.

Алып келді әзірлеп шайын қамдап,  
Дастарханға тамағын салды таңдал.  
Мәшекенің бір сөзді айтпақшы бол,  
Отырганын Шәрәфи қалды андал.

- А, Зейнеп, Сен-анасың, Мен-баламың,  
Бір ерке ұлы едім кен даланың.  
Қолыңа қыран құстай қалдым қарап,  
Сендерге сәтті болсын бұл қадамым.

«Ат айналып, табады қазығын» - дейд  
«Құс айналып табад та, азығын жейд»  
«Тіршіліктің қадырын танымаган,  
Көпесевтің бұл сапар жазығы» - дейд.

Біреу ұқпай, бұл сөзді біреу ұқты.  
Не нәрсені билеуші құдай мықты,  
Пайғамбардың жасына келіп түрміз,  
Жолымызды сендерге қылсын құтты.

Деп біраз ой сарапал кетті толғап,  
Ер хожай бауанинн пірі қолдан.  
Сәлемдесе келгендер көрші – қолан,  
Сағынысып, көрісп, тындауды ондал.

Бұл жакта аз да болса екен тыныш.  
Кез таса, қыстай жатып алды тыныс.  
Ермені құні-тұні қағаз жазу,  
Қалжырап құлайтұғын тапты жұмыс

Көп кітап мезгіл-мезгіл актарары,  
Бес уақыт намаз ғана атқарапы.  
Ой тастап, қиял кернеп онашада  
Талдайды жалғандағы ак, қараны.

Бола ма әлде ішкен асы майлы,  
Белгілі ыдысы бар, басыбайлы.  
Кей-кейде мен-зен болып ой таба алмай,  
Атады қайта-қайта насыбайды.

Откен іс еске түсед қай-қайдағы.  
Тапжылтпай дәлелдейтін қайда айғағы.  
Баяғы мен беретін жауап хатты  
Естімей Рабиға қалды аяғы.

Не деп ем, ойға түсір, о, ес – ием,  
Ол кезде айтылар сез жоқ несиен.  
Қайтарып ем былай деп сонда жауап,  
Қыз сөзіне езіліп, босап жүйем.

– Рабиға, Тоқтыбала, қойсан сұрақ,  
Көрейін сұрағына жауап құрап.  
Өзгермей қалатұғын жерді іздесен-  
От басы-қос махаббат жакқан шырақ.

Байырлап бұл сұраққа дауаладым.  
Қалайша ағат сөзге ауа аламын.  
Періштө сипатта еді касиеті -  
Әу баста Адам ата, Хая аナンын

Жоқ едім бұл сұраққа талдау қылған,  
Демеймін мен қыздарға «аздау бұлдан».  
«Жазулы Лаухыл Махфуз» - деген рас,  
Болады талғау – қыздан, тандау - ұлдан.

Әз жарын кінәласа елге жайып,  
Не керек ондай жанмен ауыз шайып.  
Жұп жандарды тексерет құдай ғана,  
Болмайды періштелер ерлі-зайып.

Алтын үй, асыл жиһаз, қару-жарак,  
Тұрса да аз төрт күбылан түгел қарап.  
Тояды адам көзі топыракқа,  
Тұрады құр құйқағы қандай тарақ?!

Тірлікте әркімдерден қайтып дауал,  
Секілді сұғанақ ит, құлық сауар,  
Қызды алдаған жігіттер ақыреттік,  
Қарасат майданында тартар зауал.

Жетінші сұрағыңа берем жауап:  
Хажыға бара алмасаң қылып тауап,  
Алланы бір, хак біліп пайғамбарды,  
Мұсылмансың әр қайда тапсан сауап.

Пәндалар уайым жеп, қылады зар,  
Дүние шыр айналған бір жұмыр шар.  
Жоғынан бұл жалғанның бас – аяғы,  
Қызғаныштан адамзат пейілі тар.

Пәндананың «ғайып-сырды білем» десін,  
Болжаяға жеткізбеген еркін есін.  
Болған соң құтқармайтын ұзын құрық -  
Ажалдың қайтын біліп ерте, кешін.

Жирену керек адам жамандықтан,  
Махұрым қалмау керек мамандықтан.  
Өршімей ұрлық, құлық аты өшүі –  
Үрпактың дұрыстығы адалдықтан.

Тегінде, тап осылай дедім білем,  
Су кешіп жүрген кез ғой тебінгіден.  
Айтысқан қыздың аузын аштырмайтын,  
Қайран күн еді қара, бүгін кім ең ?

Тұршігіп, тітіркеніп кетті бір кез,  
Түшкіріп дем алысы жілеп тез.  
Зырқылдаپ басы ауырып мазалады  
Зейнеке: « Сүйктау қып - деді - құрт ез!»

Толғанып ештеңені жаза алмады.  
Тер шығып, сүлеленіп тазармады.  
Бірінде сондай күннің қос дуана,  
Мағұзым, Сағынбек кеп азандады.

- Ассалаумағалейкум деп Мағұзым,  
Жасады дізе бүге кеп тағызым.  
Қол алысып көүкілдеп амандасты,  
Бидайдың боратқандай ақ қауызын.

- Ассалаумағалейкум - деп Сағынбек.  
Сылдырап сәлем берді, тым жақын кеп,  
Молда еке, есенсіз бе, өзінізді  
Естіген соң келген ғой әдейілеп.

- Уай, фәле! Жоғары шық, қос дуана!  
Жүргейсің дүшпан қорқып, дос қуана.  
Ислямді көркейтуге пайдан тисін,  
Демеймін жын-сайтанды бос қуала.

- Алла хак! – деп Мағұзым салды зікір,  
Кім білсін болды ойында қандай пікір.  
Колчактың жүріп-тұрған ақшасынан,  
Мәшекен жай садака, берді пітір.

Сағынбек Мағұзымнан именеді  
Бұл жолы бір сөз айтып кимеледі.  
Мәшекен бұл байғұска не болды деп,  
Жарысуын кимелеп сүймелеп еді.

- Карамай денсаулығы қаны азына,  
Халықтың сәүле шашқан сансына.  
«Шоқпұттың ақын ұлы өтті өмірден,  
Қатыстық кешегі күн намазына!»

- Астағfir-Алла! деді Мәшіур шошып,  
Қол жайып, ниет қылып дұға қосып,  
Мархұмға Алла рахым айласын! – деп  
Бет сипап әрман қарай қалды тосып.

- Сізге қалай бұл хабар жетпегені!  
- Мүмкін жақын жерменен шектегені?  
- Мұнын мәнін айтамын түсінсендер,  
Жаңа бағыт кеп қалып еттегені.

Жаназаға жинамай бұдан былай,  
Енді орыс тәртібі болад ұдай.  
Барлық діни ғұрыпқа тыым түсіп,  
Жөнделерін қай кезде білед құдай.

Көріп ем Керекуде намыс жайын,  
Лықсыған Ертістегі ағыстайын.  
Сауабын оқып «мұлік» сүресінің  
Сұлтанмахмұт мархұмға бағыштайын.

«Әмин!» деп қол жайды ниет етіп,  
Бағыштауы журмеуге күйе кетіп;  
«Тәбарак әлләзи...» деп саулатты әрі  
Гүлетіп, келістіріп, жүйелетіп.

Қоңыр дауыс көмейден сайрады кеп,  
Естігендей Мадина арбын тек,  
Оқып болып аруаққа бата қылды,  
Алхамдиллаһи раббил ғаламин, - деп

Айтысты отырғандар «болсын қабыл»,  
Мағұым «Әммин» деп дамыл-дамыл,  
Бір сөздің шетін бастап айтып қалды,  
Баяулап басылғанда абыр-сабыр.

- Не болмақ енді, молла, жау тиеді?  
Сақтаған жоқ па елді тау киелі.  
Елсіз, иесіз қалатын түрі бол түр  
Қайтеміз мына «Қоңыр әулиені»

– Баста да қос дуана бір жораны,  
Тапжылма, етегінен сал қораны!  
Жатып ал, жатқанға жан тиіспейді,  
Басылар бұл заманың бір бораны.

Қайтесің: сүйесің де, күйесің де  
Дұрыстық болса үкімет жүйесінде,  
Отырып қаз қалпында күнің көріп,  
Жүріндер ұшырамай киесіне!

Көбейтіп келушіні – күнде қонақ,  
«Тұсті – деп - әулиеге!» елді тонап,  
Арандарын ашылса, ертенді-кеш  
Жоламандар маңыма айтар сол-ақ!

Сендер үшін үкімет өзгермейді,  
Еркелетіп коям деп сөз бермейді.  
Осы кеткен – кеткені, енді қайт жоқ,  
Сіз бен бізге арам ас – көз көрмейді.

- Қызуладап сейлен кетті ұзғырақ,  
Шешілді талай – талай тұзак-сұрақ.  
Кеп айтты отырықшыл жайға көшіп,  
Салуды кора-копсы жайлы тұрақ.

- «Түбінде баянды еңбек-егін салмақ»  
Егін салған ұстайды елін шалқақ.  
Камба толы астығы бар адамдар,  
Ешкімнен күн көрмейді жанын жалдал.

Файыпты бір болжағыш зерлі едіндер.  
Бура қуған тайлақтай шерлі едіндер.  
Халықты шыр айналып жебе бермей,  
Жеміс егіп, егін сап жерді еміндер!

Деп Мәшіүр айтқан ақыл, көп насиҳат,  
Көрінді сияқтанып досқа сипат.  
«Дос жылата айтады» дегенді ұғып,  
Сол жазда кірісті іске етпей қиқақ.

Әулие етегіне салып үйді,  
Жақартты қос дуана жалпы қүйді.  
Жинақтап тәжірибе болжам-пікір,  
Тылсым сыр – сәуегейлік жауап түйді.

Бал ашып, ем – дом айтып меймандарға,  
Шарттасып, сенім беріп кей жандарға,  
Түнетіп әулиеге сыйндырып,  
Көрсеткен діни құрмет мейрамдарда.

Тілегі қабыл болған талай адам,  
Түн түнеп, рахат тауып саялаған.  
Ұстаған тап-таза қып әулиені,  
Шырақшыдан ел сыйын аямаган.

Қайғы керіп жүргендер ішті шер жеп,  
Жылдан асып, жүкті боп көрді перзент.  
Мағұым мен Сағынбек құрметіне,  
Желең шапан биқасап киді зерлеп

Келе қалды тал түсте жеті атты,  
Шолақ құйрық аттары салтанатты.  
Не сұраса Сағынбек «карошо» дейд,  
Сол орысша қайтқанша жетіп жатты.

Әулиеге барғанда жетпей зиын,  
Табиғаттың таң қалды көріп сыйын,  
Мылтықтарын көрсетіп «банды» деді,  
Қос дуана түсінбей болды қыын.

«Кеткеніне садақа жеті тыын!»  
Деп Сағынбек «ашыды жетпей миым»  
Сылдырайды жылпылдаپ Мағұымға,  
«Орысшаны білмеген екен қыын»

Жайларын қос дуана құлаққа іліп,  
Бірде риза, бірінде құлай құліп,  
Бір жазда қора салып алғандығын,  
Отырды Мәшіүр елден сұрап біліп.

Өзіне де ой түсті орын таппак,  
Ымшық-шымшық білінді, бойын бақпак  
 Тағдыр файып белгісіз, санаулы өмір,  
 Үрпаққа сөз қалдырмақ ойын баптап.

Сейлесті бір күн Пазыл, Шарафимен.  
- Жұмысқа шығар жан жоқ жарап үйден,  
Жалдандар, орын теуіп үй салайық,  
 Сол жерден, көнілдерің қалап сүйген.

«Кедей тоқ, - дейтүғын бар – ел жиіде»  
Ағайын қарасқан тоқ – аш қүйіне.  
Жаз-жайлау көппен бірге қол ұстасып,  
Мүсеннің отырайық «Ақшийінде».

Тап бүгін тұрған жоқ қой көз қарайып,  
Не нәрсе болу керек елге лайық,  
Алланың бір бүйріғы тұрған шығар,  
Әркіммен ақылдастып жер қарайық.

Осыған үшеу ара сез байлады.  
«Ақшиді» көппен бірге жаз жайлады.  
Исабек, Қайыр, Қозке қатар қонып,  
Жарасып жан құрылар бір сайдады.

Сыйласып ертелі-кеш әзілдесіп,  
Шаруаға жәрдем жасап «көзір» десіп,  
Кұлық айтып күлісіп, жоққа жай боп  
Барды бірге бөліп жеп «мәзірлесіп».

Мәшһүр баулып Мәдіні жетілдіріп,  
Қояд кейде аққуды жеке ілдіріп.  
Кейде тиіп ыза қып намысына,  
Сылқ-сылқ күліп тастайды кетілдіріп.

Мәді келед сез тілеп еріккенде,  
Мәшһүр шаршап қағаздан зеріккенде,  
Тауып алып құлықты қай-қайдағы,  
Құлдіред айнала жұрт еліккенде.

Бірі еді алған күннің газет-хабар,  
Ермек жоқ айналдырап басқа табар.  
Қадалып «Ақжолды» ұстап қатып қалып,  
Еніреп қоя берді оқып азар.

Ой, Алла, не деп отыр мына газет,  
Қыс түсті ғой жаным, жәңа жаз ед,  
Әмен, Әмен, уай, Әмен, не бол кеттім,  
Басым қатты қанғырды, мана мәз ед.

Не болды, не кездесті құлын, қалқам,  
Жанымды жай түскендей қылдың талқан.  
Жүр едім үміт етіп, үлгі күтіп,  
Халқыңа болады деп корған, қалқан.

Не дейді, рас мынау «қазанама»  
Бейкүнә «қазанама» жазыла ма?  
Жүсіпбек Аймауытов қол қойыпты,  
Қайғылы қаралы боп жаназана.

Апырай, ажал ізден тапқан екен,  
Қакпасын жарық дүние жапқан екен.  
Өз бергенін құдірет өзі алып,  
Аяусыз қаталдыққа бақкан екен.

Жалғанда жанып түсіп жаралы ердің,  
Қызығын жатсың көріп кара жердің.  
Өзімнен озып шыққан жұлдызым-ай,  
Арманда өкінішпен қала бердім.

Тағдыр-ай,-деп еніреп егілді-ай көп,  
Көз жасы көл-көсір боп төгілді-ай кеп.  
Жиналып ауыл-аймақ бірден бірге,  
Көңіл айтты, уай сабаз ерім-ай деп.

Күйініп күніреніп шекті азап,  
Жойылып көңілді кеш, күндер ғажап.  
Таусылмас ұзақсонар ойға түсті,  
Өлмесе де өлуге қалған аз-ак.

Арада хат та келді Жұнісбектен,  
Кешігіп «не жазаммен» жүріп жеткен.  
Қынның ең қыны - өкініш-сол  
Мәшһүрдің ортанышысы ед үміт еткен.

Көз жаздық, Мәшһүр аға, Әменіннен  
Қазақтың көзге түскен әлемінен.  
Жоқ болды, жарық жүлдyz ағып түсіп,  
Арманда қала бердім дәмелі - мен.

Қапыда қатер қамап, ажал тоғап,  
Жүректе жоғалмастай қалды нокат.  
Қорғауда жетім қызды тоқалдықтан,  
Колынан тап жауының болды опат.

Деп жазып баяндапты бастан аяқ,  
Қалмаған шыбын жанын жастан аяп.  
Әменнің бойындағы қасиет ед  
Дұшпаның түсіндірер жасқамай-ақ.

Тәлімгер үйретуде үсталығын,  
Ақылгөй адалдықта нұсқалығын,  
Өзіңіз айтатуғын дүниенің -  
Әменнен көріп қалдық қысқалығын.

Ел үшін өкінерсін, опық жерсін,  
Опасыз бұл не қылған уақыт дерсін.  
Алдын құдай жарылғап Әменінің,  
Өзінізге қажымас қуат берсін!

Қайта-қайта тәтпіштеп оқып хатты,  
Таусылмайтын қайғының уын татты.  
Ойлай-ойлай жете алмай ой түбіне,  
Дая таппай қалжырап зорға жатты

Іш күйген өрт жалыны алау-жалау,  
Арман, мұң, өрбіп қиял тарау-тарау.  
Көзде-жас, ойда-өкініш, қолда-қалам,  
Оралды жыр жоқтауга қадау-қадау.

«Қан түсті 63-те аяғыма,  
Оқ тиді түзде жүрген саяғыма»  
Деп бастап он-бес шумак өлең жазып,  
Әменнің тоқтады өміrbаянына.

Бір ырғақ әуен тапты қоңыр бояу,  
Көз үйқыда болғанмен көңіл ояу.  
Домбыраға салды да үйлестіріп,  
Шақыртты әншілерді үйге таяу.

Қозкеннің қызы-Пәни күміс көмей,  
Жалықпас, өлең айтса дым іstemей,  
Сөздерін Жолмұраттан бұрын жаттап,  
Мақамын қағып алды киын демей.

Осылай Мәшһүр әні тараптады елге,  
Кетсе де Әмен сіңіп қара жерге.  
Алқалы той, кезінде қонақ кәде,  
Абырой, бедел берген талай ерге.

- Айтқанда Пәни апа жаны еріп,  
Бұл әнді елу бес жыл еткен серік.  
Нұтфолла Шәкенов кеп ас алдында,  
Үн таспаға жазған ем, айтып беріп.

Содан бері өтіпті отыз жылдай,  
Жүргегімде қаттаулы жазған жырдай.  
Жиырма үшінші караша үшінші жыл,  
Айшуақтан сүм ажал қылды жүрдай.

Сүт кенже үмітті ұлым қапыда өліп,  
Қан жұтып менде отырмын кайғы көміп.  
Отасқан отыз-ақ күн сүйген жарын,  
Сүм тағдыр шырқыратып алды бөліп.

«Қан түсті 63-те ағыма,  
Оқ тиді түзде жүрген саяғыма»  
Жеткенде 73-ке келді маған  
Молла ата, деген сөзің баяғыда.

Айрылды Айшуақтай асылымнан,  
Шарболат алмас жұзі жасырынған.  
Жиырма төрт жыл екі айда он екі күн,  
Жөнелді озып шығып ғасырынан.

Мұнымды рухынызга айтпай қайтем,  
Азамен дастаныңды жаздым ай кем.  
Келгенде көніл айта Қаныш сот бол.  
Бір лепес білдіріпсіз сондай жаймен.

- Естіп ем Теміршоттан Макин дейтін,  
Нұсқауды жадында ұстап мәтіндейтін.  
«Есімбай белдемесі» деген сөздін,  
Түсініп ел ұғынған мәнін кейін.

Билікті ақсақалдық тыйю үшін,  
Байларды сотқа тартып жию үшін.  
Ауатком шешім қылып, берді бүйрый,  
Жеке бастың қылмыстық қозғауға ісін.

Адвокат, тергеушілер пайданы ұққан,  
Касықтай жылмандаиды майға сұққан.  
- Ақсақал, сізге сұрақ, айтыңызшы,  
«Есімбай белдеме» деп қайдан шыққан?

- Белдеме еті тәтті, дегенмен де.  
Жеген ғой хан да, кара, кеменгер де.  
Бұл күнде ез көздерін көріп жүрген,  
Шығыпты ғой «мипалау» дегендер де.

- Шартты кесім – «он бес» жыл, ерге, міне!  
- Қарсылық жоқ, шырағым, тергеміне.  
«Жетпіс үшке жете алсам» деп журуші ем,  
Рахмет, сексен бес жас бергеніне!

Келгенде көніл айта қылып шүкір,  
- Қанышжан, қылмыс қуып қылма күпір!  
Терен ой, терен ғылым – сенің жолын,  
Деп Мәшһүр ықыласпен берген пікір.

Сонан соң Қаныш кеткен ғылым қуып,  
Көрініп күннен-күнге білім жуық.  
Қажыған, қалжыраған күйлер кешті.  
Қындықтан киындық күнде туып.

Қалды Мәшһүр жүруден бойды жазып,  
Отырганы қүні-түн ойды қазып.  
Қайдан түсті көңіліне, кім біледі,  
Бір қағазға былай деп қойды жазып.

...Кедейшілік болар ма мұндай қыын,  
Ойын-күлкі айт-пен той, қалды жиын,  
Естігенің: жаман сез, сұық хабар.  
Жұмыртқадай шайқалар күнде мыйын.



# Түйін



## Түйін

«Шарлаған жолым жатыр жер бетінде,  
Көрінер көлеңкесі келбетімде,  
«Қай жерде ұзіледі қайран сапар,  
Түйін боп өмірімнің бір шетінд»

(Қасым Аманжолов.)

Ақтүнжыр биылғы қыс қанат жайған,  
Шарағи шыға алмайды қора жайдан.  
Жақсыаула, Жаманаула слемденіп,  
Көгеріп көрінеді сонарайдан.

Үй салып Ескелдіге екі жаздай,  
Шаруадан бірелі де көзін жазбай,  
Тұрғызды төрт бөлмені, екі пешті  
Тартымды жанатұғын оты маздай.

Кең, байтақ қайда барсаң мал ерісі,  
Шаруаға қолайлы жер күн көрісі.  
Үй салды екі бөлме бірінші жыл,  
Серіктес Намаздікі болған көрші

Келуі газет-журнал кетті сиреп,  
Айналды сөз құлаққа «үйдеп – бүйдеп».  
Жиналыс, мәжіліске бармайды ел,  
Қылады әкелгендей зорға сүйреп.

Жабылды медіресе барлық жерде,  
Күрсінген іші толып қайғы – шерге.  
Сырғанақ, ақпа таяқ ойнаумен жүр  
Малынып бала біткен кара терге.

Окудың түрі өзгеріп, араб қалып;  
Төте оку – Сұлу жазит, әліф қарып –  
Ахмет Байтұрсынов нұсқа берген,  
Жазуды мақұллады Мәшһүр де анык.

Пазыл кеткен оқуға мұғалімдік,  
Ұстаздықтың қадірін ұға біліп.  
Ғылым – білім үренбей, түйді ішіне,  
Адами өспейтінін мұра - білік.

Кедей жастар мектебі орталықта  
Ашылып ортақ болып бар халыққа,  
Білім бере бастады жедекабыл,  
Қостанай, Семей, Торғай, Арқалық та.

Ібырай Алтынсарин еткен арман,  
Орыс – қазақ мектебі шығап алдан.  
Спандияр Көбеев ұстаздықпен,  
«Қалың мал» романын қолына алған.

Лекбезге қамтылып бай қыстаулары,  
Жер – жерден мектеп ашып ұстаулары,  
Окудың халық комиссариаты –  
Таралды Луначарский нұсқаулары.

Мәшекен келгенінде оқып «Айқап»,  
Өткізед ой електен байқап – байқап.  
Дін білімін шығарып тастағанға  
Қояды назары боп басын шайқап.

Мектепте бала оқыту дос шырайлы,  
Мазасыз, үйде жүрсе бос жылайды,  
Толады он сегізде кәмәлатқа  
Бес жастан беру жөн деп топшылайды.

Еске алып өз ғұмырын салғастырып,  
Күндерден аяқ басқан алғаш тұрып,  
Қолына қағаз – қалам алды дағы  
Жөнелді өлең қылып жалғастырып.

«Бес жаста» бісіміллә айтып жаздым хатты.  
Бұл дүние жастай маған тиді қатты,  
Сегізден тоғызға аяқ басқан күнде  
Мұса еді қосақтаған «Мәшһүр атты».

Деп біраз өткен күнді тізді жыр қып,  
Өмірді – басып жатқан ізді сырғып.  
Іштегі буырқанған бір күйініш  
Дегендей тындарманға ізгі сырды үк.

Мәшһүрдің білед Зейнеп ойша жайын,  
Сездіріп Шарағиге қойса дәйім.  
- Әзірлеп қойдым таза киімдерін,

Айт, - деді - Әкейіме, монша дайын!  
Қаратпай үй төбесін шатылмауға,  
Тар үйде ғұсыл күйіп шатырлауға,  
Мәшекен: - мойша сал! – деп, Шарағиге  
Қалдырған арылмайтын басын дауға.

Бутаков Пашкеге айтып, кісі алдырып,  
Ыстық су, пар беретін пеш салдырып.  
Астын – үстін тактайлап, нар сәкілі,  
Істеткен не де болсын кеш қалдырып.

Үримтал байлар естіп намыстанып,  
Өкініп қорланғандай қалыс қалып,  
«Ту сиыр берсөң, жасап бермей ме» - деп,  
Сөйлейді мәнін жоя қылмай парық.

Мәншөк былтыр шақырып өз қасына,  
Қалмаймын деп ағайын көз жасына  
Көмектесем, Мәшеке, қора салсаң,  
Айтып қойған уәдем – сөз басында.

Деп талай ниет беріп қолқалаған;  
Әбүтүсіп, Әшірбек орталанаған.  
- Келем десен, үй әзір, кораң дайын,  
«Жарайд!» - десен, Мәшеке, болды маған.

- Байлар – ай, сыйларыңа болым құлдық,  
Құрмет пен ықыласты қостың құлдық.  
«Ер қолынан құс тойды» деген бар ма?  
Мәшһүрді ұстар ма ендер қоңсы қылып.

Ақылдарың бұл айтқан демен «пайда»,  
Масыл болып көрген күн немене айла?  
«Ат атанып жүрмеген жігіттерден,  
Аты атанған төбе артық» деген қайда?

Мениң де бар тілеулі балам бірер,  
Көңілге алмағайып алаң кірер.  
Жұмыр бас екі аяқты жан болған соң,  
Бізге де жер керек қой аяқ тірер.

Бұл сөзге ел тоқтаған беріп ерік,  
Болғансын Мәшекеннің сөзі берік.  
Соның бәрін еске алып отыр көзір,  
Бірін ерте, бірін кеш теріп – теріп.

Бірыңғай отыруға жер тұрақты,  
Керек деп сөзге таңып бар құлақты,  
Қозған, Мамыт, Еламан жер шегінен  
Таңдаған шолып жүріп «Сарбұлақты».

Бұл жердің «Ескелді» дейд сыртын тегіс,  
Ығы – «Ордабай құдығы» салған егіс.  
Оң түстігі – бүйраратты «Қалымшоқы»  
Сол түстігі баялшын келеді еніс.

Қалың Мамыт: Топбасы, Алакөз, Ес.  
Еламанмен айқаста бермеген дес.  
Көгенделіп жатсада беті қайтпай,  
Жан алдында демеген жағдайым шеш.

Еребай мен Есентай тапжылмаған,  
Қырғи қабақ аңдысып сан жылдаған.  
Бірі – үstem, бірі - әлді жуан қамшы  
«Күштілігің қой» - деген – тақсыр маған.

Үш руға тең тұтқа, бір тегершік,  
Тіреу кіндік секілді тұр төбешік.  
Мәшһүр шығып басына кез жіберед,  
Ел дегенде еріні жүр кеберсіп.

Күні - түні құлазып көніл жадау,  
Намаздан соң ой басып тарау – тарау.  
Көкірегін кернейді бір күнтілік,  
Сиқырына түсінбей қызыл жалау.

Жүсіпбектен хат келед ара - тұра,  
«Кейінгіге бар ма,- деп – қалар мұра?»  
Қол босаса қалам мен жайнамаздан  
Айналдырар алданыш кара – құра.

Сәске еді, шықырлаған аязды күн,  
Шығарған аппақ қырау саяз түгін.  
Пар жеккен кәшепке кеп тұра қалды,  
Екі адам үйге кірді үзбей жұбын.

Бірі - орыс, бірі - казак түсі сұық.  
Келетіндей көрінбейд ісі жуық.  
- Бұл үйде Көпеев кім, бар ма? - деді,  
Амандық жоқ, сұрақ пен күшті буып.

Шәрафи: - Иә, - деді – Көпеевпіз  
- А – а – а, сонда боламысыз Көпеев – Сіз?  
- Ал, ендеше айтыңыз, іздегенде...  
Жұмысының қандай еді, өтейтін біз?

- Ты Машнур? – деді орыс тікірейіп,  
Қазақ түр сезбегендей шікірейіп.  
Сактанып жан - жағына қарап қояд,  
Өзгеріп бірте - бірте пікір, кейіп.

- Вот, здесь, - деп төр үйге келді бастап,  
Женелді әлгі жігіт сайрап қақсан.  
- Молласың ба, табасың қанша табыс?  
Оқисың ба, Құранды жұрттан ақша ап?

Жаназаға аласың неше теңге?  
Кедейлерден алуың баймен тең бе?  
Жасырмай айт, жауапқа тартыласың,  
Жиган алтын – «капитал» бар ма сенде?

- Напоминай, про сын! – деді замнач.  
Мына жігіт бір заржак сөзден танбас.  
- Мұғалімдік оқитын ұлың қайда?  
Аты кім? - деп сұрақты қойды жалғас.

Мәшнұр отыр аузына қарап тыңдал,  
Шәрафиге шәй қойғыз деп қалды ымдал.  
- Түсіндіріп айтайын отыр - деді, -  
Дұрыс болады алған сөз қалап, күндал.

Келсендер менен жауап алмақ үшін,  
Сөзімнің қисының ұқ, талғап түсін.  
Діни білім болғанмен, молла емеспін,  
Еш күнім жоқ бұлдірген елдің ішін.

Құран сатып пәннадан ақша алмаймын,  
Медресе, мешіт жоқ, басқармаймын.  
Құдай бір, пайғамбар хак, дінім – исләм,  
Жан алад деп сендерден жасқанбаймын.

Жиып қойған қазынам – кітапханам.  
Алған – құмән, бұйырған - жұтқан тағам.  
Алам десең әмірің қолдарында,  
Берерім жоқ кітаптан басқа саған.

- Шагатай, жақсы араб, парсылығын,  
Насихат, артық діни жаршылығын.  
Советтік бұл орнаған үкіметке,  
Қандайлық, айт жасырма, қарсылығың?

- Деп келем өмір бойы таста сиқыр,  
Үлкенге құрмет көрсет, жасқа сый қыл!  
Досымын әділет пен адалдықтың  
Бойымнан таба алмайсың басқа пифыл.

Дұрыстыққа болмайды адам қарсы,  
Құзырында құдайдың ғалам - ғаршы.  
Замананың үйітқыған от – жалыны  
Не болғаның білесін, қадам баршы!

Отқа қарсы шаппайды есі дұрыс,  
Тексере бер, бұл сөздің несі дұрыс.  
Жақсылыққа жәрдем бер, жанашыр бол,  
Қайырым қыл халқыңа – біздің жұмыс.

Тұрм мынау отырған шөңгеріле,  
Пәле жапсан не болад сен көріне?  
Шәйларыңды іш та – ғы, тойып алғын  
Менен қорықпай жүре бер жөндеріце!

- Молланың баласына мұғалім бол,  
Қызмет істеуіне рұқсат жок!  
Балаңыз окуда екен Керекуде,  
Барасыз сейлесуге, шақырад сот!

Деп бұлар кете барды дуылдатып,  
Ел – жұртты ит шапқандай шуылдатып.  
«Шәш ал - десе бас алған» бұл есердің  
Дейді Мәшінүр келеді күы жатық.

Ойга түсті шырмалып он жыл өткен,  
Қараған жоқ патша да он жүрекпен.  
Каримовке айып сап он екі мың,  
Көпеевті құфындал көп жүдектен.

Жүрдім қашып сырдақтаң түспей қолға,  
Бұхар, Тәшкент бармақ бол іштей жолға.  
«Кімдікі деп Сарыарқа?» сырымды аштым –  
Дұшпаныма жорытып түстей зорға.

Қайтсем екен, Кереку барайын ба?  
Осы қыста баруға жарайым ба?  
Пазыл жанға тимей ме бір қырсығым?  
Алды - артына бұл сөздің қарайын да.

Қанша айтқанмен бұл түнде болмады үйқы,  
Ауық-ауық оянып үйқы – түйқы.  
Үйде отырып көбейтем қас пен дұшпан,  
Еңбегімді елеген елдің сыйқы.

Осы оймен ұйықтап кетті біраз жатып,  
Шымырлап шырт үйқыда мұздай қатып.  
Памдатка\* дәл оянды кезін ашып,  
Денесі ауыр тартып тұздай батып.

Шәйін ішті асықпай ұзак сонар,  
Күрт – көже емес төнкеріп бірак соғар.  
Дене жіпсіп біртіндеп бой жадырап,  
Сезім берген секілді қонақ қонар.

Алаңдайды көнілге түсіп әрне,  
Келер ме екен ойда жоқ біреу әлде?  
Айтқысы кеп оқтаңды екі – үш рет,  
Іркеді өзін дегендей «Жүсіп дәлде!»

- Зейнеп қалқам, айтылған бұл да тілеу.  
Көп бол кетті бұл күнде білмей мінеу.  
Ас – сұынды қамдай сал кешегідей,  
Келіп қалса... кім білед... біреу – міреу.

Шықты сергіп далаға құрып сейіл,  
Көз тастайды тәбсеге тұрып дейіл.  
Кіндіктей бол жазықтың ортасында,  
Күннен күнге тартады бұрып пейіл.

Су алмайды, қар түспейд жеке қара –  
Құдай мұны жаратты неге дара?  
Бір сыр бар – ау бойында біз білмейтін,  
Әлде билеп алар ма бара – бара.

Шықым келіп тұрады тәбесіне.  
Ескелдіңі өйи не, дөнесі не?  
Қысыр қалмас тоқтысы, құнары артық,  
Тұсақ жетпес бұл жердің көбесіне.

\*Тан намазы

Көз бүлдүрай береді жасқа толып,  
Жайылған мал көрініп басқа болып.  
Қарай-қарай маңытқа үйге кірді,  
Бой ширығып, тоңазып, аяз сорып.

Өз жайымен жиналып даладан кеп,  
Сол – ақ еді дізесін бүккені тек,  
Төлеубай: «бір ат - шана келеді!» - деді  
«Күні бойы атамның күткені» - деп.

Әбдіразак – баяғы, ескі досы  
Дабдырасып ауызда десті «осы!»  
Сәлемдесіп көрісіп құшақтасып,  
Шалқи түсті көнілдін кешкі хошы.

Көрі дос көріспеген көптен бері,  
Оралды бұрынғы өткен көктемдері.  
Табысып қаудырасып, хал сұрасып,  
Көнілдін соқты самал өкпек жели.

Ішілді: қант, мәмпәси, сарқасқа шай,  
Бауырсақ қызыл жирен, ақсарбас май.  
Сезім өршіп, түсінік көл – көсір бол,  
Киял шалқып орнады жадыра жай.

Ау – жәй сұрап ағайын амандығын,  
Жақын жек – жат, құдандал қоймай тығын.  
Кезек – кезек сөз бастап, жауап қатты,  
Альп қашқан, уақыт болмай жұғын.

Айтып кейде бір сөзді, құледі - ай мәз,  
Бірін бірі көтеріп ағадай - әз.  
Жарастықты жақсы өмір туа калды,  
Екеу ара айтыскан кінелай-наз.

Ет те келді асылып шимайлышы,  
Аяна ма, келгенде сыйлай кісі.  
Бүгінгі күн жап – жақсы көрінгенмен  
Өтіп кеткен күндерін қимайды іші.

- Мәшһүр, саған бөрі онды келешектің,  
Бар емес пе салмағы берешектің.  
Не қалдырдық тарихқа мирас қылып,  
Бергені не жастарға ересектің.

Дәстүр, тарих, дін кетсе жып – жылмағай,  
Күн көреді сонда ел, жұртың қалай?  
Не бітірдің, өмірім бірге өтті ғой,  
Аралап ең жер – көкті жаның қалмай.

Мен айтайын, тыңдай бер уақиғаны –  
Үкіметтің келді бір қоқиғаны.  
Мұғалімдік окуда балаң бар ғой,  
Тексеруге өзінді сот үйғарды.

Деп келіп қазбалады алып жауап,  
Тексеріп, сау басымды қалын дау ап.  
«Құдайсыздар үйымын құрып жатыр»  
Табады қалай бұдан халық сауап.

Жер жарады «Қосшының» тілі, үні -  
Біліп түр ма, зиян деп түгі мұны.  
Қалам қайрат, Мәшеке – ау, жасасаншы,  
Өлтірмесін имансыз түбі күні.

Керекуден бұл хабар молықалы,  
Дамылым жок советтен қорықталы,  
Аллажарды оқытпай тастай ма деп,  
Отырмын сотқа барып жолықталы.

- Емеспін бұл жағдайдан мен де кенде,  
Бейкүнә сөзге ілігед кейде пенде,  
Қызықтырып тұратын арапшы бар,  
Қай үкімет болса да мен дегенде.

Замнач келіп сотыңа бар деп кетті,  
Моллалықтан тыыл деп әмір етті.  
Отыр едім дал болып келдің жаксы,  
Не болса да көреміз бірге кепті.

Шіркеуді мемлекеттен беліп дара,  
Мектептерді шіркеуден етіп ада,  
Исламды көретін құбыжықтай  
Жүргізіп тұр билігін Ленин «дана».

Павлодар уезіндік аткоміне,  
Аз ұлттар қосымша алқа бөліміне,  
Отырмын жазайын деп осы жәйді  
Жиналған ел жағдайын көңілімде.

- Ендеше, Павлодарға бір барайық,  
Жоғымыз үйлесіп тұр бір карайық.  
Ат – көлікті әзірлеп... Құдай жазса,  
Ұзатып, мұны ырғап – жырғамайық.

Әбеке, ойың болып десен олай  
Құдай жазса, үш түн бар, келсе қолай,  
Сәрсенбінің сәтіне қозғалайық,  
Деп Машһұр пәтуә қып түйді солай.

Сөз байлан Әбдіразақ үйге қайтты.  
Зайыбына жол жүрмек күйін айтты.  
Бір қой сойып бәкездеп, баптап орап,  
Құрт-майын әзірледі - барлық жәйтті.

Аллажарға тамақ деп салды ерек,  
Жол азығын дайындал алды бөлек.  
Орта торы ат жеккені сәрсенбі құн  
Машһұр келді: «Кәне, - деп – жүру керек!»

Жүріп кетті бір торы ат шетке байлан,  
Керек - жарақ заттарын салып жайлап.  
Екі қонып араға жетіп барды,  
Жатқаннан соң қағар жоқ жолы сайрап.

Келіп түсті Мысықбай Қамбарына,  
Қарап, байқап күнкөріс халдарына.  
Алтай қызы Жаңылдың пысықтығы  
Дарыған үй ішінің жандарына.

Қашан болсын ас-сұы туарар әзір,  
Колқайыры, дәм-тұзы берер - нәзір  
Колға үстайды шал жығар насыбайды  
«Бар ма десен насыбай», - дейді «көзір»!

Бір құн жатты тынығып аунап-кунап,  
Сұрастырып қаланың жәйін қулап,  
Сотқа барып жолықкан екен Пазыл  
Сөйлеспепті: «молла – деп - әкен!» тулап.

Әбдіразақ не болсын қаперінде  
Осы жолдың қандайлық қатерінде  
Беремін деп тамағын кеткен еді,  
Баласының ертерек пәтерінене.

Қашан келед деп Машһұр отыр тосып,  
Қайдан бастау керек деп ақыл қосып.  
Қала іші сапырылыс иу-киу,  
Шұбырган ел, жанталас жүрген жосып.

...Шықты екеуі, күн сенбі сағат онда,  
Деп сиынып «Ой, Алла, сапарды онда?»  
Уез атком басшысы Денисовтың  
Келді денті хатшысы екі молда.

Кірсін деген Денисов беріп рұқсат  
Бұйрық қылып хатшыға деген «тұр сақ!»  
Екі шалы қазактың кіріп кепті  
Фазірайыл жан алғаш бураға ұқсан.

Әу дегеннен тіксініп бірден бірі,  
Ызбарланып көрінген тұрмен ірі.  
«Здрави гостин!» деуден бастап,  
«Спасибо» деп көніл кеткен кірі.

– Сіз билеуші төресіз христиан,  
Біз қазактың кедейі крестьян  
Ойламаңыз молла деп өлім тілең,  
Елді алдалақ-тоқты, тының жиған.

Куаттаймыз кедейге таң атқанын,  
Тендік, кендік, бостандық таратқанын.  
Беріп тұрмыз оқуға баламызды,  
Біліп мектеп жұмысын жаратқанын.

Сот шақырып қайталап мазалайды,  
Не үшін бізді айыптаң жазалайды.  
Исламнің законы сотпен бірдей  
Адалдықтан арамды тазалайды.

Адам барма өлмейтін, кеткен мәңгі,  
Көму керек емес пе өткен тәнді.  
Біреу сенед құдайға, біреу сенбейд,  
Шіркеу, мешіт дүрыс кой тұрган сәнді.

Біз бала емеспіз ғой, ей-дегізер,  
Бұзауды жамыратып, қойды емізер.  
Қасқырдай жарып барад жанымыз жеп,  
Товарищ, соттарыңа «кой!» дәніздер.

– Келістік мәселеге, түсінікті.  
Жасаңыздар советтік кісілікті.  
Айтамын сотқа мен де, балаларың  
Игерсін мұғалімдік ісін мықты.

Боссыңдар екеуінде, Рұхсат, енді!  
Уезком сөздеріне толық сенди! -  
Деп бастық қол алысып, хош айтысты,  
Дүниеде қанша айтысса Мәшіүр женді.

Аяңдап екі ақсақал сотқа келді.  
Көрдің бе туған мұндай қайсар, ерді.  
Тұрі -татар, тілі-орыс біреу отыр,  
Мұсылманша жарыса сәлем берді.

– Здрасты, кімсіндер? - деді қысқа  
Мәшіүр жедел саптады сөзді нұсқа.  
Кекірейіп сот сыйдал отыр еді,  
Шылдыр етті телефон осы тұста.

– Ало-о-у, - деді керенау сот маңғасып  
Қаламын ап қолына хат жазғансып.  
Иә, иә... А-а-ха, хұп! Осында отыр.  
Жәрәйд! - деді әлден сон сез жалғасып.

- Эбзилар, сөзге түсін, ызың етпе!  
Қарсы бол үкіметке қызып кетпе!  
Алынбайд бай мен Молла балалары  
Советтік қандай болсын қызыметке.

Ал, жүре берініздер, болмаса ондай.  
Ескерттік, сақ болындар, жағдай солай!  
Жергілікті жер шешед барлығын да,  
Байланысып тұрындар келгенде орай!

Екі қарт «хош» айтысып кетті шығып.  
Баяннаң қорқа-қорқа кепті бұғып.  
Сырқыларда «жау жетті» ештене жок,  
Өз елі екен беретін үрып-жығып.

Әйтседағы Мешітке бара алмады,  
Дау туғызар қандайлық - бар алмағы.  
Ертеңіне қайтуға әзірленді,  
Деп бірдеме килігіп қалар тағы.

Қамбар айтып қаз қойды мешіт жәйін  
Жүргеннен соң көшеден естіп дәйім.  
«Ақ мешітті» аштырмай жауып тастап,  
Милиция андыған жұма сайын.

Бижен хажы мешіті - жеке меншік,  
Тәркіленбей әзірше қоңіл қөншіп,  
Тәуба қылып отырмыз шеткерірек  
Кім біледі, тұбінде болад нешік?

Ас ішілді әй – жәй бол кіріп ажар,  
Сұрақ сұрап Мәшһүрге берді назар.  
Тұлқідей қарға аунаған қызыл шырай,  
Өрімдей сұнғақ бойлы келді Аллажар.

Жалт қарап Әбдіразақ етті елең,  
- Қос әке, бір қорқыныш - етті белен.  
Кәне жүріп суретке түсініздер,  
Ескерткіш есте қалар болсын терен.

Алыс емес осыдан мектеп қасы,  
Қымбат та емес алатын төлем ақысы  
Фотограф Багаев деген орыс,  
Түсіреді суретке өте жақсы.

- Әй, Аллажар, нақ туған әкенді апар,  
Көрсеткенде қайтесін бізді катар.  
Мұсылмандар суретке табынбайды,  
Қыын болар кезінде бақи сапар.

- Достық жоқ ақыретте, жаңың сақта .  
Құлағыма кірмейді жүзің мақта.  
Дозакқа шырылдатып мені тастап,  
Шалқайып отырмақ па ең ұжымақта.

Тұр, киін, тапсырамыз бір құдайға!  
Кешпейтін күнәсі жоқ, қарар жайға.  
«Атамның түрі қандай» дегендे ертең,  
Не дейді болашаққа, ақыл қайда?

Сақылдап Мәшһүр құлді шегі қатып:  
- Қырып салдың, қырық жыл жатып атып,  
Болмас, болмас, Сен женбей қоясың ба,  
Жәрайды, барам! – деді тұрып жатып.

Багаев жолаушылық біліп жайын,  
Суретті ертеңіне етті дайын.  
Мәшһүрден қалған жалғыз осы сурет –  
Ескерткіш еш жерде жоқ басқадайын.

Екі дос қайтты елге болып жолы,  
Базардан қажетін ап «кедей қолы».  
Аман барып сау қайтса жетіп жатыр,  
Пайда, зиян, ат терін елсіз ме оны.

Ел іші бір жұмада опыр – топыр,  
Әулекі неше түрлі бар ғой соқыр.  
Мәшіүр мен Әбдіразақ Керекуге  
Айдалыш кетіпті деп шулап отыр.

Бастапты астық жинау саясатын.  
Тұр қалмай бірден біреу аясатын.  
Өзі әкеп бермесе тартып алып,  
Аяғы бір сүмдыққа таясатын.

Байлар мен орта шаруа, кедей тобы,  
Жіктеліп, жоқ болып тұр атарға оғы.  
Көрсетіп бірін бірі заң орнына,  
Сөз бастап, алға шыққан астық жоғы.

Жұз елу пұт әр байға салған салық,  
Көтеріліп лепіріп алған халық:

- Астықтары жоқ емес, тығып отыр,  
Құрту керек оларды тартып алып.

Құтылуға жер таптай байлар сасып,  
Бірі - қырға, бірі – ой, сайға қашып,  
- Белсенділер пара алып, сақтап отыр,  
Жасырад деп халықтан айтпайды ашып.

Күшайді айтыс, бір сөзді бір сөз тұртіп,  
Ел үстіне ақ жанбыр - өсек бүркіп.  
Кереку мен Славгород, Омбы тыныш  
Отырған жоқ Баяндай қорқып – үркіп.

Келген еді Семейден, кәсібі не?  
Қожагелді Мақаштың Әшіміне,  
Оқыған. Заң білед деп ақыл өүрап,  
Әбу түсіп барды жан тәсілімде.

- Үкіметтің айтқанын істеу керек,  
Ол үшін болуы шарт сізде дерек,  
Ішіп - жемін, тұқымың өзінде қап  
Артығын сатуың жөн екшеп, елең.

Куәландыр, кол қойғыз жасап акті.  
Астықының есебін шығар накты.  
Көрер көзге занда ешкім бұзбау тиіс  
Кімге барса болады осы факты.

Біреу естіп біреуден біреу келген  
Басын құрап үймелеп тілеуге ерген.  
«Жақтап жүр - деп – байларды Әшім Мақаш,  
Салпан құлақ тыңшылар хабар берген.

Өзі барып жолықты Ауаткомге,  
Ұсынысын білдіріп басқа да өнгे,  
Жаңаша үнем саясат ұстағанмен,  
Жаппай қысу байларды келмейд жөнгө.

- Байларды пайдаланып, беріп ерік  
Ұйтқы қып құру керек «мойын серік»  
Тарихи ұлттық – тұрмыс тіршілікке,  
Ойлаймын, жіберсе деп ырық беріп.

Ауатком тереағасы Құлымбетов  
Шықырлап аяғында құрым етік,  
Тұрып жүріп сөйлейтін адам екен,  
Сөзге келсе өзгеден бұрын кетіп.

- Отырған жоқ халықты қыстауменен,  
Былқылдатып іс шықпайды ұстауменен.  
Демогогтік ақылдың қажеті аз,  
Істейміз деректива, нұсқауменен.

Осымен қалды шағын пікірлесу,  
Қықартып артық – кемді пәлендесу.  
- Кетпесін анархия етек алыш,  
Бір жерден бір ауыздан керек шешу.

Бұл кім деп Мақашовты кудалады,  
Бастырмай байтақ елді, ку даланы.  
Жіберген жікшілдердің бірі ме деп,  
ГПУ-ға тіркетті де шуламады.

Семейде Әшім жақсы білікті ер - ді,  
Оқыту саласында іріктелді.  
Келіп ед кету үшін жиып алыш,  
Талантты, талабы артық жігіттерді.

Ызабайдың Мекеші - тасы сайдың,  
Әбен молла Біләлі - оғы жайдың.  
Білімге бала күннен жаны құмар  
Жілкейдің таңдал алды Серікбайын.

Жиып ап бірақ күнде кетті жүріп,  
Әшімің алғыр, өжет, епті жігіт.  
Кімнен болсын қорғалап артын бағып,  
Қалатұғын жан емес кепті бүгіп.

Жастары білім қуып, айға атылған.  
Бұхардай қариясы - ханға ақылман.  
Бұл үрдіс бірден бірге өнеге боп,  
Қалған ед Шорман, Сәтбай, Айтбакыдан.

Тұысқан Әбайілда, Әбакыр бай.  
Дәuletке мас болмаған, дәл пақырдай.  
Малшыларын жұмсаған түсіндіріп,  
- Айтсаншы - деп ұлына - әй, бақырмай.

Бір қызы бар жұтынған Ырысбі  
Он жетіде тана көз жүртқа сыйлы,  
Жілкей кісі жіберіп сөз салдырып,  
Серікбайға Әбакыр қызын қиды.

Екі құда кездеспей тендесіне,  
Қарамаған «Бар» мен «жок» кендесіне.  
Серікбаймен қай кезде жолығарын,  
Айтад еken қызы Зина женгесіне.

Билеп жүріп екеуін женгетай боп,  
Шақырғанда бірде бар, бірде қыз жоқ  
Серікбайға қызығып қызға кимай,  
Жүрегіне Зинаның түсіпті шоқ.

Сезіп мұны әйелдер, білген әке,  
Мұнын шағып бір күн кеп: - деп Мәшеке,  
Күйеу бала басына қызығудан,  
Қызым менен келінім дейд бәсеке.

Бір жағынан үкімет барад қысып,  
Алған шағы кедейдің жараң, пысып.  
Серікбай демалыста осында жур,  
Не істейін, тұрғанда жоқ ақыл түсіп?

Мәшіүр сұрап анықтап үқтү бәрін.  
Уайымдал, қайғының түпкі зәрін.  
-Ант аралап, әрекет билегенде,  
Тоқтар дауа таппайсың, келмейді әлің.

Болмайды айтқанменен, қайтып дауал,  
Жауап жоқ, қойғаныңмен қанша сауал.  
Құрып тұрған шайтанның ойнағына,  
Уақыты бар Алланың берер зауал.

Осы сөзге тоқтады қылып түйін,  
Әбақырдың аяды көріп күйін.  
«Естімеген елде көп» көнілі қалып,  
Рас болса іс екен деді «қыны».

Ертеңіне шақыртты Серікбайды,  
Сәлемдесіп келген соң сұрап жайды:  
- Шындығынды айт, жасырма? – деді Мәшһүр,  
Бұл сөз сенің басыңа ұнамайды.

- Жалған, - деді – ұялып мойындамай.  
- Айта қойши, ал сонда ойын қалай?  
- Өтірік... білмеймін... – деп күбілжіді  
Дей алмады, «оқиға болған былай».

- Рас айтсаң егерде «былай» демен.  
Жалған айтсаң, өз сорың – қарғыс берем.  
Екі қолын көрсетіп теріс жайып,  
- Атан қолы осылай қалад деген.

Тұра алмады Серікбай сөзінде анық,  
Ата алдында қысылған сезім қалып,  
Қызын емес, келінін Әбақырдың,  
Түн жамылып кетіпті Семейге алып.

Естіп Мәшһүр налыды мұндай іске.  
- Өзімен кет, кірме - деп - гарып түске  
Келесі жыл Серікбай Семейде өліп,  
Атын қойған Демеуі қалыпты іште.

Мұндай жайды тастайды түпке түйіп,  
Назаланса қас мерген атқан киік,  
Сұрап алған Жанақтың доғал оғы,  
Жатыр - ау деп ойлайды актап тыип.

Ауық – ауық қалады демі жетпей,  
Жүсіпбектің хаттары естен кетпей.  
Нені жазсам екен деп абыржиды,  
Қалған қысқа уақытын сырап етпей.

Көнілінде бар асығыс, үлкен күдік,  
Тұргандай боп көрінед ажал күтіп.  
Жетпей жатқан бір уақыт зымырайды,  
Ақыл естен айырып жұндей тутіп.

Шықты «ұлы конфиска» деген атаяу  
Жалғыз жатып ойлайды: «осы қате – ау!»  
Шытырлатып байлардың малын алып,  
Атқа шапқан нақрұс өңшеу макау.

Шорман елін тонады бір жыл бұрын,  
Жәми, Кәбіш төсенді кигіз құрым.  
Жирен қасқа сәйкүлік жылқыларын,  
Тоз–тоз қылып таратып, қалды жұрын.

«Құлак» деген бұларға байланды ат,  
«Халық жауы» советке пиғылы жат.  
Кедейлердің тырандалап күні туып,  
Шыққан сөзін аузынан қылады хат.

Байдан алып шыңғыртып бір–бір шолак,  
Билік айтты елеуреп, «болбы» сол -ак.  
Асын ішіп, төңкеріп, дағарасын,  
Былапыттап, бұлдіріп сөйледі олақ.

Әжуалап мұқатты келсе қолай,  
Болмау керек еді фой дүние олай.  
Шорман ауылдың тәркілеп таратқан жер,  
«Бай – құлак» деп аталып қалды солай.

Бай Белгібай, Мәншөк те кенелмеді,  
Дат сұрап, сотқа жаяу келер ме еді?  
«Конфискеле, дәuletін қаттандар?» - деп,  
Жіберген соң өңшең жын, елермені.

Жанұясы байлардың еңреді,  
Қой қуалап, жылқы алған семіреді.  
Жүген - құрық көрмеген шу асаулар,  
Өз дізесін өздері кеміреді.

Қосакташ, айдал әркім қойды бөліп,  
Жұқ артуға дайындаш қойды көлік.  
Әкеткенде жиып ап қазынаға,  
Тірі тұрды зар илеп қалмай өліп.

Әбутүсіп, Әшірбек қайғы кешіп,  
Айрылды ағаш үйлерден алтын есік.  
Атқару советінің қаулысымен,  
«Мектеп етіп берілсін!» деді шешіп.

Екі - ақ жылда типыл бол қаптаған мал,  
Ресейге жетті алды «қиын» - деп хал.  
Көнектерін көкке іліп, ұлып қалды,  
Қара кемпір, күйрекен қаусаған шал.

«Кедейге үлес болды құнан мен тай,  
Теп тегіс, болып типыл құрыды бай.  
«Дүние кезек» деген сөз акқа шығып,  
Бәрін қылған өзіңсін, Құдайым - ай.

II том 89 бет.

Кетті қайыр мейірім ағайыннан,  
Не шығады акқаптал, ақайылдан.  
Ұрлап ішіп тамағын, өлсен бермей,  
Емшектесті жат қылыш тағы айырган.

Қыс пен жаздың сүреңі кетті келмей,  
«Алда тұр – ау бір қатер, өтсем көрмей...»  
Деп күйініп дерг қысып түйіледі,  
Бір күйзеліс іштегі үйқы бермей.

Ақылдасар жан қалмай айналада,  
Отырғандай жалаңаш айдалада.  
Бір жабырқау күн кешті Мәшһүр Жүсіп,  
«Күшің кетсе, сиям – деп – қай балаға».

Қалам алса ой кернеп, тербел қиял,  
Көктен ғайып көңілге нұрын құяр.  
Бірінен соң, бірі кеп бастырмалап,  
Бәрі қажет секілді, бар, тыип ал!

Қағаз басты кейбір күн көзі талып,  
Мұрттай үшад біле алмай өзін анық.  
Армансыз жан болардай сезінеді,  
Болашақ риза болса сөзі қалып.

Шақырды бір күн көрші, ағайынды,  
Айтуда түйінді сөз тағайынды.  
Кеңесіп ет пен шайдың арасында,  
Ашқандай әңгіме айтты сарайынды.

- Сөйлем жүр әке – шешем түсіме еніп:  
«Яссай берді ғой – деп - ісін сеніп»  
«Міне орның! - деп мына төбеде тұр,  
Ер хожай бауаниндин ізден серік.

Көзімді аштым – түн іші «беріпті аян»,  
Шақырғаны төбеге «бермен таян!» -  
Менін үйім мәңгілік сонда екен деп,  
Жорыздым, тұра салып еттім баян.

Қабырымды қазғызам, салып үйін,  
Ескерткенім: ағайын, жалпы дүйім!  
«Мынау Мәшһүр жынданды» - деп журмендер,  
Мейлің күйін, өзің біл, мейлің сүйін.

- Ой, астафиралла! – деп, Тұлкі молда,  
Бір мырс етті немене, күлкі қолда.  
«Ой, сақтай көр!» - деп шошып екі - үшеуі  
«Баста, - дейді - ей, Алла дұрыс жолға!

Тәйгелтір, деп Дәрібай: «мынау шатақ!»  
Өлеңдетіп таstadtы сөзбен матап.  
«Өз көрін өзі қазған Мәшһүр молла!»  
Деген – дей байланбасын жаман атақ.»

- Дәрібай, «көрім қаз!» - деп кімге айтам.  
Аруаққа берген сөзден қалай қайтам.  
Ажал жетпей көр мені ала алмайды,  
Көрден қорыққан өлмей - ак болсын шайтан.

Ет желініп осымен тарады жұрт,  
Тосын хабар жайылып барады кұрт.  
Мәшһүр болам деген шал көрің қаз да,  
Қойын сойып елге бер, «тұрт, шайтан тұрт!»

Ертеңіне күн – жұма екі – үш адам,  
Қасына ертіп, төбеге басты қадам  
Бийгіне шықты да: «осы жер!» - деп,  
Жата қалып өлшетті «сыз, - деп - маман!»

Қадалып қарайды аспан-төнірекке,  
Тұрады құбылаға қарап көп те.  
Сыбырлап дұға оқиды жыбыр-жыбыр,  
Келіп түр еріндері не десе епке.

- Базархан мына бұрыш кеміректеу.  
Ұзындыққа сай болсын ендіректеу.  
«Өлсен, көрің кең болсын!» - деген қайда,  
Қүргің сал сәлірек кеніректеу.

Топырағын бір жола таста әртін  
Әйтім тасып тұрады келіп әр күн.  
Осы тас-топырақтан дым қалмайды,  
Бір-бірлеп алып кетед келуші әркім.

Сәулесі бар рауан күн мен айдын,  
Үстемелеп тұратын сағат сайын.  
Тірі пенде шеше алмас қасиетін,  
Мұның сырын біледі бір құдайым.

Бір жұма құлақтанып ел түнілген,  
Кезінде тізе талып, бел бүгілген,  
Тоқымдай беті тегіс көк тас шықты  
Қабірдың қазып барған жер түбінен.

Базархан тұрғанда ойлап мынау тегі  
«Балғамен соққыласам сынар ма еді,  
Көрді де Мәшһүр көзі кетті жайнап;  
- Сындырмай сыртқа мұны шығар! - деді.

– Ауыр ғой, екі бөліп жарылмаса,  
Біреуге шығарыс деп жалынбаса,  
Бір адамның қолынан келе қоймас,  
Арқан сап бес-атты адам жабылмаса.

Қажмұқан түсті ойына ана бір жыл,  
Баянда күшін көріп, жазып ед жыр.  
Көтеріп бір дәу тасты ескерткіш деп,  
Субекке әкеп берген, әлі де тұр.

Төс қойып кеудесіне темір түйген,  
Мойнына рельс сап басын иген.  
Үстіне тақтай қойып ат шаптырған,  
Адамның арыстаны құдай сүйген.

Алланың бұл жаратқан шеберлігі,  
Пәнданың мойнында гой нелер жүгі.  
Ақыл, айла, күш, қайрат болмағанда,  
Жалғаның киындығын женер ме еді?

– Құдай берген бұл байлық бізге тегін  
Тимей-ақ қой, Базархан, енді шегін  
Тұс-тұсынан арқан сап аласындар,  
Осы тас ед менің де іздегенім.

Білетін аса жетік істің жайын,  
Алдырды шеберлерді апта сайын.  
Жасатып жым қақпақты он бес күнде -  
Саркофак қабір бесік болды дайын.

Темірден артық ағаш шегелері,  
Дегенге көрмеген жан сенер ме еді.  
Алдырды Олжабек пен Сәрсенбайды,  
Ағаштан түйін түйген шеберлерді.

Жаз бойы балшық илең, кірпіш құйып,  
Тауынан «Аққарағай» ағаш қып,  
Атқаратын ен ауыр жұмыстарды,  
Таңдамалы жігітті алды жиып.

Өтсе дағы дүние итжығыста,  
Бөгде жанды жолатпай бұл жұмысқа,  
Екі бөлме тақтайлы үй салып шықты,  
Есіктерін қаратаң күншығысқа.

Қабыр төргі бөлмеде, сәл жоғары,  
Есік жақта орын бар дәл жобалы.  
Тұр кара лак гарнизді, шынылы шкаф,  
Құран, кітап, лық толған қағаздары.

Ауыз үйде төсөніш, керек-жарапқ,  
Мұқтажына мейманың кетер жарап.  
Ыңғыс-аяқ, жез-құман, пышақ, балта,  
Үккіш, шоқпар, сыпырғыш, күрек, қалақ.

Өз көзімен қойғызды түгелдерлік,  
Тамақ істеп жолаушы ішіп жерлік.  
Біреу Мәшһүр – «Диуана, жынды» - десе,  
Біреу дейді: «Жомарттық, нағыз ерлік!»

Қыстай тұрды құлышсыз бәрі дайын,  
Әткен-кеткен таң қалып көрген сайын.  
Ісмерлердің хақысын түгел төлеп,  
Риза қып көңілді, тапты жайын.

Жазы шықты жадырап отыз бірдің,  
Жуылатын кезі бол нағыз кірдің.  
Қайтсем бойдан сейілет дей береді,  
Зеріктірген қыстайғы жатыс, кірбің.

Нығманды алдырды құсыменен,  
Баяғы өткен жолдастық тұсыменен.  
Басшілікте Сқаққа барып жатты  
Салтанатты сыйластық ісіменен.

Өзі ғалым, философ, ол - дәрігер,  
Үлкен абыз батагей, әрі балгер.  
Мәшһүр келіп жатыр деп сәлем беріп,  
Шақырысып үш ауыл болды әбігер.

Кұдагыны Қалима хабар беріп: 7 іштет қалып  
Келінім түр – Қадиша – деді келіп. 8 ішкің  
Қырқынан да шыққан жок, тым аурушаң 9 ғұз  
Нәрестесін берсе деп атам көріп. 10 ғашауды

Кұлағына бұл сөздер жылы тиіп, 11 ғашауды  
Құндағымен баланы ап құдай иіп: 12 ғашауды  
«Баласы-дендер, - молла атасының!» 13 ғашауды  
Деп бауын ішігінің берді қызып. 14 ғашауды

- Менде емес, шырағым, құдайда ерік, 15 ғашауды  
Балак бауы мінекей, болсын берік - 16 ғашауды  
Деп Солтанбай шикі өкпе – перзентіне 17 ғашауды  
Лепес қылып кеткен ед бата беріп. 18 ғашауды

Бір жұмадай ой бөліп, аунап – қунап, 19 ғашауды  
Қаршығаны сөз қылып қаққан тулак. 20 ғашауды  
Ақан сері көңіліне оралады 21 ғашауды  
«Көк жендетке» ән жазған шумақ-шумақ. 22 ғашауды

Керіп қайтты Шорабай дала тұсын. 23 ғашауды  
Дұға жасап басына анасының. 24 ғашауды  
Сол күні әкесіне зират етті, 25 ғашауды  
Шетінде жатқан Баян қаласының. 26 ғашауды

Өзгеріс жок кешеде аса мықты, 27 ғашауды  
Жөндеп жатқан мекеме қаталықты 28 ғашауды  
Мешіт, шіркеу жабық түр шегелеулі, 29 ғашауды  
Медіресе-ШКМ аталаипты. 30 ғашауды

Сағынайдың үйіне қонды барып. 31 ғашауды  
Ыстық темір жаста да қолды қарып, 32 ғашауды  
Үшқындаған қызыл шоқ ортасында, 33 ғашауды  
Әңгімеге Мәшекен қалды жарап. 34 ғашауды

- Құтты болсын, Мәшеке, салған үйін, 35 ғашауды  
Ой жіберген адамға болды түйін. 36 ғашауды  
Өлім үшін асығып керегі не? 37 ғашауды  
Үкіметтің көре бер келер күйін 38 ғашауды

Дәуіт нәби ұстағой құшті аса 39 ғашауды  
Софатығын балғасын баса-баса. 40 ғашауды  
Сенде ұстасың қәртайтпай, қалжыратпай 41 ғашауды  
Сұрап ал да Құдайдан, қайта жаса. 42 ғашауды

- А-а, Құдай, сақтай көр – деп құлді қатты, 43 ғашауды  
Мына сөзің жаныма қаты батты. 44 ғашауды  
Құнәға жаза көрме, о, жасаған 45 ғашауды  
Басы жұмыр пәнданы, адамзатты . 46 ғашауды

- Осымен де төгілді үлкен күнан, 47 ғашауды  
Откен – анық, алдағы-бәрі күмән. 48 ғашауды  
Өзіме арнап ас берем құдай жазса, 49 ғашауды  
Хабарлас боп келіндер қалмай мұнан. 50 ғашауды

Хабарла, ниеттестің бәріне айтып, 51 ғашауды  
Үкіметтен корыккандар шығар тайқып. 52 ғашауды  
Мен ешқайда соқпаймын, - деді дағы 53 ғашауды  
Баяннан Ескелдіге кетті қайтып. 54 ғашауды

Күнін байладап дос-жаран жиып бәрін, 55 ғашауды  
«Құран бағыштандар»-деп етті мәлім. 56 ғашауды  
- Үш молданың бірі - Әбен Қожагелді 57 ғашауды  
Біле тұғын құранның жете мәнін. 58 ғашауды

Бірі - алғыр Дорбаштың Ыбырайы, 59 ғашауды  
Ойы-қырын бәрі бір күн райы, 60 ғашауды  
Бірі - хожа Фазали ойы терен - 61 ғашауды  
Бес саусақтай бұларға хатым жайы. 62 ғашауды

Хабарланңдар ертерек мойнына артып  
Шығам десе болмайды құран артық  
Көзім тірі демендер рухыма  
Дүға қыла беріндер қылмай тартық

Бір ай бойы камданды жинақталып,  
Ширақ келіп хабарлап, ширак барып.  
Тасқа басқан таңбадай әріптері,  
Қол дірілдеп кетеді шимақталып.

Кейде сайрап отырып, кейде ауырып,  
Қалайда да бар бойда бір ауырлық.  
Бірі - Мәшһүр ауру деп, бірі өлді – деп,  
Бірі өтірік - деп шықты - көп дауырық.

Сөйтіп жүріп айтқан күн болып қалды.  
Бір күн бұрын жек – жаттар келіп алды,  
Үйін тігіп, жерошақ казан асып,  
Алып келген батасы сойды малды.

Ертеңіне ертемен үй тіккендер,  
Абыр – сабыр, қарбалас, түтік, кемдер  
Үлгерді, қымыздан соң бағышталар,  
Құран хатым дұғаға біріккендер.

Еттен кейін ел гулеп ағыстады,  
Бірдің аузын біреуі бағыстады.  
Құлмағанбет қария бата жасап,  
Ыбырай хатым құран бағыштады.

Өлік жоқ, Мәшһүр отыр құліп-ойнап,  
Жалғанның опасызын біліп, ойлап.  
Айтқан ед қымыз құя бастаганнан,  
Мақсатын – «жетпіс үшті» алмақ тойлап.



Халық шебері  
Құлмағанбет

- Емес қой қашан болсын ажал коймақ,  
Бір – бірлеп бар адамның басын жоймак.  
Сендерге бұл бергенім – дәм садакам,  
Әсте жок бұл жалғанға мәнгі тоймак.

Сендердің басын, қосып кешу алып,  
Бар болсағайбат айтқан құлақ шалып,  
Көріспі, қоштасайын деп шақырдым,  
Түскенше ажал – құрық жеке қалып.

Деп Мәшһүр қысқа сөйлеп еткен баян:  
«Сарыарқа, сайрандасам сениң саян.  
Жетпіс үшке кеп тұрмын, 74 жок,  
Желіс қайда, бізге енді болмас та аян».

Біреу – күліп, біреулер жасын сыйқан,  
Біреу – үстірт түсінбей, біреу – үккан.  
Куаныш пен күйініш арасында,  
Мәшһүр жаны шымырлап сырға бүккән.

- Дүниеде кім қалады, өтпей көшіп  
Құтылмайсың уақыттан жүрген тосып.  
Солардың біз қалған бір жұрағаты,  
Көпесев – фамилиясы, Мәшһүр Жұсіп.

Деп ақын шолып өтті өмір жайын.  
Қарық боп, жиылған жүрт ішті шәйін.  
Біреуден біреу асып құлық айтып,  
Желпініс арта түсті құлғен сайын.

Көнілді нұр төгіліп алтын арай,  
Шәй ішілді біреуге біреу қарай.  
Бұра сөйлеп деп қалды Мәшһүр Жұсіп,  
«Зейнеп қалқам жоктар ең мені қалай?»

Таңдамалы  
I т.144 б.

- Аспанда ұшып жүрген көк лашын,  
Көк лашын жаяды кең құлашын.  
Атамды алған Құдайдың келіндері  
Мендей болып зар илеп көп жыласын.

Өлсөн де елдің, Әтиім, сыйындасын,  
Ақсақалдың ақылшы миындасын.  
Өзінді алған Құдайдың о да біздей,  
Ұл – қызының көз жасы тыйылмасын.

- Тек, бәлекет, - деп қалды ести сала.  
Жоқтау емес айтқаның арыз – нала.  
Құдайда ұл – қыз болмайды, келін бала,  
Дегендерің, қой, қалқам, нақты жала.

Дегенде біреу қорқып, біреу құлді.  
Айтқаны әзіл екенін көбі білді.  
Қакпа құлақ сөзуар келіншектер,  
Қағып алып сырға қып құлаққа ілді.

Фазали ұзақ уақыт дүға қылды,  
Салауатұл махпулды оқып нұрлы.  
Ата – баба, Әулие – әнбиелер  
Пайғамбар мен төртшәрге көніл бұрды.

Гуілдесіп мәз болды ел, күрт жарасып,  
Faфу-рахым айтысып жұрт тарасып.  
Мәшіһүр көнілі болды Есіл, Еділ, Жайық –  
Анаған да, мынаған жур жаны ашып.

Жиып – түйіп, жиналып кетті тарап,  
Қала берді томсарып Мәшіһүр қарап.  
Ел орынға отырмай дауыс шықты  
Даладан: «келе жатыр! машиналап».

Сескеніп ГПУ ма деп қауіптенді.  
«Ойпырым – ай, ести сала шауып келді!?!»  
«Әкетпек боп жүр ғой бұл із сұытпай»,  
Бас бұзар елден ерек тауып ерді.

Құдайдың көреміз де не салғанын,  
...Үкімет құтқармайды көз шалғанын.  
«Өздерінен көрсін де, менен көрмей  
Құдайы садақадан кеш қалғанын»

«Ағады күндіз – түні көзден жасым  
Түйіліп тамағымнан ішкен асым  
Қажеті аз тіршіліктің өз басыма  
Kicіге керек қылған мінс басым.

Көре алмай жарық сөule танды көзім,  
Қартайдым қараңғылық тұмандада өзім.  
Өткен күн, жасаған жас бар, аман бол,  
Артымда бес – алты ауыз қалсын сөзім.

Деп ойлап отырганда машина кеп,  
Токтады, «Мәшіһүр үйі осы ма?» - деп.  
- Ассалаумагалейкүм, Мәшіһүр аға,  
Сізбен көріспегелі болды ғой көп.

- Бұйра шаш, үйге тірсу бұ қай бала?  
Шырағым, әркез болсын құдай пана!  
- Мен-Қаныш Имантайдың баласымын,  
Бас иген ақылына танбай, аға.

- О, тәуба, Қанышпсының, айналайын,  
Есен - сау жүремісін, қайда жайың?  
- Фылым қу! – деп Сіз лепес қылғаннан соң,  
Кен зерттеуші боп кеткем, «Жезді» – жайым.

I т. 70 б.

Таңдамалы  
I т. 70 б.

Қолына алып, қуанып құшақтасты.  
- Боласың – деп – бүгінгі қонақ басты.  
Тілімді алып, бәйгеге басың тігіп,  
Табындырың сырласып қара тасты.

- Мәшага, сезің бөлем, асығыспын.  
Тым қауырт әбігері жасыл мыстың,  
«Ортақ қазан» от басын жудетіпті.  
Тұнделетіп әкетем, жаңа тұстім.

Естіп келдім бар жайды, біліп тұрмын.  
Сізге мәлім жатқаны кетіп сұрдың.  
Қабыл болсын, жүремін, кешірініз.  
Көрдім, білдім деменіз, шыны сырдын.

Бұкті дағы дізесін кете барды,  
Қандай жақсы азамат жетелі, арлы.  
Риза боп Мәшекен, шын қуанып,  
Қайран қалды көргендей қара нарды.

Қаныштың кетпеді ойдан болашағы.  
Қазанбас, болжыраған бала шағы.  
Тұн қатып туыстарын жиып алған,  
Жалғаннан бітпесін деп алашағы.

Айтылмай жасырын сыр кетті іште.  
Қанышты кудалаған кекті іс те.  
Ақ көйлек, ақ дамбалмен тау басында  
Көретін болды ылғи түнде түсте.

Үйкynың көбі жалған, шала жансар,  
Көбінесе қымызға ауады аңсар.  
Ішкен асы татымай таңдайына,  
Жас баладай кей - кейде аузын тамсар.

Қағаз жазу азайды өлеңдетіп,  
Баяндайтын тарихты көлемді етіп.  
Қарамайды әйелге алтындаған,  
Өткізсен де алдынан көлеңдетіп.

Жұру қалды зауқы жоқ, көбі жату,  
Көрілікпен бола алмай тұбі тату.  
Кейде отырып зерігіп қалам алса,  
Көрінгенде сөз қылып бытып – шату.

Ел ішінде әңгіме болып тосын,  
Мәшһүр асы сөйленді қайда босын.  
Бала күннен бірге ойнап, тату өскен,  
Сағынады Жақия қайран досын.

Сезінеді жүргіндей ажал торып,  
«Жұсіп үш» деп өзіне ғажап жорып.  
Шәрафи мен Зейнепке өзілдейді,  
Жарайсындар ажалдан алсан қорып.

Біреу: - ауру, біреілер: - сайрап жүр – деп,  
Шығатынын кім білсін қайдан дүрмек.  
Ұнатпайтын адамдар не демейді,  
«Күрішке» - деген суды ішкен күрмек.

- Еріккен екен Мәшһүр өлмеген соң,  
Оңаша жатып, елді көрмеген соң.  
Тірісінде ас беріп, бата оқытып,  
Не істейді ел, ертен өліп жерлеген соң?

- Жетеді соған сенің қалай арың.  
Біз емес, Мәшһүр Жұсіп - жеке дарын.  
Біліп тұр замананың ауырлығын,  
Болжап тұр бір қындық алда барын..

Жаз өтті, ақырында таяды күз.

- Ағайын не айтад деп күтері сіз -  
Дегенге жауап берді: «Аман бол!» - деп  
- Шәрафи, енді менен күдерінді үз.

Қарады «жұма рой» - деп көз сүзіліп,

- Аруактар өтіп жатыр көп тізіліп...

Ауырлау екі - үш рет күрсінді де

Иманын айтып жатып, кетті үзіліп.

Мыңнан бір айталмасам өмір күйін,

Оқырман өзің зертте берер сыйын!

Дұға кыл рухына Мәшекенің,

Жасайын мен де осымен сөзге түйін.

09.02.04 ж. 11с 45 мин

З. Солтанбаев

### III дәйек



### III - Дәйек

Мәшебнің көңілінде жүрген сесі –  
Мұхаммед – Пазыл еді ең кенжесі.  
Бір тоға қайда жүрсе дыбысы жоқ,  
Белгісіз жұмысының ерте - кеші.

Білмейді асып – сасып абыржуды.  
Көңіліне түскен дақты сабыр жуды.  
Ойнаған от – жалындай Нұрила апа,  
Куан, Шеген, Қажыман соңынан туды.

Қызы – Кенже саулаған тау суындаі,  
Сабак берсе саңқылдар дауысы кудай.  
Жолын қуған әкенің қадірлі ұстаз –  
Жаны сүйген тарихты нау, сыры бай.

Професор Куандық данқы дардай  
Бәрі – ғалым, ұлдары: Ертай, Нартай.  
Шөбересі Мәшінурдің Гүлназ, Әсет  
Қалам тартқан бірінен бірі қалмай.

Халал жолда қазаққа қақкан дабыл,  
Айта берсем Мәшінүр деп таптай дамыл.  
Енбек еткен елім деп үршағының  
Тілектерін халқына стсін қабыл.

Зекебай Солтанбайұлы  
Дүйсенбі – (09.02.04.) күні  
23 - 45 минутта жазып бітірдім.  
Алла қабыл қылсын!



Қуандық Пазылұлы  
жанұясымен



М.Ж. Қопеев  
мұражайының  
директоры Қажыман  
Пазылұлы



Пазылов Әсет  
Қажыманұлы

## **Мазмұны**

1. Самғау .....	7
2. Зорлық .....	45
3. Қорлық .....	79
4. Құйын .....	117
5. Қын .....	149
6. Түйін .....	183
7. III дәйек .....	223

**Зекебай Солтанбайұлы  
Көпееев**

**Редактор-продюсер: Женіс Мананбаев.**

**Суретші дизайнерлері: Ақертіс Солтанбаев,  
Ырысбек Жұмателді.**

**Корректор: Қарманова Жанат Мұгамедқалиқызы.**

“ЭКО” ФОФ-ке теруге, 29.06.2005 ж. басуға кол қойылды.  
Көлемі 60x84  $\frac{1}{16}$ . Каріп түрі Kz Times New Roman. Оффсеттік басылым.  
Шартты баспа табагы 8,2. Есептік баспа табагы 13.  
Таралымы 1000 дана.

Қазақстан Республикасы  
140000, Павлодар қаласы, 29 Ноябрь көшесі, 2  
Тел. (3182) 32-16-08